2. Аппаратура мен реактивтер: дәлдік классы 4, ең үлкен өлшеу шегі 500 г болатын ГОСТ 24104 бойынша зертханалық таразы; ГОСТ 6563 бойынша платинадан жасалынған жайпақ түпті ыдыс; ГОСТ 9147 бойынша фарфордан жасалынған тигель; зертханалық электр пеші; тигельдік қысқыш; ГОСТ 25336 бойынша эксикатор; газ жанарғысы; ГОСТ 4204 бойынша тығыздығы 1,84 г/см³ болатын күкірт қышқылы.

3. Сынақ жүргізу. Массасы 20 г болатын қант сынамасын $\pm 0,05$ г қателікпен өлшейді. Алдын-ала қыздырылған, эксикаторда суытылған және өлшенген фарфор тигельге немесе платинадан жасалған ыдысқа қантты орналастырып, оны 0,5-тен 1,0 см³ – қа дейін күкірт қышқылымен ылғалдандыра отырып, газ жанарғысына баяу қыздырамыз. 10 г қантқа барлығы 2,0-2,5 см³ күкірт қышқылы қажет.

Тигельді немесе ыдысты температурасы (550 ± 25) °C болатын электр пешіне орналастырамыз (қызыл шиіе түстес қыздыру) және ақ-сұр күл пайда болғанға дейін қыздырамыз. Қыздырудан кейін тигельді эксикаторда суытады. Тигельді алдын-ала қапақпен жабады. Суытылған тигельге күкірт қышқылының бірнеше тамшысын тамызып, оны (800 ± 30) °C температурада тағы да қыздырады (ақ қыздыру). Күл ақ-қызғылт немесе ашық сары түстес болуы керек және қара бөлшектері болмауы керек.

Тигельді немесе ыдысты эксикаторда суытып, $\pm 0,005$ г қателікпен өлшейді. Бір уақытта ГОСТ 12570-98 бойынша ылғадың массалық үлесін анықтау жүргізіледі.

4. Нәтижелерді өңдеу. Күлдің массалық үлесін Z , % келесі формула бойынша есептейді:

$$Z = \frac{0,9 \cdot m \cdot 100}{m_1(100-W)} \cdot 100, \quad (4)$$

мұндағы 0,9 – күкірт қышқылды күлді көмірқышқылды күлге қайта есептеу коэффициенті; m – күлдің массасы, г; m_1 – қант навескасының массасы, г; $\frac{100}{100-W}$ – 100% құрғақ затқа қайта есептеу коэффициенті; W – қанттағы ылғалдың массалық үлесі, %.

Сынаудың соңғы нәтижесі ретінде екі параллель сынау нәтижелерінің орта арифметикалық мәнін алады. Олардың арасындағы рұқсат етілген айырмашылық 0,007%-дан аспауы керек. Егер айырмашылық бұл мәннен асып кетсе, онда сынауды қайта жүргізеді [5].

Сульфаттық әдіс арқылы жүргізілген сынақ нәтижелерінде алынған күлдің массалық үлесінің мәндері 2-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Сынақ нәтижелерінде алынған күлдің массалық үлесінің мәндері

№	m_1 , г	m , г	W , %	Z , %
1	20,013	0,0080	0,121	0,036
2	19,975	0,0068	0,113	0,031
3	20,035	0,0073	0,123	0,033
4	20,021	0,0084	0,135	0,038
5	20,044	0,0089	0,135	0,040

Фотометрикалық әдіс арқылы қанттың түстілігін анықтау.

Қанттың түстілігін ГОСТ 12572-93 «Қант және қант-рафинад. Түстілікті анықтау әдістері» стандарты бойынша анықтайды. Қанттың түстілігін анықтаудың екі әдісі бар: фотометрикалық (арбитраждық) және колориметрлік.

Колориметрлік әдіс зерттелетін қант ерітіндісінің жарықжұтқыштығы салыстыру шынысының жарықжұтқыштығымен сәйкес келестін бағана биіктігін орнатуға негізделген. Бұл әдіс арқылы сынақ жүргізу тәртібі төмендегідей.

1. Сынамаларды іріктеу ГОСТ 12569 бойынша жүргізіледі.

2. Аппаратура мен материалдар: рефрактометр; КСМ колориметрі; ГОСТ 25336 бойынша колба; дәлдік классы 3, ең үлкен өлшеу шегі 1 кг болатын ГОСТ 24104 бойынша зертханалық таразы; ГОСТ 6709 бойынша дистилденген су; құйғыш; зертханалық фильтрлеуші қағаз; өлшеу шегі 0-100 °C, бірлік құны 1°C болатын сұйық шыны термометр.

3. Сынақ жүргізу. 200 г қантты $\pm 0,1$ г қателікпен өлшеп, колбаға орналастырады және температурасы 90°C-ден аспайтын 215 см³ дистилденген суда ерітеді, құйғыш арқылы қағаз филтреден өткізеді.

Филтрленген және (20 ± 1) °C температураға дейін суытылған ерітіндегі құрғақ заттардың массалық үлесін рефрактометр арқылы анықтайды. Анықтамалық кесте көмегімен құрғақ заттардың массалық үлесіне тәуелді ерітіндідегі құрғақ заттардың массалық үлесінің оның тығыздығына көбейтіндісінің мәнін табады.

Дайындалған қант ерітіндісін колориметр кюветасына құйып, көру жазықтықтарын теңестіреді және колориметр шкаласы бойынша бөлік санын санайды. Өлшеуді бес рет жүргізеді.

4. Нәтижелерді өңдеу. Түстілікті шартты бірлікте келесі формула бойынша есептейді:

а) жартылай қалыпты шыныны қолдану кезінде:

$$Ц = \frac{100 \cdot 100 \cdot K}{2M \cdot K_3 \cdot r}; \quad (5)$$

ә) ширек қалыпты шыныны қолдану кезінде:

$$\zeta = \frac{100 \cdot 100 \cdot K}{4M \cdot \kappa_3 \cdot \rho}, \quad (6)$$

мұндағы κ_3 – ерітіндідегі құрғақ заттардың массалық үлесі, %; M – колориметрдің шкаласы арқылы саналған бөлік саны (бес өлшеудің орта арифметикалық мәні); ρ – қант ерітіндісінің тығыздығы, г/см³; K – колориметрлік шынының түзету коэффициенті.

Сынаудың соңғы нәтижесі ретінде екі параллель сынау нәтижелерінің орта арифметикалық мәнін алады. Олардың арасындағы рұқсат етілген айырмашылық 10%-дан аспауы керек.

«Көксу қант зауыты» ЖШС химиялық зертханасында қанттың түстілігін анықтау үшін фотометрикалық әдіс қолданылады. Фотометрикалық әдіс зерттелетін қант ерітіндісінің оптикалық тығыздығын өлшеуге негізделген. Бұл әдіс арқылы сынақ жүргізу тәртібі төмендегідей.

1. Сынамаларды іріктеу ГОСТ 12569 бойынша жүргізіледі.

2. Аппаратура мен материалдар: дәлдік классы 3, ең үлкен өлшеу шегі 1 кг болатын ГОСТ 24104 бойынша зертханалық таразы; (420±5) нм толқын ұзындығын ерекшелей алатын фотометрлік прибор; ұзындығы 3 см-ден кем болмайтын фотометрлік кюветалар; торларының өлшемі 0,45 мкм болатын мембраналық немесе шыны сүзгіш; өлшеу шегі 0-100 °С, бірлік құны 1°С болатын сұйық шыны термометр; сулы жылытқыш; термостат; құрғақ заттарды анықтауға арналған рефрактометр; ГОСТ 25336 бойынша құйғыш; ГОСТ 25336 бойынша колба; ГОСТ 6709 бойынша дистилденген су; ГОСТ 1770 бойынша цилиндр; рН-метр.

ГОСТ 4328 бойынша натрий гидроксиді, мольдік концентрациясы 0,1 моль/дм³ болатын натрий гидроксиді ерітіндісін келесі тәсілмен дайындайды: массасы 4,0 г болатын натрий гидроксидін (NaOH) сыйымдылығы 1000 см³ болатын колбада дистилденген сумен ерітіді.

ГОСТ 3118 бойынша тұз қышқылы, мольдік концентрациясы 0,1 моль/дм³ болатын тұз қышқылы ерітіндісін келесі тәсілмен дайындайды: тығыздығы 1,19 г/см³ болатын 8,2 см³ тұз қышқылын (HCl) сыйымдылығы 1000 см³ болатын колбада дистилденген сумен сұйылтады.

3. Сынауға дайындық. Өлшеу алдында прибордың нөлдік мәнін тексереді.

4. Сынақ жүргізу. 100 г қантты ±0,1 г қателікпен өлшеп, сыйымдылығы 250 см³ болатын колбаға орналастырады. Колбаға 100 см³ дистилденген суды құйып, қантты колбаны шайқау арқылы ерітеді. Дистилденген судың сутектік көрсеткіші 7,0±0,2 болуы керек. Қажет болған жағдайда, судың рН шамасын натрий гидроксиді немесе тұз қышқылы арқылы орнатады.

Қанттың тез еруі үшін колбаны температурасы 50°С шамасында болатын сулы жылытқышқа орналастырады. Еріту уақыты 30 минуттан аспауы қажет. Колбаны термостатқа орналастырып, ерітіндіні 20°С температураға дейін суытады және шыны сүзгіш арқылы фильтрлейді.

Фильтрленген ерітіндідегі құрғақ заттардың массалық үлесін рефрактометр бойынша анықтайды. Өлшеу алдында кюветаны үш рет зерттелетін ерітіндімен шаяды, одан кейін ерітіндіні кюветаға құйып фотометр арқылы оның оптикалық тығыздығын анықтайды. Өлшеуді үш рет жүргізеді.

5. Нәтижелерді өңдеу. Қанттың түстілігін келесі формула бойынша анықтайды:

$$\zeta = \frac{D_{420} \cdot 100 \cdot 1000}{\kappa_3 \cdot \rho \cdot l}, \quad (7)$$

мұндағы D_{420} – прибормен өлшенген қант ерітіндісінің оптикалық тығыздығы; κ_3 – ерітіндідегі құрғақ заттардың массалық үлесі, %; ρ – қант ерітіндісінің тығыздығы, г/см³; l – кювета ұзындығы, см.

«Көксу қант зауыты» ЖШС химиялық зертханасында КФК-3 фотоэлектрлік фотометрі қолданылады. Фотоэлектрлік фотометр көмегімен қанттың түстілігін есептеу формуласын қолданбай-ақ, оның шамасын прибордың таблосына шығару арқылы анықтауға болады. Ол үшін қант ерітіндісінің оптикалық тығыздығын өлшегеннен кейін, прибордың ЭЕМ-на факторизация коэффициентін енгізеді. Факторизация коэффициентін қант ерітіндісіндегі құрғақ заттардың массалық үлесіне байланысты ГОСТ 12572-93 стандартында көрсетілген кестеден анықтайды [6]. Прибор таблосындағы көрсеткіш оптикалық тығыздық бірлігіндегі зерттелетін қанттың түстілігінің шамасы болып табылады. 1 оптикалық тығыздық бірлігі = 1 ICUMSA бірлігі (Қант анализі әдістерін бірегейлендіру бойынша халықаралық комиссия) [7].

«Көксу қант зауыты» ЖШС химиялық зертханасында келесі сынақтар жүргізілді:

1. ГОСТ 12576-89 «Қант. Сыртқы түрін, иісін, ерітіндінің дәмі мен тазалығын анықтау әдістері» стандарты бойынша қанттың органолептикалық көрсеткіштерін анықтау;
2. ГОСТ 12570-98 «Қант. Ылғал мен құрғақ зат мөлшерін анықтау әдістері» стандарты бойынша қант құрамындағы ылғал мен құрғақ заттардың мөлшерін анықтау;
3. ГОСТ 12574-93 «Қант және қант-рафинад. Күлді анықтау әдістері» стандарты бойынша қант күлін сульфаттық әдіс арқылы анықтау;
4. ГОСТ 12572-93 «Қант және қант-рафинад. Түстілікті анықтау әдістері» стандарты бойынша қанттың түстілігін фотометрикалық әдіс арқылы анықтау.

Сынау жүргізу кезінде мемлекеттік метрологиялық бақылау мен қадағалауға жататын және уақытылы сенімдеуден өткен өлшеу құралдары, сондай-ақ техникалық шарттарда орнатылған талаптар бойынша дайындалған реактивтер пайдаланылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] ГОСТ 15467-79 «Өнім сапасын басқару. Негізгі түсініктемелер, терминдер мен анықтамалар»
- [2] Бугаенко И.Ф., Штерман С.В. Физико-химические методы анализа и контроля в сахарном производстве – Учебное пособие. - М.: Пищепромиздат. 2006. – 453 с.
- [3] ГОСТ 12576-89 «Қант. Сыртқы түрін, иісін, ерітіндінің дәмі мен тазалығын анықтау әдістері»
- [4] ГОСТ 12570-98 «Қант. Ылғал мен құрғақ зат мөлшерін анықтау әдістері»
- [5] ГОСТ 12574-93 «Қант және қант-рафинад. Күлді анықтау әдістері»
- [6] ГОСТ 12572-93 «Қант және қант-рафинад. Түстілікті анықтау әдістері»
- [7] М.И. Лифиц, учебник «Стандартизация, метрология и сертификация», 7-е изд., перераб. и доп. – М.: Юрайт-Издат, 2007. – 399 с.

Бабашова Д.Е., Ермаханбетова М.Е., Мухаева С.К., Сағат Т.Қ., Ақансерина Т.А.

Определение качественных показателей сахара на примере ТОО «Коксуский сахарный завод»

Резюме. Средние предприятия играют значительную роль в повышении политической, экономической и социальной стабильности в обществе. Для обеспечения эффективной работы средних предприятий и высокого уровня качества продукции и услуг необходимо соответствующее метрологическое обеспечение. Результаты оценки качества продукции в значительной степени зависят от выбранного метода определения значений показателей качества. Неудачно выбранный метод может снизить точность и достоверность оценки качества продукции. В данной статье рассматриваются работы по метрологическому обеспечению отдела Метрологии и химической лаборатории ТОО «Коксуский сахарный завод». В ходе выполнения научно-исследовательской работы были определены физико-химические и органолептические показатели свекловичного сахара в соответствии со стандартом ГОСТ 31361-2008 «Сахар белый. Технические условия».

Ключевые слова: свекловичный сахар, качество продукции, метрологическое обеспечение производства, методы анализа качественных показателей сахара-песка.

Babashova D.E., Ermahanbetova M.E., Mukhayeva S.K., Sagat T.K., Akhanserina T.A.

The definition of quality characteristics of sugar on the example of LLP «Koksu sugar factory»

Summary. Average enterprises play a significant role in improving political, economic and social stability in society. To ensure the efficient operation of medium-sized enterprises and a high level of quality of products and services, enterprises must have appropriate metrological support. Results of evaluation of the quality of products to a large extent depend on the method of determining the values of quality characteristics. Poorly chosen method can reduce the accuracy and reliability of evaluating the quality of products. This article discusses the work on metrological support of Metrology department and chemical laboratory of LLP «Koksu sugar factory». During the implementation of research work physico-chemical and organoleptic characteristics of beet sugar were determined in accordance with standard GOST 31361-2008 "White sugar. Technical conditions».

Key words: beet sugar, quality of product, metrological support of production, methods of analyzing quality characteristics of sugar.

А.Ж. Джетписбаева, Е.З. Нугман

(Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: ainur_kzha@mail.ru)

БӨЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ЖАЙМА ҚАЛЫПТАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

Аңдатпа. Мақалада жайма қалыптау технологиясының бөлінетін операцияларына айрықша көңіл бөлініп, оларды жүзеге асыру мен пайдалану мүмкіндіктеріне мағыналы мән берілді. Осы операцияларға жайма материалдардың механикалық қасиеттеріне сүйене отырып толық талдау жасалды және олардың негізгілерін іске асыруда атқарылатын іс-әрекеттерге, жабдықтарға, технологиялық үрдістерге және күштік сипаттамаларға зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Түйік сөздер: жайма қалыптау, технологиялық үрдіс, шабу, кесу, тесу, дайындама, ойып алу, деформация ошағы, сотан, ұяқалып, күш, кернеу.

Қысыммен өндеудің негізгі түрлерінің бірі- жайма қалыптау немесе дәлірек айтқанда, жайма дайындамалардан қалыптау орындау. Жайма дайындама металл түрінде, металл емес және композициялы болуы мүмкін. Ол илемдеумен, баспақтаумен және басқада қысыммен өндеу әдістерімен алынады. Оның ерекшелігі басты өлшемдерінің қатынасымен анықталады, яғни қалыңдығы қалған екі өлшемдерінен ұзындығы мен енінен анағұрлым аз болады.


Жайма қалыптаумен алынатын бөлшектердің номенклатурасы әртүрлі және өте көптеп саналады. Оның қатарында жазық және кеңістік бөлшектер, өте ұсақ та (сағат тілі) және өте үлкен (автомобильдердің, ұшақтардың, кемелердің, т.б. тұрықтары) бөлшектер де бар. Бұл бөлшектерді алу үшін әртүрлі қалыңдықтағы (0,01 мм-ден ондаған см-ге дейінгі) жайма дайындамалар талап етіледі.

Дайындаманың массасы мен қалыңдығына байланысты суықтай жайма қалыптау (дайындаманы алдын ала қыздырмай) немесе ыстықтай (соғатын температураға дейін қыздырып алады) қалыптау қолданылады. Суықтай жайма қалыптау дайындаманың қалыңдығы 10-15 мм-ден артық болмаған жағдайда орындалады. Мұның қажеттілігі мен қалаулылығы бірқатар себептермен тұжырымдалады. Олардың ең бастысы жұқа дайындамаларды тұрақты температурада ұстап тұрудың қиындылығында, өйткені жылу өткізу дайындама бетінің ауданының оның массасына тура пропорциялы. Суықтай қалыптау температурасында деформациялануға кедергі шамамен соғу температурасы кезіндегіден едәуір қатарға артық болса да, суықтай жайма қалыптау өнеркәсіпте пайдалануға кеңінен қолдау тауып келеді, себебі нәтижесінде бөлшектердің бет сапасы (отқабыршақтар болмайды) жақсы және олар жоғары дәлдікпен (температуралық деформациялар аз) алынады. [1]

Суықтай қалыптаумен күрделі кеңістік пішіні бар бөлшектер алуға болады, бұл берілген беріктік пен қатаңдықта жеңілдетілген құрылымдар (конструкциялар) жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар кесумен өндеуді қолданбауға немесе шұғыл қысқартуға жағдай жасайды. Бұл металды үнемдеп, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік туғызады. Қазіргі кезде металл, өндеуге байланысты барлық зауыттар айтарлықтай дәрежеде суықтай жайма қалыптау әдісін қолданады және қалыптайтын бөлшектердің пішіндерімен өлшемдерінің ауқымы (диапазоны) өте жоғары. Қалыптау үшін дайындаманы өндеу мен құрастыру операцияларын орындайтын сан алуан қалыптар пайдаланылады. Мұндай қалыптар өндірістің жоғары өнімділігін қамтамасыз етеді (минутына бірнеше жүздеген бөлшектер шығарады).

Суықтай жайма қалыптауды кеңінен қолдану қалыптау үшін арнайы машиналар жасауға себеп болды. Осы әдістің экономикалық тиімділігі өндірістегі технологиялық үрдістерге, деформациялануды үдеріспен басқаруға, қалыптардың жұмыстық элементтерін құрылымдарының ұтымдылығына, механикаландыру мен автоматтандыруға айрықша байланысты.

Жайма қалыптаудың барлық операцияларын екі топқа бөлуге болады: бөліп алатын және түрөзгертетін [2]. Бөлетін операцияларды орындау кезінде соғылу қорын тез арада бітіру және деформациялануда дайындаманың бұзылып-бұрамалануын азайту үшін деформация ошағын барынша жойылтпай, шектен шығармауға әрекет жасалады. Бұл операциялар әдетте дайындаманың қарама-қарсы беттеріне кесетін екі ұштың (аспаптың жүзі) әсер етуімен іске асырылады (1-сурет).



Сурет - 1. Бөлетін операциялар кезінде деформациялану сұлбасы


Кесетін ұштардың арасындағы саңылаудың (Z) нәтижесінде дайындаманың қарама-қарсы беттеріне түсірілген P күші момент тудырып, дайындаманы бұруға әрекет жасайды. Дайындаманың бұрылуынан кесетін ұштарда түйісетін кернеулердің (σ_x) ең жоғарғы мәні болады және түйісетін алаңның шекарасында тез арада 0-ге дейін жетеді [1]. Ығысудың алғашқы сатысында кесетін ұштар дайындамаға еніп, кесетін аспаптың бүйір беттерімен дайындаманың түйісу (жанасу) алаңын тудырады. Дайындаманың аспаптың бүйір беттеріне тірелуі көлденең күштің (T) пайда болуын қалыптастырады (1-сурет). Ол дайындама арқылы кесетін аппараттың жылжуы кезінде бетті тегістейтін қысатын кернеулерді тудырады және кесетін ұштардың арасындағы саңылауды ұлғайтады.

Кесетін ұштарға жақын аспаптың бүйірінде σ_x мәні шамамен $\sigma_x^{max} = 4\sigma_s$ тең, мұндағы σ_s - дайындама материалының аққыштық кернеуі. Жанасатын жердегі ең үлкен мәннен өстік кернеуі (σ_x) сыртқы күштен бос дайындаманың қарсы бетінде 0-ге дейін азаяды (төмендейді). Созылу шартына сүйене отырып ($\sigma_y - \sigma_x = \sigma_s$) дайындаманың аспаптың бүйірімен жанасатын жазықтығына жақын жерде көлденең кернеу (σ_y) теріс (сығатын), ал бос беттерге жақын жерде оң (созатын) болады. [1]

Кесетін ұштар жақындаған сайын металдың созымдылығы бітіп дайындаманың бұзыла бастайтын кезеңі келеді. Кесетін ұштардың маңайында сызаттар пайда бола бастайды (2-сурет). Кесетін ұштардан бір-біріне қарама-қарсы сызаттар кездескен кезде дайындаманың бөлінуі аяқталады. Кесілген бет тегістік алаңы бойынша ерекшеленетін екі бөлімнен тұрады: жылтыр белбеу және кедір бұдыр бет. Сызаттардың пайда болуы мен олардың тік беттен бос бетке ауытқуына P мен T күштерінің сыналған әсері ықпал етеді. Көлденең күш $T=(0,1 \div 0,3)P$ және ол саңылау (z) азайған сайын, дайындаманың бұрылу кедергісі өскен сайын келіп отырады. Сызаттардың кездесу шарты геометриялық тұрғыдағы ұғыну қатынасынан анықталады [3] (2а-сурет).

$$Z=(S-h)tg\beta, \quad (1)$$


мұндағы $\beta=4^0-6^0$ сызаттардың дайындаманың бос беттеріне бұрылу бұрышы.



Сурет - 2. Деформацияланудың бас кезінде қабаттардың майысуы. Сызаттардың пайда болуы мен дамуы: а – қалыпты саңылауда; б – саңылау аз кезінде.


Егер кесетін ұштардың арасындағы саңылау (z) мәні (1) формуламен аңқталатын мәннен кем болса, онда сызаттар параллель болады (2а-сурет). Келесі жүріс кезінде сызаттар арасындағы маңдайша кесіледі де, тек қана бөлу бетінің сапасын төмендетіп қоймай, сондай-ақ кернеулердің шоғырландырушысы болып, табылатын екінші рет кесу белбеуі пайда болады. Ал (1) қатынасымен анықталатын саңылауды ұлғайту екінші рет кесетін белбеудің қалыптасуын болдырмайды, себебі дайындаманы бұруды немесе июді өсіргеннен сызаттар жасайтын бұрышта артып отырады.

Сыналаушы P және T күштерінің әсері, әсіресе кесетін ұштар мұқалған кезде, сызаттардың пайда болуы кесетін аспаптың бүйірінен біршама жоғары орналасуына соқтыруы мүмкін. (3-сурет). Бұл дайындаманың жеке бүйір бөлшектерінде үшкір қабыршақтар қалыптастырады, ал қауіпсіздік техникасы тұрғысында (қолмен беру кезінде кесіп кету) бұл қажет емес. Сондай-ақ бүйір қабыршақтар механикаландырылған беріліс кезінде беріліс дәлдігіне де әсер етеді.




Сурет - 3. Сызаттардың бүйір бетте қабыршақтар қалыптаса отырып пайда болуы

Кесетін ұштардан шығатын сызаттар пайда болғанға дейін дайындамада орын алатын созылмалы деформациялар суықтай қалыптау жағдайларында металдың беріктенуін қалыптастырады. Ең үлкен беріктену бөлінетін беттерге жақын болады және беріктену дәрежесі бөліну бетінен алыстаған сайын азая түседі. 4-суретте деформация ошағының пішіні сұлба түрінде көрсетілген. Созу деформация алаңының ені $\Delta = (0,6 \div 1,2)S$ материалдың қасиеттеріне (металдың созымдық қасиеті өскен сайын арта түседі) саңылауға (z - ұлғайған сайын арта түседі), кесетін ұштардың мүжілу дәрежесіне (мүжілу дамыған сайын ені ұлғая түседі) және деформациялану жылдамдығына (жылдамдық өскен сайын ені азаяды) байланысты.




Сурет - 4. Деформация ошағының пішіні

Бүйір күштерінің T әсері кесіп алу кезінде кесетін ұштардың арасындағы саңылауды ұлғайтуы мүмкін (T күштері бағыттаушылардағы реакциялармен теңестіріледі және пышақтарды серпімді иілімге әкелуі мүмкін). Осыған байланысты бұл жағдайда саңылауды (1) өрнекпен анықтағанға қарағанда аздау алу ұсынылады. Әдетте $z=0,02 \div 0,05$ мм. Кесу күшін азайту мақсатында және кесу бетінің сапасын жақсартуға сәйкес кейбір жағдайда пышақтарға 5-суретте көрсетілгендей айрықша пішін беріледі [1]. Артқы бұрыш $\gamma=1,5 \div 3^\circ$ алдыңғы бұрыш $\beta=3 \div 10^\circ$ (үлкен мәндер жұмсақ металдар үшін).




Сурет - 5. Пышақтың көлденең қимасы

Жоғарыда келтірілгендер деформацияланудың күштік шарттарын талдап үйренуге мүмкіндік береді. Бөлетін операциялардың жолдары бойынша күштердің типтік өзгеру графигі 6-суретте келтірілген. Мұнан деформацияланудың бастапқы сатыларында күштің баяу өсіп (кесетін ұштардың маңайында жергілікті ошақ пайда болумен жаншылу), содан соң тез арада көтерілуін байқаймыз (деформацияның біртұтас ошағының пайда болуымен дайындаманың бір бөлігінің екіншісі арқылы жылжуының басталуы). Саңылаудың ұтымды мәнінен аз кезінде (сызаттар кездеспегенде және екінші рет кесу белдеуі пайда болғанда) күш жұлқына сатылап төмендеп, сызаттар арасындағы қалған мойыншаларды кесуді қамтамасыз етеді. Бұл кезде ең үлкен күш баяу ғана белгісіз өседі, бірақ деформациялау жұмысы айтарлықтай артады, сонымен қатар сызаттар арасында мойыншалардың сыналаныпқалу нәтижесінде кернеу анағұрлым кесетін аспаптың бүйір беттерінде өседі де, оның мүжілуін жоғарылатады. Деформациялау күшінің ығысу кездегі ұлғаюының негізгі себебі – ығысуға кедергі көрсететін қиманың ауданы азайып, оның деформациялану үдерісінде металдың беріктенуі болып табылады.




Сурет - 6. Бөлетін операциялардың жолдары бойынша күштердің типтік өзгеру графигі:
1- созымдылығы аз металл; 2,3- созымды металл.

Кесіп алу, яғни ығысу арқылы тұйықталмаған қарам бойынша жайма дайындаманың бөлігін толық бөліп алу, қайшылармен немесе қалыптармен іске асырылады. Кесіп алу үшін кесетін аспаптың ілгерлемелі немесе айналмалы қозғалатын пышақтары бар қайшылар қолданылады. Қайшымен тұйықталған қарам бойынша дайындама бөлігін бөліп алу операциясын ойып алу деп атайды. Мұны орындай үшін кесетін жүздері айнала қозғалатын (дискілі) және ілгерлемелі қозғалатын (тербелмелі) қайшылар қолданылады (7-сурет). Дискілі пышақтары бар қайшылармен ойған кезде дайындаманың бұрылуын пышақтар арқылы жеңілдетуге қол жеткізу пышақтардың бүйір бетінің конустық пішінімен және пышақтардың кесетін жүздерінің бір-біріне жетпеуімен іске асырылады (7 а-сурет). Тербелмелі қайшылар (7б-сурет) – аз ғана жұмыстық жүрісі (2-3мм) және үлкен жүрістік саны (минутына 1000-2500 жүріс) бар шағын гильотин қайшылары. Тербелмелі қайшылардың жарма бұрышы үйкеліс бұрышынан артық ($\alpha=24-30^\circ$), бұл дайындаманы пышақтарға күштеп беруге мәжбүр етеді. [1]



Сурет - 7. Ойып алу кезіндегі пышақтардың орналасу сұлбасы:
а – дискілі пышақтарда; б – тербелмелі пышақтарда.

Шабу мен тесу операциялары сотан мен ұяқалып арқылы орындалады. Шабумен бөлшектің сыртқы қарамы, ал тесумен тесік алынады. Шабу кезінде материалды пішу, оны таңдап алу үлкен дәрежеде қалыптайтын бөлшектің құрылымына байланысты, сондықтан бөлшек құрылымын әзірлеген кезде мұны ескерту қажет. Бөлшек құрылымының технологиялылығы, жайма мен жолақта оны ұтымды орналастыру, бөлшектер арасындағы мойыншаның ең аз мәні мен басқа бөлшектерге қалыңдықтарды ең жоғары дәрежеде пайдалану шабу кезінде материалдың пайдалану коэффициентін көтеруге ықпал жасайды [2]. Қалыптаудың технологиялық процесін жобалау кезінде материалды аса ұтымды пішуді ескеру қажет. Материалды пайдалану коэффициентін арттырудың басты мақсаты – шығынсыз қалыптауға ұмтылу керек (8-сурет).




Сурет - 8. Магнит өткізгіш тілімшелерін қалыптау үшін жолақты шығынсыз пішуге мысалдар.
Г, П және III түрлеріндегі тілімшелер шабу.

Қазіргі кезде пішуді оңтайлату үшін электрондық есептеу машиналары (ЭЕМ) кеңінен пайдалануда. Бұл жағдайда бөлшектің қарамы оны шектейтін алаңдағы түйін нүктелердің координаттарының жиынтығытүрінде қарастырылады және олар аналитикалық функциялармен өрнектеліп, машина металдың ең аз қалдығын қамтамасыз ететін қарамдардың өзара тиімді орналасу мүмкіндіктерін іздестіреді. Оңтайлы пішу мәселелерін шешу үшін 9-суретте келтірілген типтік сұлбаларды қолдануға болады [1, 2]. Мұндағы a , b және c сұлбаларындағы пішу жергілікті түрде көрсетілген, ал қалғандарына қысқаша түсініктеме бере кетейік.

Қарсы кездесетін пішу (9 г,д- суреттер) қарамдары үшбұрыш ішіне жайғаса алатын бөлшектер үшін қолданыла алады және бір сотан мен ұяқалыпта жолақты 180° -қа бұра отырып, оны екі рет өткізуді талап етеді. Мұнда жолақ осіне бұрышпен әсер ететін ішкі кернеу күшінің нәтижесінде біршама орақ тәрізді түрге айналады (жазықтығын бұзбай иілу).

Аралас пішу (9 е-суретте) кезінде бір жолақтан екі немесе одан да көп бөлшектер алуға болады. Мұнда қосымша бөлшектің қарамы бірінші шабылған бөлшектің қалдығына орналастырылады. Осы пішу әдісін қолдана отырып металды пайдалану коэффициентін анағұрлым арттыруға болады. Бұл әсіресе қосымша бөлшектің қарамы қалдықтың қарамына аудандарының ең аз айырмашылығымен жайғасқанда ерекше байқалады. Бірақ мынаны ескеру керек - үйлестірілген бөлшектер бір ентаңбалы және бірдей қалыңдықтағы материалдан жасалып, бірдей бағдарламамен шығарылуы тиіс.

Мойнақ (далда) шабумен пішу (9 ж-сурет) өлшемдері сотанның қанағаттанарлық бекемділігін қамтамасыз ете алмайтын жағдайлардағы бөлшектерді жасағанда (мысалы кол сағаттардың тілдері) қолданылады. Мұндай пішу кезінде қалыптасатын бөлшекті қамтитын жолақ алаңы шабылады да, бөлшек мойнақта ұяқалып тесігіне ығыспай, ұяқалыптың өзінде қала отырып рәсімделеді. Бұл жағдайда сотан қимасының өлшемдері қалыптасатын бөлшектігіне қарағанда үлкен етіп қабылданады, салдарында, металл қалдығы шарасыз ұлғайса да, сотанның икемділігі жеткілікті түрде жоғары болады.



Сурет - 9. Типтік пішулер: а – тура (тік); б – еңкеу; в – көпқатарлы; г – қарама-қарсы; д – еңкеу қарама-қарсы; е – аралас; ж – мойыншалармен бірге шауып алу.

Шабу мен тесу күші. Параллель ұштармен кесу операциясы (сотанның жұмыстық бүйір беттері мен ұяқалып жазық және параллель) біруақытта барлық периметр бойынша іске асырылады да, деформациялау күші мына формуламен анықталады [1]:

$$P = \delta_k S L k, \quad (2)$$

мұндағы δ_k - кесу кедергі - кесу кедергісі, оның металл және металл емес материалдар үшін мәндері анықталады [3] келтірілген; S – бөлшектің қалыңдығы; L – кесу сызығының ұзындығы; k – дайындама қалыңдығының біркелсіздігін, қасеттерінің біртектілігін, сондай-ақ кесетін ұштардың мүжілуін есепке алатын коэффициент, $k = 1, 1, 2$.

Келтірілген формуладан (2) шабу немесе кесу күшінің шабатын бөлшектің немесе тесетін тесіктің периметріне тура пропорционалдылығын көреміз. Сотан бекемдігінің төмендеуін L/S қатынастарының аз кездерінде байқауға болады, ал оның үлкен мәндерінде берілген жабдық үшін деформациялау күшінің шектелген мәнінен артық болуы орын алады. Периметрдің салыстырмалы ұзындығының (тесетін тесік бойынша) сығатын кернеуге (сотанда пайда болатын) әсерін дөңгелек тесікті тесу жағдайында қарастырсақ, сотанның қимасында қалыптасқан сығу кернеуі δ_c (олардың таралуы біркелкі деп болжап) мына өрнекпен анықталады:

$$\delta_c = \frac{4P}{\pi d^2} = \frac{4\delta_k S \pi d k}{\pi d^2} = \delta_k \frac{4S}{d} k, \quad (3)$$

мұндағы d – тесетін тесіктің диаметрі.

Мұнан сотанның қимасындағы сығатын (қысатын) кернеулер гиперболалық байланыспен тесетін тесіктің диаметрі азайған сайын өсетініне көз жеткізуге болады.

Егер сотан үшін сығатын кернеудің шекті мәнін (шынықтырылған аспадық болаттан жасалған) төменгі көміртекті болаттардың кесу кедергісінен шамамен төрт есе көп деп қабылдасақ, онда (3) формуласынан сотанның жеткілікті бекемдігінде дайындаманың бастапқы қалыңдығынан аспайтын диаметрмен тесік тесуге болатынын тұжырымдаймыз. Осы формуладан тесетін тесіктің ең аз шекті

диаметрі δ_c/δ_k қатынасына байланысты, яғни әртүрлі механикалық қасиеттері бар материалдар үшін әртүрлі болатынына да көз жеткізу қиын емес.

Қорытынды

Заманауи өнеркәсіптер қарқынды және экономикалық тұрғыда жоғары пайдаланушылық сипаттамалары бар сапалы бұйымдар өндіруді қамтамасыз ететін технологиялық үдерістерге ауқымды талаптар қояды. Ол үшін өндіріске ғылыми кең көлемді, аса тиімді және шығынсыз технологиялар енгізу өте қажет. Әсіресе, металл өңдеуде жоғары өнімділік беретін және қор жинақтағыш жаңа технологияларды әзірлеу мен игеру мәселелеріне ерекше мән беріледі. Сондықтан қарастырылып отырған жайма қалыптау технологиясының бөлетін операцияларының өнеркәсіптер мен өндірістерде алатын орны өте зор. Қазіргі кезде суықтай жайма қалыптау технологиясын қолданбайтын зауыттар кемде-кем. Осыған орай, көңіл бөліп отырған технологиялық операцияларды әрі қарай жетілдіре түсу маңызды мәселе, себебі оларды пайдалану мүмкіндіктерінің сан-алуан әдістерін өндіріске енгізу еңбек өнімділігінің де, технологияның ғылыми дамуының да және сапалы бұйымдар алудың да қайнар көздерін ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Е.А. Попов, В.Г. Ковалев, Н.И. Шубин. Технология и автоматизация листовой штамповки. Изд. второе, стереотипное. М.: Изд-во МГТУ им. Н.Э. Баумана, 2003. 480 стр.

[2] М.Е.Зубцов. Листовая штамповка. Учебник для вузов. Л.: Машиностроение, 1980. 432 с.

[3] В.П. Романовский. Справочник по холодной штамповке. Изд. шестое. Л.: Машиностроение, 1979. 520 с.

Жетписбаева А., Нугман Е.З.

Основные принципы разделительных операций технологии листовой штамповки.

Резюме. В статье особое внимание уделено на разделительные операции технологии листовой штамповки, придано большое значение на их выполнения и возможности применения. На основании механических свойств используемых листовых материалов анализированы принципы действия этих операции по некоторым основным из них проведены исследования по применяемым оборудованьям, выполняемым работам, технологическим процессам и силовым характеристикам.

Ключевые слова: листовая штамповка, технологический процесс, резка, вырубка, пробивка, заготовка, отрезка, вырезка, очаг деформации, пуансон, матрица, сила, напряжение.

Zhetpisbaeva A. Nugman E.Z.

Basic principles of separation operations sheet punching technology.

Summary. The article focuses on the separation operations of sheet-stamping technology, attached great importance to their implementation and application possibilities. On the equipment of the mechanical properties of the sheet materials used, the principles of the operation of these operations have been analyzed for some of the main ones, studies have been carried out on the equipment used, work performed, technological processes and power characteristics.

Keywords: sheet stamping, technological process, cutting, punching, punching, blanking, cutting, cutting, deformation center, punch, matrix, force, tension.

ӘОК 655.753 (075)

Ш.К. Сақабекова, З.О. Медетбекова

(Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, sholpansakabekova@mail.ru, zina1977@mail.ru)

ПОЛИГРАФИЯ ӨНДІРІСІНІҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ ТАЛДАУ ЖАСАУ

Аңдатпа. Бұл мақалада полиграфия өндірісінің автоматтандырылған басқару жүйесінің классификациялары және бес деңгейлі автоматтандырылған басқару жүйесі талданды. Сонымен қатар, баспахананың бизнес процесінің басқаруы, тапсырысты рәсімдеу жүйесінің режимдері және өндірістік құжаттарды даярлануы қарастырылған. Тапсырыстың технологиялық маршруты жасалған.

Түйін сөздер: полиграфиялық өндіріс, баспахана, жарнамалық өнім, автоматтандырылған жүйе, технологиялық карта, өндіріс жоспары.

Полиграфия өндірісінің автоматтандырылған басқару жүйесінің классификациясы. Өндірістің автоматтандырылған басқаруы және әр түрлі жүйелерді қолдану деңгейі кәсіпорынның жалпы даму деңгейіне, аймақтағы жағдайдың қаншалықты деңгейде екендігіне байланысты болады.

Автоматтандырылған басқару жүйесін 5 деңгейге бөліп қарастыруға болады:

1 Толықтай «қағаз» түріндегі құжат алмасу және есеп беруге негізделген басқару жүйесі;

2 Аралас «қағаз-компьютер» жүйесі. Мұндай жүйелер сандық өңдеу және қағаз өндіру технологиясын басқаруға негізделген. Мәліметтерді сақтау үшін негізінен MS Excel, кейде MS Access бағдарламалары қолданылады. Мағлұматтарды тасымалдау кезінде почталық немесе құжат алмасу жүйелері қолданылады, мысалы MS Exchange немесе Lotus Notes.

3 Ақпаратты өңдеу немесе сақтау үшін қолданылатын толықтай сандық басқару жүйелері (мысалы MS Excel, MS Project, MS Access Lotus Notes немесе басқа бағдарламалардың біріктірілуі).

4 Мамандандырылмаған жалпыға бірдей компьютерлік жүйеге негізделген біркелкі өндірістік басқару және есептеу жүйесі (мысалы Ахарта/Navision немесе 1С).

5 «Полиграфиялық» басқару және есептеу жүйесіне негізделген мамандандырылған жүйелер (мысалы: Prinance, DISO, HiFlex, A-system, Aplet-Полиграфия, PrintSmith, Адьютант, PrintEffect).

Бірінші типтің басқару жүйесінде барлық басқару және есептеу жұмыстары «қағаз» түрінде болады. Есептеу, сату ісі менеджерінің жұмыс дәптеріне енгізіледі. Технологиялық картаны рәсімдеу үшін арнайы бланк көшірмелері қолданылады. Жабдықтардағы өндіріс ағымын жоспарлау технологиялық операциялардың үлгілері келтірілген арнайы тақташада жүзеге асады. Бухгалтерлік және тасымалдау құжаттары арнайы бланктарда қолмен рәсімделеді. Есептік және аналитикалық ақпараттарды алу үшін алдын ала келтірілген есептеу кестесінің көмегіне жүгінеді. Мұндай басқару әдісі қазіргі таңда тек ескі немесе сұраныс көлемі өте аз кіші кәсіпорындарда ғана қолданылады. Қазіргі сәтте барлық нарық көлемінде бұл басқару әдісімен тек 1% полиграфиялық кәсіпорындар жұмыс жасайды.

Екінші типтің басқару жүйесі «қағаз» және компьютер технологиясына негізделген. Бұл басқару жүйесі орташа көлемде таралған түрі болып саналады. Жалпы нарықтың 45%-дан жоғары полиграфиялық кәсіпорны осы басқару әдісімен жұмыс жасайды. Бір жұмыс түрін атқару үшін әр түрлі кәсіпорындарда осы технологияны қолданғандай басқада технологияларды қолдана алады. Әдетте, тапсырыс бағасын есептеу электронды кесте түрінде жүзеге асады, мысалы MS Excel. Негізінде есептеуді жұмыс дәптерінде де жүзеге асыруға болады. Технологиялық картаны рәсімдеу үшін арнайы бланкілер немесе MS Word және MS Excel бағдарламалар көмегімен де жүзеге асырылады. Жоспарлау жұмысы жоспарлау тақташасында немесе электронды кесте түрінде де жүзеге асады. Мағлұматтарды тасымалдау кезінде MS Exchange, Lotus Notes типтес почталық немесе құжат алмасу жүйелері қоладнылады. Есептік және аналитикалық ақпараттарды алу MS Access, Seagate Cristall Reports арқылы жүзеге асады. Мұндай басқару жүйесі үлкен еңбек шығынын арттырып, мәліметтерді сақтау және камтамассыздандыру деңгейін керісінше төмендетеді.

Үшінші тип – алдыңғы типтің аналогы болып табылады. Тек басты айырмашылығы толықтай «қағаз технологиясынан» бас тартады. 17%-ға жуық кәсіпорын толықтай электронды басқару жүйесін қолданады. Бұл әдіс түрін өздігінен ойлап табылған арнайы қағидаға сүйене отырып жүзеге асырады. Кемшіліктері алдыңғы типте келтірілген қателіктерге жол берілуі болып табылады.

Төртінші тип – кәсіпорын штатында құрылған арнайы бағдарламашылар көмегімен жасалған немесе кәсіпорын атынан тапсырыс арқылы арнайы жасалған тек сол аймақта ғана қолдануға болатын жүйе. Бұл жүйе түрлері аталмыш кәсіпорынның технологиялық және экономикалық жағдайына тікелей тәуелді болады. Соның салдарынан бағдарламаны құрастырушылар алдында үлкен шығынға ұшырауға алып келеді. Бұл бағдарлама жүйесі нарықтың 7%-ын құрайды. Аталмыш басқару жүйесінің басты кемшілігі тек бір реттік қолдануға, яғни тек жүйені қолданушы кәсіпорынның дәл сол сәттегі жағдайына қарастырылып жасалғандықтан, басқа кәсіпорын үшін немесе сол кәсіпорынның болашақта жаңарған түрі үшін мүлдем жарамсыз болып қалуы.

Бесінші тип - полиграфиялық кәсіпорынды басқаруға арналған арнайы мамандандырылған басқару жүйесі. Нарықтағы аталмыш басқару жүйесінің деңгейі 20%-ды құрайды және ол күн сайын артуда. Ресейлік баспаханалардан көрі арнайы мамандандырылған басқару жүйелері Европалық және Солтүстік Америка аймақтарында кеңінен тараған. Аналогтық жүйелерді қолдану Қытай, Индия,

таяу шығыс және Латын Америка елдерінде кеңінен тарап келуде. Келтірілген жүйелер класы негізінен бір тапсырмаға негізделген. Олар тек атқаратын функцияларының артықшылықтарымен ерекшеленеді. Күрделі жүйелер өз кезегінде күрделі құрылымды бағдарламаларды қамтиды, соның ішінде жабдыққа арнайы құрылғыларды байланыстыру, басқа жүйелермен өзара әрекеттесу, мысалы бухгалтерлік, CRM-жүйелері, қаржылық анализ жүйелерімен өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді. Мұндай жүйелерге DISO, A-System, HiFlex, Prinance-ты жатқызуға болады. Бұл ірі және орташа полиграфиялық кәсіпорындарда жұмыс істеуге арналған. Кіші және жедел полиграфиялық кәсіпорындар үшін күрделілігі төменірек басқару жүйелері қолданылады. Ресейлік баспа орталықтары үшін Аджютант, tintEffect, PrintSmith басқару жүйелері кеңінен тараған.

ASystem – бұл полиграфиялық кәсіпорындарды басқаруға арналған үлкен функционалдық негізге ие автоматты басқару жүйесі.

Жүйе кез келген полиграфиялық жабдық түрін қолдана отырып жарнамалық, кітап-журналды, орама, этикетка, сувенир және басқада полиграфиялық өнім түрлерін шығаруға арналған кәсіпорын немесе жекелеген өндіріс орындары үшін құрастырылған.

Негізгі қызметі – негізгі өндірісті жедел басқару, баспахананың бизнес процестерін, өндіріс жұмысының нәтижелерін талдау.

ASystem басқару жүйесі көпшілік полиграфиялық кәсіпорындарда қолданылатын бизнес процесін іске асыруға мүмкіндік береді. Төмендегі суретте жүйенің типтік конфигурациясы көрсетілген.

Жүйе клиент-сервер режимінде жұмыс жасайды және жұмысшылар санына тәуелсіз тұрақты өнімділікті қамтамасыз етеді.

Жұмысшылар орны шектелмейді.

ASystem мүмкіндік береді:

- тапсырыстың өз құны мен нарықтағы құнын есептеуге, өндірістік операцияларды нормативті уақыт көлемінде орындауға, сонымен қатар қағаз және басқа да негізгі шикізат көздерін есептеуге мүмкіндік береді;

- тапсырысты орындау барысының барлық кезеңінде бақылау жасау, клиенттен тапсырыс алу-дан бастап, дайын өнімді жүк көлігіне тиегенге дейін, нарықтағы сатылым жағдайы және клиент арасындағы есептесу әдістеріне дейін;

- жабдықтардың жұмысын жоспарлау және әр кезеңдегі технологиялық үрдістің орындалуын бағалау;


- материалдар мен қағазға қажеттілікті қамтамасыздандыру және өз уақытында дайын болуларын қадағалау;

- тапсырысты дайындау процесін басқару, технологияның өзгеруінің өнімнің өз бағасына әсерін қадағалай отырып технологиялық үрдістер параметрлері мен маршруттарына оперативті түрде түзетулер жүргізу;

- технологиялық маршрут бойынша тапсырыстың өтуінің әр кезеңін және ресурстардың шығынын тіркеп отыру;

- кәсіпорынның коммерциялық және өндірістік нәтижелеріне талдау жасау;

- әр түрлі сыртқы жүйелермен мағлұмат алмасу (мысалы, 1С және басқа бухгалтерлік жүйелер арасында).



1-сурет. ASystem келесі бизнес-функцияларды қолдайды: полиграфиялық тапсырысты есептеу және тіркеу



2-сурет. Жүйе тапсырыс қабылдаудың бірнеше режимдерін қамтиды

Шаблон бойынша: жоғарыдағы суретте көрсетілгендей рәсімдеу тетігі арқылы. Режим көмегімен толтыру/түзету арқылы немесе қарапайым сұрақтарға жауап алу арқылы сату ісі бойынша менеджерінің жұмысына арналған; рәсімдеу мастері көмегімен тапсырысты рәсімдеу үрдісі арнайы полиграфиялық кәсіпорынның технологиясын білуді қажет етпейді, және менеджерлерге қысқа оқу мерзімінен кейін ақ қол жетімді болады.

Үлгі бойынша: жаңа тапсырыс ретінде бұрын жүйеге тіркелген кез келген тапсырыс үлгі ретінде көрсетіледі.

Толық сипаттау: Тапсырысты рәсімдеу «нөлден» басталады; режимін технолог арқылы немесе жоғары деңгейде мамандандырылған менеджерлерге арналған (3-суретте көрсетілген).

Жоғарыда келтірілген тапсырысты рәсімдеу режимдерінің кез келгені технологиялық жұмыстарды, өз бағасын және нарықтық бағасын есептеу, барлық қағаз түрінің шығынын есептеу, бояу және материалдарды, уақыт нормативін есептеуге мүмкіндік береді.

• Технические науки

Кағаз және негізгі материалдар шығыны туралы қоймаға тапсырысты рәсімдеу барысында алдын ала хабарланады. Калькуляцияға енетін барлық сандық және бағалық көрсеткіштер жүйеге тіркеліп, есептік көрсеткіштерде көрсетіледі. Жүйе комиссия үшін қосымша бағаларды, сонымен қатар басқада калькуляциялық қызметтерді (жеткізу, курьер қызметі және т.б.) қоса есептеуге мүмкіндік береді (4-сурет).


Есептеу барысында қолданушының алдын ала енгізген параметрлері немесе жүйенің функциясы көмегімен тапсырысты рәсімдеу кезінде қателіктің алдын алып отыруға болады. Тексеру барысында экранда ескерту белгісі пайда болады, бұл жағдайда тапсырысты жүйеде сақтап қалуға болады, ал қателіктер хабарлама түрінде келетін болса, тапсырысты сақтау мүмкін емес (5-сурет).

Тапсырысты рәсімдеу жүйеде тапсырыс реквизиттері көрсетілген (тапсырыс нөмірі, тапсырыс беруші, есімі тираж, түрі, бағасы, менеджер, қабылдау уақыты және т.б.) кесте ретінде келтірілген (6-сурет).

Жүйе келесі көлемдегі мағлұматтарға оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- жүзеге асыруға байланысты құжаттар тізімі (есептік/төлемдік/товар операциялары);
- бизнес үрдісі кезіндегі тапсырыс жағдайы;
- өндірістегі тапсырыс жағдайы;
- тапсырыс беруші туралы мағлұмат;
- тапсырысқа қажетті материалдардың шығыны.

Өндірістік құжатты дайындау



3-сурет. Өндірістік құжатты дайындау түр сипаты

Тіркелген мағлұматтер және полиграфиялық есептеу нәтижелерінің негізінде жүйе автоматты түрде келесі құжаттар тізімін даярлайды:

- Коммерциялық (бағалық) есептеулер;
 - Өнімді даярлауға байланысты тапсырыс берушімен келісім шарт;
 - Тапсырыстың технологиялық картасы;
 - Үрдістер бойынша технологиялық карта;
 - Кағаз және материалдар түрлеріне арналған шарттар;
 - Тапсырыс калькуляциясы;
 - Колористке берілетін тапсырма.
- Материалдар шығынын есептеу және дайындау



4-сурет. Материалдар шығынын есептеу және даярлау түр сипаты

Материалдарға тапсырысты рәсімдеу кезінде автоматты түрде немесе қолмен енгізіліп, запасты басқару жүйесіне келіп енеді. Тапсырыс негізінде жүйе автоматты түрде қоймадағы материалдар қалдығы жайлы мағлұматты анықтайды, және жеткіліксіз болған жағдайда жеткізушіге тапсырыс береді.

ASystem жүйесі жеткізушімен және қосымша қызметкерлер арасындағы төлемді есептеуге қабілетті, сонымен қатар:

- қағаз және материалдарды жеткізу туралы тапсырысты рәсімдеу;
- жеткізушіден келген есептеулерді тіркеу;
- қағаз және материалдардың бағасын тіркеу;
- қоймаға материалдардың келіп түсуін тіркеу.

Материалдар қоймаға келіп түскеннен кейін жүйе автоматты түрде материалдарды қажетіне қарай реттестіруге кіріседі.

Өндірісті жоспарлау және диспетчерлеу




5-сурет. Өндірісті жоспарлау және диспетчерлеу кезеңі

Кез келген тапсырыстың технологиялық маршруты үрдістің жүру барысын және қосымша фрагменттердің қатар келіп қалуын анықтайтын технологиялық үрдістің диаграммасы арқылы сипатталады.

Үрдістің жалғасы тапсырысты есептеу нәтижелері бойынша анықталады. Бұл жерде де автоматты түрде алдыңғы процестің аяқталмасын күтпестен келесі процесті бастауға болады, немесе қосымша кіші-гірім процестердің орынын ауыстыра отырып бірнеше тапсырысты қатар орындауға болады.

Автоматты басқару кезінде жабдықтың жұмыс істеу уақыты және әр кезеңге өту барысындағы нормативті шығындары ескеріледі.

Өндірістік есептеу



6-сурет. Өндірістік есептеу

ASystem толықтай немесе жартылай орындалған операцияларды тіркеуге, жоспардан тыс операцияларды орындауға мүмкіндік береді.


Барлық мағлұматтар өндірістік тапсырманы орындау барысында қол жетімді болады және жобаны есептеу барысында ескеріледі.

Тіркеу үрдісі кезінде операцияны орындау үшін келесі мағлұматтарды енгізу қажет: операцияның басталу уақыты; операцияның аяқталу мерзімі; нақты орындалуы тиіс операциялар; орындаушылар; қағаз және материалдардың шығыны; үрдісті орындау барысында туындаған проблемалар.

Аппатты жағдай туындаған сәтте себептері көрсетіліп операция тоқтатылады, және ары қарай жалғастыруға немесе үрдісті мүлдем жүйеден жоюға болады.

Материалдар және қағаз шығынының тіркелгені туралы мағлұмат автоматты түрде қойма есептеме жүйесіне беріледі.

Өндірістік оперативті есептеме



7-сурет. Өндірістік жедел есептемесі

ASystem өндірістік оперативті есептемені автоматты түрде қалыптастырады. Автоматтандырылған өндірістік басқару жоспарланған құжаттар тізімін жасауға мүмкіндік береді, соның ішінде:

- жұмысшылардың жұмыс кестесі;
- тапсырыстың жүргізілу кестесі;
- алмастырылатын тапсырмалар;
- жұмыстың операция бойынша жоспары және басқалар.

ASystem келесі есептер түрін дайындайды:

- белгілі уақыт кезеңінде жасалынған өндірістік жұмыс бойынша есеп;
- белгілі уақыт кезеңінде жасалынған жабдықтың жұмысы бойынша есеп;
- белгілі уақыт кезеңінде жасалынған өндіріс жұмысшыларының жұмысы бойынша есеп;
- белгілі уақыт кезеңіндегі материалдар шығыны бойынша есеп;
- белгілі уақыт кезеңінде сапа бойынша есеп.

ӘДЕБИЕТ

[1] Ефимов М.В. Теория автоматического управления: Учеб. пособие. – М.: Изд-во МГУП, 2005.
 [2] Волобуева О.П. Основы теории управления. – Алматы.: КазНТУ, 2005
 [3] Меняев М.Ф. Цифровые системы управления техническими процессами в полиграфии: Учебное пособие / М: МГУП, 2006.
 [4] Дроздов В.Н. Автоматизация технологических процессов в полиграфии/ В.Н. Дроздов. - СПб.: Петербургский институт печати, 2005. - 248 с.
 [5] Нурхайдаров Б.Х., Айтчанов Б.Х., Сакабекова Ш.К. Автоматизация полиграфического производства. Метод. Указания к практическим занятиям. – Алматы: КазНТУ, 2006.
 [6] Печак Ю. Организация обмена данными между ERP системами и российскими средствами// Главная – Intelligent Enterprise/RE. 2012. № 17 (34). URL: http://www.iemag.ru/platforms/detail.php?ID=16483&phrase_id=145569.
 [7] Журналдар «КомпьютерАрт» 2012-2016 гг. www.kursiv.ru, www.marsel.ru

Сақабекова Ш.К., Медетбекова З.О.

Анализ автоматизированной системы управления полиграфического производства

Резюме. В данной статье рассматриваются классификации автоматизированной системы управления и стадии пятиступенчатой автоматизированной системы управления, также анализируются управления бизнес процесса типографий, режимы системы оформления заказов и изготовления производственной документации. Разработан технологический маршрут заказов.

Ключевые слова: полиграфическое производство, типография, рекламная продукция, автоматизированная система, технологическая карта, производственный план.

Sakabekova Sh., Medetbekova Z. O.

Анализ автоматизированной системы управления полиграфического производства

Summary. In this article, the classifications of an automated control system and the stages of a five-step automated control system are also analyzed. They also analyze the business process management of printing plants, the order registration system and the production of custom documentation, the technological order route is developed.

Key words: Polygraphic manufacture, a printing house, advertising production, the automated system, the technological card, the industrial plan.

УДК 621. 785.5

Д.С. Мырзалиев, В.Н. Печерский, З.А. Ибрагимова, М.Б. Койшыбай
(Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова,
Шымкент, Республика Казахстан)

ПОВЕРХНОСТНОЕ УПРОЧНЕНИЕ СТАЛЕЙ МЕТОДОМ КАРБОНИТРАЦИИ

Аннотация. Проведен анализ сталей после упрочнение поверхностного слоя методом карбонитрации. Сущность метода карбонитрации заключается в том, что детали машин из конструкционных, нержавеющей, теплостойких инструментальных и быстрорежущих сталей подвергают нагреву в расплаве солей при 540-600°C с выдержками 5-40 мин для режущего инструмента и 1-6 ч для деталей машин и штампового инструмента в зависимости от требуемой толщины упрочненного слоя. Преимущества и недостатки метода карбонитрации. После карбонитрации износостойкость увеличивается в 2 раза. Меньшая длительность процесса, отсутствие деформации изделий из-за низкой температуры процесса. Применение карбонитрации, снижает себестоимость производства. Процесс карбонитрации, как правило, является финишной обработки.

Ключевые слова: карбонитрация, сталь, износостойкость, твердость, поверхностный слой.

В современном машиностроении большое внимание уделяется развитию технологий поверхностного упрочнения. В настоящее время развитие машиностроения на современном этапе невозможно без постоянного повышения производительности труда и улучшения качества выпускаемых изделий. Обеспечение надежности и долговечности работы машин и механизмов с каждым годом становится все более актуальными. Для решения этой задачи разрабатываются и внедряются различные методы обработки, прежде всего, связано с упрочнением поверхностных слоёв изделий. Для повышения надежности и износостойкости поверхностного слоя применяется химико-термическая обработка. С помощью химико-термической обработки поверхностный слой приобретает повышенную прочность, показатели твердости и высокое сопротивление износу. ХТО существенно повышает эксплуатационную способность деталей. В подавляющем большинстве случаев ХТО проводят с целью обогащения поверхностных слоев изделий определенными элементами. Для поверхностного упрочнения металлов и сплавов, повышения твердости, износостойкости, усталостной и коррозионной прочности, сопротивления кавитации применяют различные методы. Мы выбираем один из методов ХТО -карбонитрацию.

Изучение особенности метода карбонитрации для применения разных марок стали.

Карбонитрация используется для повышения прочности, твердости и износостойкости поверхностного слоя металла. Свойства поверхностного слоя определяются химическим составом, структурой, механическими характеристиками.

Тағамдық жағынан ең бағалысы болып сүйек саны аз (15,4%) болып есептелетін жамбас белдік бөлігі табылады. Осы бөлікте дәнекер ұлпаларының саны аз болып (2,8%), бұлшықеті, яғни етті бөлігі көп болып есептеледі, ол дегеніміз өнімнің аспаздық және тағамдық қасиеттерін айтарлықтай жоғарлатады деген сөз. Омыртқа бөлігі 17,5%-і сүйектен тұрады. Етті жерлері жоғарғы бұлшықетті майдың белгілі мөлшерде жиналуы мен аз мөлшерде дәнекер ұлпаларынан тұрады. Арқа бөлігі майға бай болып келеді (48,2%), төс жағы (31%) және мойын жағы (24,8%). Соған байланысты бұлшық еттің ұлпа саны ең көбі болып жамбастыбелдік бөлігі, майдың көп бөлігі арқа және белдік бөліктерінде, сүйек ұлпалары сирақ пен төс бөліктерінде, дәнекер ұлпалары иыққа дейінгі бөлігінде көп болады.

2-кесте. Түйе ұшаларының (төл) морфологиялық құрамы

Көрсеткіштері	Орташадан жоғарғы сіңімділік	Орташа сіңімділік
Ұшаның салмағы, кг	201,6	170,0
Еттің сүйекке шаққандағы %-дық шығымы:		
Талданған ет, май	73,4	72,5
Шеміршек,сіңір	5,2	5,4
Сүйектер	21,0	21,8
Мүшелеу кезіндегі шығын	0,4	0,3
Қорытынды:	100,0	100,0

Түйе ұшаларында ірі мүйізді малмен салыстырғанда қосу ұлпаларының мөлшері көп. Оны қара күштің жоғарылығымен түсіндіруге болады. Жас түйе ұшасындағы шеміршектің құрамы ұша салмағының 5-тен 5,4%-ке дейінгі аралығында болады, бұл дегеніміз үлкен жастағы малға қарағанда (15-25)%-ке төмен деген сөз.

3-кесте. **Ірі бөлікті жартылай фабрикаттың шығымы**

Шикізаттың аталуы	Сүйектегі еттің %-дық салмағына шаққандағы жартылай фабрикаттың салмағы		Ауытқулар (+, -)
	Түйе еті	Сиыр еті	
Кесінді (тазаланған)	1,2	0,8	+0,4
Жамбастыбелдік бөлігі	16,7	17,1	-0,4
Ішкі бөлігі	5,1	4,5	+0,6
Жоғарғы бөлігі	2,4	2,2	+0,2
Сыртқы бөлігі	4,3	6,3	-2,0
Жанындағы бөлігі	4,9	4,1	+0,8
Табанындағы бөлігі	9,8	5,5	+4,3
(сонымен қатар ұшбасты)	5,0	2,0	+3,0
Қалың шеттері (арқа бөлігі жағынан)	3,9	1,6	+2,3
Жіңішке шеттері (бел бөлігі жағынан)	2,1	1,3	+0,8
Жиек	-	2,7	-
Төс	2,1	2,7	-0,6
Қорытындысы: үлкен бөлікті жартылай фабрикат	35,8	33,7	+2,1
Фарш өнімдеріне арналған ет	37,0	42,1	-5,1
Тамыр, шеміршек,сіңір	5,9	3,0	+2,9
Сүйектер	21,0	20,9	+0,9
Шығындар	0,3	0,3	0
Қорытындысы:	100,0	100,0	

Ұшаның жоғарғы жағынан қарағанда еттің түсі сиыр етіне қарағанда боз түсті, ал кескенде қызыл түсті болады. Дәнекер ұлпаларының мөлшері көп болғанының арқасында түйе еті қаттырақ болады, әсіресе ол үлкен жастағы малда жақсы байқалады. Жас түйенің еті сыртқы түрі бойынша сиыр етінен мүлде байқалмайды. 3-4 жастағы түйе ұшасының сылынуы 2 категориялы сіңімділігі 20,9% болатын ірі мүйізді малдың нормативті көрсеткіштерімен салыстырғанда 21,0-21,8% құрайтын сүйек бөлігінің мөлшері көп екенін көрсетеді.


4-кесте. **Ет шикізатының химиялық құрамы**

Көрсеткіштер	Құрамы, %-бен	
	Түйе еті	Сиыр еті
Ылғалдылығы	70,1 \pm 0,36	70,4 \pm 0,52
Ақуыз	18,4 \pm 0,17	19,0 \pm 0,33
Май	9,9 \pm 0,15	9,6 \pm 0,18
Күлділік	1,05 \pm 0,19	1,1 \pm 0,17
Экстракты заттар	1,6	1,7
Минералды заттар, мг%:		
Кальций	8,65	10,2
Магний	25,1	22,1
Фосфор	186,5	188
Темір	1,8	2,9
Витаминдер, мг%:		
Рибофлавин (В ₂)	0,18	0,2
Тиамин (В ₁)	0,12	0,1
Ниацин (РР)	2,24	0,3
Калориялығы, ккал	191	171

Түйе етінің жеке бөліктерінің шығуы сиыр етінің нормативтік көрсеткіштерімен салыстырғанда жамбастыбелдік бөлігінің сыртқы бөлігіндегі шығымы 30%-ке аз екенін көрсетеді, ал табан бөлігі 44%, қалың шеттері 59%-ке және жіңішке шеттері 38%-ке көп екенін көруге болады. Мұны түйе ұшасының анатомиялық ерекшелігімен түсіндіруге болады, яғни алдыңғы төрттіктің өте күшті дамығаны десе де болады.

Түйе еті сиыр етіне қарағанда морфологиялық құрамы жағынан қосу ұлпаларының мөлшері көптігімен ерекшеленеді (түйе етінде шеміршек сиыр етіне қарағанда екі есе көп). Түйе ұшасын мүшелеу қылғандағы ірі бөлікті шала фабрикат 72,8%, сүйегі 21%, құрайды, ал сиыр етін мүшелеу қылғандағы шығымының нормасы ірі бөлікті шала фабрикат 75,8%, сүйегі -20,9%-ке тең.

4-кестеде келтірілген сандар бойынша түйе етінің химиялық құрамы дәстүрлі ет, яғни сиыр етінің химиялық құрамына көбіне сәйкес келеді.



1-сурет. Ет шикізатының амин қышқылды құрамы

Сиыр етімен салыстырғанда түйе етінде күлділік мөлшері төмен болғанымен, түйе еті құрамында ең жоғары мөлшерде магнийдің болуымен ерекшеленеді– 25,1 мг %.

Ақуызды өнім ретінде еттің маңызы бәрінен бұрын құрамындағы ақуыздың мөлшері мен жақсы қорытылуымен амин қышқылдарының құрамымен анықталады.

Соған байланысты үйреншікті шикізат түрлерінің құрамындағы амин қышқылы салыстырмалы түрде зерттелді. Сандық құрамы 13 кесте келтірілген.

Сурет 1-де көрсетілгеннен түйе етіндегі амин қышқылдарының саны сиыр еті құрамындағыдай амин қышқылының бар екенін байқауға болады, оның ішінде 8 алмаспайтын. Түйе етінің құрамындағы амин қышқылының қосындысы сиыр етіне қарағанда азырақ.

Осындай айтарлықтай айырмашылық алмаспайтынмен қоса алмасатын амин қышқылының құрамының айырмашылығымен де ерекшеленеді: құрамында лейцитин мөлшері ең көбі түйе еті (8,43 г/100 г ақуызға).

Түйе еті сиыр етінен айырмашылығы триптофан (5,7%-ге), гистидин (4 есеге жақын), аспарагин қышқылы (12,8%-ке), оксипропилен (2 есе), глютамин қышқылы, арганин, серин және глицин амин қышқылдарының көптігімен ерекшеленеді.

Көптеген ақуыз құрамында кездесе бермейтін, оксипропиленнің бар болуы бұл амин қышқылдың құрамы бойынша еттің коллаген санын анықтауға көмектеседі. Коллагенді талшықтардың құрылысының ерекшелігі олар жоғарғы дәрежеде сіңімділік пен үлкен механикалық беріктілігімен анықталады, ал ол еттің консистенциясына әсер етеді.

Оксипропилен құрамын үйреншікті шикізатта (сиыр етінде) және үйреншіксіз шикізат (түйе етінде) түрлеріндегі мөлшерін ескеретін болсақ, онда мынадай қорытынды жасауға болады: бұл көрсеткіш еттің қаттылығын сипаттайтын көрсеткіш ретінде атауға болады. Толық құнды ақуыз 4,78 (сиыр етінде), 2,9 (түйе етінде) құрайды. [24,25]

Бұл көрсеткіштің барлығы бізге үйреншіксіз ет шикізатын тамақ өнімдерін дайындауда пайдалануға болатынын дәлелдейді.

Сол себепті алынған көрсеткіштерді қорытындылай келе химиялық құрамы мен биологиялық құндылығын көрсететін ауыстырылмайтын амин қышқыл саны бойынша түйе еттері қаттылығын жұмсарту сияқты технологиялық процесті пайдалану шартын орындай отырып, ет өнімдерді өндіру үшін сиыр етінің орнына кең көлемде осы аталған мал еттерін шикізат ретінде қолдануға болатынын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Я. М. Узаков, И. М. Чернуха. И снова о верблюжатице: исследование нутриентного состава // Мясная индустрия. – 2014. - №12. – С. 30-32.

[2] В.Б. Крылова, Т.В. Густова, Н.Н. Манджиева. Использование нетрадиционного животного сырья в технологии мясных и мясорастительных консервов // Мясная индустрия. – 2010. - № 11. – С. 20-23.

[3] Я. М.Узаков, А. М. Таева, Б. С. Тамабаева. Химический состав и пищевая ценность верблюжатины // Мясная индустрия. – 2015. -№11. – С. 36-37.

[4] Лисицын А.Б., Липатов Н.Н., Кудряшов Л.С. и др. Производство мясной продукции на основе биотехнологии. -М. ВНИИМП.-2005-369 с.

[5] Узаков Я.М Диханбаева Ф.Т., Абжанова Ш.А., Ергазы улы С., Рскелдиев Б.А. Новые виды цельномышечных варено-копченых мясных продуктов // Мясная индустрия, г.Москва, 2010, №2 С. 42-44 с.

Узаков Я. М., Таева А. М., Жетпісбаева Б. Ш., Макангали К. К., Бекенова Ж. Е.

Исследование морфологического и химического состава верблюжатины

Резюме. Статья посвящена изучению морфологического и химического состава верблюжатины. Рассматривается применение нетрадиционных видов мясного сырья в мясной промышленности, в частности мясные продукты из верблюжатины.

Ключевые слова: Мясные продукты, нетрадиционное мясное сырье, пищевая ценность, верблюжатица, горбовой жир.

Uzakov Y. M., Taeva A. M., Zhetpisbayeva B. Sh., Makangali K.K., Bekenova J.E.

Investigation of morphological and chemical composition of camel

Summary. The article is devoted to the study of the morphological and chemical composition of the camel. The use of non-traditional types of meat raw materials in the meat industry, in particular, meat products from camel meat, is considered.

Keywords: Meat products, non-traditional meat raw, nutritional value, camel, hump fat.

УДК 637.525

Я. М. Ұзақов, А. М. Таева, К. К. Макангали, Ж. Бекенова

(Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы,

А. А. Агитаев

ТОО «АФ КАЙНАР»

uzakm@mail.ru)

ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДА ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ЕТ ШИКІЗАТТАРЫН ҚОЛДАНУ

Аннотация. Мақалада ақуыз-май эмульсиясын қолданып түйе етінен жасалған шұжық технологиясы көрсетілген. Зертеулер нәтижесінде ақуыз-май эмульсиясы қосылып жасалған түйе етінен ысталып- пісірілген шұжық өнімінің тағамдық құндылығы артқанын көреміз. Осыған байланысты ет өнеркәсібінде ақуыз-май эмульсиясын қолдану дайын ет өнімдерінің сапасын арттыру, тағамдық құндылығын жоғарылату мүмкіндігін береді. Елімізде дәстүрлі емес ет шикізат көздерін қолдану мүмкіндігі қарастырылып жатыр.

Негізгі сөздер: Ет өнімдері, шұжық өнімі, ақуыз-май эмульсиясы, тағамдық құндылығы, түйе еті, өркеш майы.

КІРІСПЕ. Қазақстан Республикасының тамақ өнеркәсібі дамуының басты бағыттарының бірі ет саласында дәстүрлі шикізаттан жасалған өнімдерінен бөлек, тамақ өнімдерінің жаңа түрлерін дәстүрлі емес шикізаттан жасап шығару болып табылады. Сондықтан ет өндіру өнеркәсібінің перспективалық және қарышты дамып жатқан бағыттарының бірі түйе етінен, құрамы ақуыз, май, дәрумендер және микроэлементтерге бай өнімдер рецептурасы мен технологиясын жасап шығару.

Ет өнеркәсібінің дәстүрлі емес өнімдеріне өсімдік шикізатын қоса отырып, функционалды тамақтануға арналған құрамы жануар белогына бай өнімдер жасау бағыты белсенді дамып келеді. Себебі қазіргі таңда салауатты өмір салтына көшу, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау алдыңғы орында тұр. Адам денсаулығы көбіне оның тамақтануына байланысты. Дұрыс тамақтанудың негізгі көрсеткіші ол барлық тамақ компоненттерінің дұрыс қатынас пен көлемде ағзаға жеткізілуі. Сондықтан ет индустриясы адам денсаулығын сақтау үшін құрамына өсімдіктер қосу арқылы дәрумендер мен микроэлементтерге бай өнімдер шығаруға бағытталған.

Қазіргі кездегі экономикалық жағдайды ескере отырып, ет технологиясы мен дұрыс тамақтану салаларын жаңаша қарастырғанда, құны төмен қол жетімді шикізат көзін рационалды пайдалана отырып, жоғары сапалы ет-өсімдікті өнімдер технологиясын жасау аса қажет болып келеді. Осындай технологияларды енгізу арқылы өндірушілерге аса тиімді, өзіндік құны төмен, сонымен қатар тұтынушының талаптарына сай жоғары сапалы өнімдер шығару қазіргі таңда өзекті мәселе болып табылады.

Бұл бағыт тұтынушылардың экологиялық таза, қауіпсіз өнімдерге қажеттіліктерін максималды қанағаттандыратын, жоғары тағамдық және биологиялық құндылыққа ие ет-өсімдік өнімдер технологиясын жасап шығаруға мүмкіндіктер береді.

Зерттеу әдістері. Еттің химиялық құрамын анықтау ет және ет өнімдерінің сапасын, тағамдық құндылығын, құрамындағы ылғал, ақуыз, май және минералды заттар жайлы білуге мүмкіндік береді.

Ылғал құрамын анықтау. Еттің ылғал құрамы оның қасиетіне, сақтау және жылумен өңдеу кезінде жоғалтатын шығынына, сонымен қатар дайындалатын өнімнің сапасына әсер етеді. Ылғал мөлшерін еттегі ылғалды престоу жолымен бөлу арқылы анықтайды. Ылғал құрамын ГОСТ 9793-74 және ГОСТ Р 51479-99 сәйкес анықтайды. Ет және дайын өнімдердің құрамындағы ылғал мөлшерін 1050С температурада кептіру арқылы анықтайды.

Май құрамын анықтау. Май құрамы ГОСТ 23042-86 сәйкес анықталады.

Еттің құрамындағы ақуыздарды анықтау. Тәжірибеде пайдаланылатын ақуыздарды анықтаудың сандық әдістері макромалекулалардың құрамдас бөліктерін анализдеуге немесе олардың концентрациясына тура тәуелді жағдайда өзгеретін ақуыздар ерітінділерінің кейбір физикалық қасиеттерін зерттеуге негізделген. Бірінші жағдайда зерттелетін объектідегі құрамындағы ақуыз құрамы туралы азот мөлшері бойынша немесе әр түрлі ақуыздар үшін жалпы атомдардың кейбір спецификалы топтары бойынша сонымен қатар, бір немесе басқа аминқышқылының қалдығы бойынша жалпы және қалдықты азотты І әдісімен анықталады.

Күл құрамын анықтау. Минерализация процесін жылдамдатуға (2-3 есе) магний ацетатын немесе азот қышқылының ерітіндісін қолдану арқылы жетуге болады. Магний ацетатының ерітіндісі күлденетін заттың ауа оттегісімен ыңғайлы қамтамасыз ететін тесікті құрылысын түзеді. Азот қышқылын қосу органикалық заттардың жақсы тотығуын туғызады. Көрсетілген катализаторларды пайдалану сонымен қатар күлдеу кезінде ұшқыш компоненттердің жоғалуын төмендетеді. Өнімнің сапасын (іісі, дәмі, шырындылығы, түсі, консистенциясы) 5-баллды жүйе бойынша бағалайды.

Зерттеу нәтижелері. Жоғары ақуызды өнімдерін алу мақсатында біз Алматы Технологиялық Университетінің «Тағам өнімдерінің технологиясы» кафедрасының зертханасында өсімдік-ақуыз композициясын пайдаланып ысталып пісірілген түйе етінен жасалған шұжықтың өндіру технологиясын әзірледік (1-сурет).

Тәжірибе жүргізу үшін түйе ұшасының 1-ші категориялы жая бөлігін алдық. Алдымен шикізатты ветеринарлық тексерістен өткізіп одан кейін жуып-шайылады.

Тұзды су әзірлегенде жалпыға ортақ нормативтік құжаттар мен әдебиеттерге шолуды басшылыққа алдық. Жалпы тұзды су ақуыз-май эмульсиясы мен су, тұз, құмшекер, натрий нитриті, ыстауға арналған ароматизатор, сонымен қатар Е витаминінен тұратын қоспадан дайындалады.

Ас тұзы келесі талаптарды сай болуы керек: түсі ақ, жағымсыз иісі және механикалық қоспалары болмауы керек. Құрамындағы натрий хлориді 96,5-99%, ылғалдылығы – 0,5-3%. Ас тұзы ет пигменттеріне әр түрлі әсер береді. Тұздалмаған етте тұз үш валентті темірді (Fe^{3+}) құрайтын миоглобин мен гемоглобиннің қышқылдануын тездетеді.

Тұздыққа 0,075% натрий нитритінің ерітіндісін қолданады. Ол келесі талаптарға сай болуы керек: 95%-дан кем емес нитрит, ылғалдылығы 3%-ке дейін, 1% – суда ерімейтін қоспалар. Етті тұздау кезінде натрий нитритінің қатысуымен нитрозомиоглобин түзіледі.


Қоспалар мен дәмдеуіштер тағамға өзіндік дәм мен иіс береді. Тұздыққа келесі дәмдеуіштерді қосыңыз: қара бұрыш, гвоздика, кардамон, кориандр, корица, хош иісті бұрыш, мускат жаңғағы.

Тұздықты дайындау. Тұздық ақуыз-май эмульсиясынан (асқабақ шырыны + өсімдік майы) және су, ас тұзы, натрий нитриті, сұйық түтіннен құралған қоспадан тұратын ерітінді түрінде дайындалады.

1-кесте. **Тұздық компоненттерінің мөлшері**

Компонент	Мөлшері, %
Су	59
асқабақ шырыны	20
өсімдік майы	14
ас тұзы	7
натрий нитриті	0,075

Тұздықты дайындау үшін сиымдылығы 20 л ыдысқа 17 л суық су, 2 кг ас тұзын қосып, жақсылап араластырылады да, асқабақ шырынын, өсімдік майын қосып, белгілі бір уақытқа сіңдіріп қоямыз. Тұздықты қолданар алдында сүзгіштен өткізіп, 4⁰С-тан аспайтын температурада салқындатамыз. Содан кейін түйе етінің жая бөлігі мен қойдың құйрық майын тұздыққа саламыз да жақсылап масирлейміз. Осы процесс арқылы еттің шығымы жоғарылайды, сонымен қатар кескенде ет шикізатының жұмсаруына себеп болады.



1-сурет. Түйе етінен дайындалған шұжықтың технологиялық сызбасы

• Технические науки

Тұздау барысында концентрациясы 2,5%-тік 0,075 г натрий нитритінің ерітіндісін, кара бұрыш, хош иісті бұрыш, кардамон, кориандр, корица қосамыз. Тұздау уақыты 48 сағат.

Дайын болған өркеш майы мен жаяны тұздықтан аламыз. Ет пен өркеш майды майдалап тураймыз. Туралған өнімге әртүрлі дәмдеуіштер қосып жақсылап араластырамыз да алдын-ала тазартылып дайындалған жылқы ішегіне піспектейміз. Етке толтырылған ішекті кендір жіппен байлап, алюминді фольгамен екі қабаттап ораймыз. Содан соң 180-200°C температурада 180 мин бойы термиялық өңдеуге жібереміз.

Алюминді фольга – тағамды дайындауға, оны ыстық немесе суық күйде сақтауға, қайталап жылытуға арналған тиімді материал.

Сұйық түтін – тұздыққа барлық компоненттер ерігеннен кейін процестің соңында қосылады. Сұйық түтін тағамның құрылымды-механикалық көрсеткіштерін жоғарылатады, өнімді кескендегі түсін тұрақтандырады, сақтау кезіндегі тағамның бірқалыптығын ұстайды.

Қуырылып пісірілгеннен кейін өнімді ауа температурасы 0°C төмен және 4°C жоғары болмайтын температура аралығында 6-8 сағат бойы суытады. Дайын өнім 9-суретте көрсетілген.

Тағамның органолептикалық көрсеткіштерінің бағасын арнайы дәм сараптау комиссиясы қойды. Дәм сараптау комиссиясы «Ысталып пісірілген түйе етінен жасалған шұжықтың» сапасын жоғары бағалады. Сынаққа алынған үлгілер дәмді және хош иісті болды. Дайын өнімнің негізгі органолептикалық көрсеткіштері 2-кестеде келтірілген

2-кесте. Дайын өнімнің негізгі органолептикалық көрсеткіштері

Өнім	Консистенциясы	Дәмі	Иісі	Түсі	Бағасы, балл
Түйе етінен жасалған ысталып пісірілген шұжық	тығыз	тұзды, бөгде дәмі жоқ	хош иісті, бөгде иісі жоқ	қоңыр-қызыл	5,0

Жалпы тағам өнімдерінің маңызы олардың химиялық құрамы мен биологиялық құндылығымен анықталады. Әсіресе ақуыздардың, алмастырылмайтын аминқышқылдарының мөлшерімен, олардың арақатынасымен және құрамының үйлесімділігімен, басқа да тағамдық заттармен бірге болуымен анықталады.

3-кесте. Ысталып пісірілген түйе етінен жасалған шұжықтың химиялық құрамы мен тағамдық құндылығы

Көрсеткіштер	Алынған нәтижелері	
	Сынаққа алынған шұжық	«Прима» шұжығы (бақылау)
Тағамдық құндылығы, %		
Ақуыз	31,0	17,1
Май	16,78	33,8
Көмірсулар	0,14	0,0
Ылғалдығы	49,24	44,6
Күл	2,84	4,3
Энергетикалық құндылығы, ккал	275	373

Осы кестеде берілген мәліметтер бойынша «Ысталып пісірілген түйе етінен жасалған шұжықтың» құрамында ақуыз мөлшері 30% болды. Бұл бақылау ретінде алынған «Прима» шұжығымен салыстырғанда 1,8 есе жоғары екенін көрсетеді. Май мөлшері 16,78% құрады. Сонымен қатар, сынаққа алынған өнімде көмірсулар мөлшері 0,14% құрады, ал «Прима» шұжығында олардың мөлшері ескермеуге болатын 0,0% болды. Байқалған өзгерісті сынаққа алынған өнім құрамында асқабақ шырынының болуымен болжауға болады. Зерттелген өнімнің ылғалдылығы – 49,24%, күл – 2,84%-ды құраса, бақылау шұжығында сәйкесінше 44,6% және 4,3% құрады.

Дайын өнімнің энергетикалық құндылығы 275 ккал құрады. «Прима» шұжығының энергетикалық құндылығы 373 ккал, ал «Докторская» шұжығының сәйкесінше 257 ккал құрайды. Соңғысы кө-

бінесе диеталық тағам ретінде қолданылады. Осы мәліметке сүйеніп, өндірілген қуырылып пісірілген шұжықты да диеталық тағам ретінде ұсынуға болады.

Сонымен, алынған нәтижелер дайындалған өнімнің дәмдік қасиеттері, яғни тағам құндылығы жоғары екенін көрсетеді. Осындай өнімдерді дайындаудың пайдасы өте зор. Өйткені, халқымыз сапалы әрі таза өнімдерді пайдалануды қалайды. Түйе еті сиыр етіне қарағанда арзан, тағамдық және биологиялық құндылығы көрсеткіштері жағынан кем емес. Қазіргі таңда бұл тағам түрі үлкен сұранысқа ие болатынына толық ғылыми негіз бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Я. М. Узаков, И. М. Чернуха. И снова о верблюжатице: исследование нутриентного состава // Мясная индустрия. – 2014. - №12. – С. 30-32.

[2] В.Б. Крылова, Т.В. Густова, Н.Н. Манджиева. Использование нетрадиционного животного сырья в технологии мясных и мясорастительных консервов // Мясная индустрия. – 2010. - № 11. – С. 20-23.

[3] Я. М. Узаков, А. М. Таева, Б. С. Тамабаева. Химический состав и пищевая ценность верблюжатицы // Мясная индустрия. – 2015. - №11. – С. 36-37.

[4] Лисицын А.Б., Липатов Н.Н., Кудряшов Л.С. и др. Производство мясной продукции на основе биотехнологии. – М. ВНИИМП. – 2005-369 с.

[5] Узаков Я.М. Диханбаева Ф.Т., Абжанова Ш.А., Ергазы улы С., Рскелдиев Б.А. Новые виды цельномышечных варено-копченых мясных продуктов // Мясная индустрия, г. Москва, 2010, №2 С. 42-44 с.

Узаков Я. М., Таева А. М., Макангали К. К., Агитаев А. А., Бекенова Ж.

Разработка технологии национальных продуктов из нетрадиционных видов мясного сырья

Резюме. В настоящей статье приведена технология национального варено-копченого продукта из верблюжатицы с применением белково-растительной эмульсии. Рассматривается применение нетрадиционных видов мясного сырья в мясной промышленности, в частности мясные продукты из верблюжатицы.

Ключевые слова: Мясные продукты, колбасные изделия, белково-растительная эмульсия, пищевая ценность, верблюжатица, горбовой жир.

Uzakov Y. M., Taeva A. M., Makangali K. K., Agitaev A. A., Bekenova Zh.

Development of technology for national products of camel meat

Summary. This article describes the technology of national cooked smoked products from camel with protein and vegetable emulsion. It is risen application of non-traditional raw meat in the meat industry, in particular meat products from camel.

Key words: Meat products, sausages, protein and vegetable emulsion, nutritional value, camel meat, hump fat.

УДК 637.525

Я. М. Узаков, А. М. Таева, А. И. Матибаева, Ж. Қойшыбай

(Алматы технологиялық университеті,

А. Б. Нуртаева

(С. Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университеті,

Алматы, Қазақстан Республикасы, uzakm@mail.ru)

ӨСІМДІК КОМПОЗИЦИЯСЫН ҚОЛДАНЫП СИЫР ЕТІНЕН ЖАСАЛҒАН ПІСІРІЛП- ЫСТАЛҒАН ӨНІМНІҢ САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аннотация. Ет өнеркәсібінің дәстүрлі өнімдеріне өсімдік шикізатын қоса отырып, функционалды тамақтануға арналған құрамы жануар белогына бай өнімдер жасау бағыты белсенді дамып келеді. Себебі қазіргі таңда салауатты өмір салтына көшу, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау алдыңғы орында тұр. Адам денсаулығы көбіне оның тамақтануына байланысты. Дұрыс тамақтанудың негізгі көрсеткіші ол барлық тамақ компоненттерінің дұрыс қатынас пен көлемде ағзаға жеткізілуі. Сондықтан ет индустриясы адам денсаулығын сақтау үшін құрамына өсімдіктер қосу арқылы дәрумендер мен микроэлементтерге бай өнімдер шығаруға бағытталған. Сол себепті ет өндіру өнеркәсібінің перспективалық және қарышты дамып жатқан бағыттарының бірі жылқы етінен, құрамы ақуыз, май, дәрумендер және микроэлементтерге бай өнімдер рецептурасы мен технологиясын жасап шығару.

Негізгі сөздер: Етті өңдеу, ұлттық тағамдар, сиыр еті, амин қышқылдар, биологиялық құндылығы, тағамдық құндылық, дәрумендер, өсімдік қоспалар.

Кіріспе. Қалыптағы ет өнімдерінің өзінің дәмдік мен тағамдық қасиеттері, көрнекі сыртқы түріне және айқын хош иісіне байланысты әртүрлі материалды қамсызданған халықтың барлық категорияларында біршама сұранысқа ие. Қажетті сапа қамтамасыз етілгенде бұл берілген ет өнімдерінің өзіндік құнын төмендету жалпы осындай өнімдерді өндіру көлемін ұлғайту, сұрыптамасын кеңейту үшін басты шарт болып табылады.

Осындай өнімдерді өндіру кезінде маңызды технологиялық үдеріс ыстау мен пісіруден тұратын жылулық өңдеу болып табылады. Қыздырумен туындалатын өзгерістер дәрежесі тек температуралық параметрлермен ғана емес, сонымен қатар өнім құрамымен анықталады. Жылулық өңдеу кезінде жануар текті өнімдердің қасиеттерінің өзгеруі олардың құрамының негізгі өзгерімдеріне, физико-химиялық, биохимиялық және түстік сипаттамаларына негізделген.

Зерттеу әдістері. Ылғал құрамын анықтау. Еттің ылғал құрамы оның қасиетіне, сақтау және жылумен өңдеу кезінде жоғалтатын шығынына, сонымен қатар дайындалатын өнімнің сапасына әсер етеді. Ылғал мөлшерін еттегі ылғалды престоу жолымен бөлу арқылы анықтайды. Ылғал құрамын ГОСТ 9793-74 және ГОСТ Р 51479-99 сәйкес анықтайды. Ет және дайын өнімдердің құрамындағы ылғал мөлшерін 105⁰С температурада кептіру арқылы анықтайды.

Май құрамын анықтау. Май құрамы ГОСТ 23042-86 сәйкес анықталады.

Еттің құрамындағы ақуыздарды анықтау. Тәжірибеде пайдаланылатын ақуыздарды анықтаудың сандық әдістері макромалекулалардың құрамдас бөліктерін анализдеуге немесе олардың концентрациясына тура тәуелді жағдайда өзгеретін ақуыздар ерітінділерінің кейбір физикалық қасиеттерін зерттеуге негізделген. Бірінші жағдайда зерттелетін объектідегі құрамындағы ақуыз құрамы туралы азот мөлшері бойынша немесе әр түрлі ақуыздар үшін жалпы атомдардың кейбір спецификалы топтары бойынша сонымен қатар, бір немесе басқа аминқышқылының қалдығы бойынша жалпы және қалдықты азотты І әдісімен анықталады.

Күл құрамын анықтау. Минерализация процесін жылдамдатуға (2-3 есе) магний ацетатын немесе азот қышқылының ерітіндісін қолдану арқылы жетуге болады. Магний ацетатының ерітіндісі күлденетін заттың ауа оттегісімен ыңғайлы қамтамасыз ететін тесікті құрылысын түзеді. Азот қышқылын қосу органикалық заттардың жақсы тотығуын туғызады. Көрсетілген катализаторларды пайдалану сонымен қатар күлдеу кезінде ұшқыш компоненттердің жоғалуын төмендетеді. Өнімнің сапасын (иісі, дәмі, шырындылығы, түсі, консистенциясы) 5-баллды жүйе бойынша бағалайды.

Зерттеу нәтижелері. Пісірілген ет өніміне органолептикалық баға беру барысында оның турама кескінің түсі, иісі, дәмі және сыртқы түрі анықталды. Әр көрсеткішке салмақ коэффициенті берілді, оның шамасы 5 балдық шкала бойынша қойылды.

Сыртқы түрі бойынша барлық ыстап пісірілген үлгі кесек ет өнімдеріне бірдей баға қойылды, себебі барлық үлгілердің сырты таза, құрғақ, тегіс, бетінде ешқандай дақ жоқ.

Қалыптағы ет бойынша бағалағанда годжи ұнтағы қосылған үлгілерге жоғарғы баға беріп, ал асқабақ қосылған кесек ет үлгілерінде органолептикалық көрсеткіші біршама төмендеу, оның себебі кесек ет түсінде қоңыр түс пайда болды.

Дәміне келетін болсақ қалыптағы ет композициясында асқабақ ұнтағы мен годжи жидегі бар дайын өнімнің консистенциясы жақсаратынын, нәзік болатынын, ал тәжірибелік үлгілердің суды сақтау сияқты қасиеттермен үстемдік табатынын атап көрсетті. Өндеудің осы шарттарын таңдауда аталған факторлардың ықпалын мейлінше кең зерттеу мақсаты себеп болады.

1-кесте. Дегустацияның нәтижесі

Функциональдык атауы	Сақтау мерзімі, тәулік	Сыртқы түрі	Дәмі	Иісі
		Бақылау 1	6	5.00 ± 0.02
Бақылау 2	6	3.20 ± 0.09	3.50 ± 0.10	3.90 ± 0.05
«Жұлдыз» өнімі	6	4.95 ± 0.05	4.90 ± 0.07	4.90 ± 0.07

1 Кестеде көрсетілгендей Бақылау 2 қарағанда «Жұлдыз» өнімі сақтау кезінде қоспалардың арқасында бұзылмай органолептикалық қасиеттері жақсы болды.

Дегустацияның нәтижесінде Дидар өнімі жоғарғы органолептикалық қасиеттерге ие болды және оларды өндіріске енгізу ұсынылды.

Сиыр етінен жасалған ысталып пісірілген өнімнің түстік сипатамасы СІЕ жүйесінде Lab шкаласын қолдану арқылы спектроколориметр көмегімен есептелді. Бұл түстік қарқындықты келесідей сипаттайды: L-ақшылдық, a* қызғылт және b* сары түсті көрсетеді.


Экперимент барысында таңдалған өсімдік композициясымен 20% мөлшерде шприцтелген өнім мен бакылау түрлеріне түстік көрсеткіштерге жеке жеке қорытынды жасалды.

Липидтік фракцияның тотығу өзгерістері. Малдың майы қаныққан, моно- және полиқанықпаған май қышқылдарынан тұратыны барлығымызға мәлім. Соның ішіндегі полиқанықпаған май қышқылы тез тотығуға ұшырайды. Липидтер негізгі хош иісті заттардың орының басушы, өйткені ол тотығу реакциясы арқылы тағамның хош иісі мендәмдік қасиетін тудырады. Белгілі бір жағдайда тағамда липидтердің тотығуы пайда болады, ол улы заттар болып табылатын тағамға ашыған дәм береді.

Липидтік фракцияның тұрақтылығын зерттеу үшін сақтау барысында 20 % мөлшерінде тұздықтар егілген тоңазытылған сиыр етінен ысталып пісірілген өнімдер дайындалды. Тотығу үдерісінің дамуын асқын тотық шамасы (ПЧ) бойынша бағаланды.


Тоңазытылған шикізаттан дайындалған ысталып пісірілген өнімдерді тоңазытып сақтау барысында 4-6 °C температурада ПЧ динамикасы 3 суретте келтірілген.

Алынған мәліметтерді жарамдылық аяқталған соң тәжірибелік өнімдерде (берілген өнімдер тобы үшін сақтау мерзімі 2–6 °C температурада 8 тәулікке дейін құрайды) май фракциясының асқын тотығы № 1 және № 2 бакылау үлгілеріне қарағанда 6,67 % кем болды. Бұны тәжірибелік үлгі құрамындағы өсімдік текті композицияның анитотықтырғыш қасиетімен түсіндіруге болады.



Сақтау ұзақтығы, тәулік

1-сурет. Сиыр етінен алынған ысталып пісірілген өнімдердің асқын тотығы саны



Сақтау ұзақтығы, тәулік

2-сурет. Сиыр етінен алынған пісірілген өнімдердің тиобарбитур санының өзгеруі

4–6 °С температурада сақтау барысында тоңазытылған сиыр етінен алынған ысталып пісірілген өнімдердің май бөлігінің өзгеруі 4-суретте келтірілген. Алынған мәліметтер зерттелетін көрсеткіштердің аса маңызды өзгеруі өсімдік текті композиция қосылған өнімде байқалатыныын дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері ПЧ динамикасын сипаттайтын және тәжірибелік үлгінің ең үлкен антитотықтырғыш әрекетін көрсететін мәліметтерді растайды.

Осы жұмыста өсімдік текті композицияны таңдау кезінде басымды бағыт өндіру және сақтау барысында дайын өнімдегі натрий нитриті мөлшерін азайта отырып, жоғары антитотықтырғыш қасиеттерін қамтамасыз ету болды. Асқабақ және Годжи жидектерінің құрамы мен қасиеттерін зерттеу асқабақта да, Годжи жидектерінде де А,Е,С дәрумендерінің – антитотықтырғыш қасиеттерін тасымалдаушылардың аса көп мөлшерде екенін орнатуға мүмкіндік берді және өсімдік композицияда осы толтырғыштардың оңтайлы үйлесімі ысталып пісірілген өнімнің липидтік фракциясының тотығып бүлінуі үшін кедергі тудырды.

Жақсы нәтижелерді (қарқынды, тұрақты түс) кесек ет өнімдері өндірісінде ас тұзы, натрий нитриті мен аскорбинатынан басқа полифосфаттардан тұратын тұздықтарды қолдану қамтамасыз етеді, бұл олардың антитотықтырғыш әрекетімен түсіндірілуі мүмкін. Аскорбин қышқылы мен аскорбинаттар дайын өнімдері нитриттің қалдық мөлшерін азайтады, нитриттің антибактериялық қасиеттерін күшейтеді, нитрозаминдердің түзілуін тежейді.

Алынған нәтижелер негізінде натрий нитритіне қарағанда асқабақ және годжи жидектері ұнтағынан тұратын өсімдік композицияның антитотықтырғыш қасиеті жоғары болатыны туралы қорытынды жасауға болады.

Өнімнің тағамдық және биологиялық құндылығы. Тамақ өнімдерінің сапа көрсеткіштерінің бірі олардың тағамдық құндылығы болып табылды, ол адамның энергия мен негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктерін қамтамасыз ететін тамақ өнімдері қасиеттерінің жиынтығын сипаттайды. Тағамдық құндылықты зерттеу нәтижелері 2-кестеде келтірілген.

2-кесте. Тағамдық құндылықты зерттеу нәтижелері

Үлгілер	Ақуыз, г/100г	Май мөлшері г/100г	Көмірсу- лар мөлшері г/100г	Ылғалдылықтың массалық үлесі, %	Күлді заттар мөлшері	Энергетикалық құндылық, ккал
№1 бақылау үлгісі	19,76	2,80	0,31	76,22	0,98	
№2 бақылау үлгісі	17,39	2,76	0,30	74,23	0,91	
Тәжірибелік үлгі	20,74	2,30	5,92	69,96	1,06	

Сиыр етінен жасалған қалыптағы функционалды ет өнімдерінің тағамдық құндылығын зерттеу нәтижелері №2 бақылау үлгіде ақуыз мөлшері 2,37 г азаятынын, ал тәжірибелік үлгіде бақылау үлгімен салыстырғанда 0,98 г ұлғаятынын көрсетті. Сонымен бірге тәжірибелік үлгіде №2 бақылау үлгісіне қарағанда ақуыз 3,35 г көбірек, бұл құрамында өсімдік композицияның қолдануына байланысты. Тәжірибелік үлгіде май мөлшері №1 және №2 бақылау үлгілеріне қарағандасәйкесінше 0,5 г және 0,48 г аз. Бұл құрамында липидті құрам бөлігі жоқ композицияны қолдануға байланысты.

Өсімдік композиция құрамында 77,74 % көмірсу болуына байланысты, тәжірибелік үлгі құрамында 5,92 г мөлшерінде көмірсу бар, бұл №1 және №2 үлгілерге қарағанда сәйкесінше 4,79 г және 5,61 г көбірек.

Тәжірибелік үлгіде ылғалдың массалық үлесі бақылау үлгілеріне қарағанда 6,26 % кемиді.

Медико-биологиялық талаптарға сәйкестігін бақылау мақсатында амин қышқылдық құрамы мен минералды затта негізінде сиыр етінен дайындалған ет өнімдері ақуыздарының биологиялық құндылығы зерттелді. Тамақ өнімдерінің биологиялық құндылығы ауыстырылмайтын амин қышқылдары мөлшерімен анықталады.

Сиыр етінен дайындалған ет өнімдерінің бақылау және тәжірибелік үлгілерінің амин қышқылдық құрамы 3 кестеде келтірілген

3-кесте. Сыыр етінен дайындалған ет өнімдерінің бақылау және тәжірибелік үлгілерінің амин қышқылдық құрамы

Амин қышқылдары	ФАО/БДҰ межелігі, г/100 г ақуыз	№ 1 бақылау үлгісі	№2 бақылау үлгісі	Тәжірибелік үлгі
		г/100 г ақуыз	г/100 г ақуыз	г/100 г ақуыз
Ақуыз мөлшері, г		19,76	17,39	20,74
Ауыстырылмайтын амин қышқылдары:				
валин	5,0	4,80	4,80	4,64
лейцин	7,0	7,53	7,53	7,25
изолейцин	4,0	3,86	3,86	3,71
лизин	5,5	8,63	8,63	8,37
метионин+цистин	3,5	3,64	3,64	3,44
фенилаланин+тирозин	6,0	6,99	6,99	6,7
триптофан	1,0	1,6	1,6	1,51
треонин	4,0	4,13	4,13	3,97
Амин қышқылдарының жалпы мөлшері		41,18	41,18	39,59

Ақуыздардың амин қышқылдық құрамының теңгерімсіздігі зат алмасудың бұзылуына, оның синтезінің тежелуіне, және оның салдарынан ағзаның өсуінің тежелуіне алып келеді. Бір амин қышқылының артықшылығы басқа амин қышқылдарының жеткіліксіздігіне және нашар сіңуіне алып келеді. Ағзаның полиқанқыпаған май қышқылдарымен жеткіліксіз қамсыздануы зат алмасудың аса бұзылуына, соның ішінде қан плазмасында холестерин деңгейінің ұлғаюына, балалардың өсу қарқындылығының тежелуіне, сыртқы және ішкі қолайсыз факторларға тұрақтылығының төмендеуіне, тыныс алу мүшелерінің және асқазан-ішек жолы инфекцияларға және т.б. ауруларға сезімталдығының артуына алып келеді.

Минералды заттар дәрумендер сияқты энергетикалық құндылығы жоқ, соған қарамастан олар адам ағзасына өмірінің әртүрлі кезеңдерінде белгілі-бір мөлшерде қажет.

Кесте 4 сыыр етінен дайындалған пісірілген өнімдердің минералдық құрамы келтірілген. Ет өнімінің тәжірибелік үлгісінде бақылау үлгісіне қарағанда макроэлементтер 3,19-3,53% және микроэлементтер 4,84-11,19% жоғары.

Өсімдік композиция пісірілген өнімді калиймен, кальциймен, магниймен, сонымен қатар марганецпен, мыспен және мырышпен байытты, бұл осы элементтердің аз мөлшерінен тұратын ет өнімдері түрлері үшін аса маңызды.

4-кесте. Бақылау үлгілерінің минералдық құрамы

Көрсеткіштер	№ 1 бақылау үлгісі	№2 бақылау үлгісі	Тәжірибелік үлгі
Күл мөлшері, %	3,76	3,59	3,88
Макроэлементтер, мг/кг			
калий	282,0	297,0	311,0
кальций	5,5	6,8	8,0
магний	17,0	19,0	19,0
натрий	1030,0	1050,0	1050,0
фосфор	180,0	180,0	180,0
Микроэлементтер, мкг/100г			
-марганец	22,6	28,5	28,5
-мыс	228,0	236,0	236,0
-мырыш	2930	3240,0	3070,0

Амин қышқылдық және май қышқылдық құрамын, өсімдікті-ақуызды тұздықтың функционалды қасиеттерін талдау нәтижелері өсімдік текті шикізат өнімді жақсартады, дайын өнімнің органолептикалық қасиеттерін жақсартады. Композиция құрамында өсімдік шикізаттарының болуына байланысты қоспаның дәрумендік құрамы жақсарады, ал ет шикізатын тұздық құрамына салып қою амин қышқылдық құрамының теңгерімділігінде және соңғы өнімнің функционалды-технологиялық көрсеткіштерінде көрініс тапқан.

Осылайша, келтірілген зерттеулер өсімдік текті композициясы бар, сиыр етінен дайындалған ысталып пісірілген өнімдердің биологиялық құндылығының артуы туралы дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Лисицын А.Б., Липатов Н.Н., Кудряшов Л.С. и др. Производство мясной продукции на основе биотехнологии.-М. ВНИИМП.-2005-369 с.
- [2] Узаков Я.М. Диханбаева Ф.Т., Абжанова Ш.А., Ергазы улы С., Рскелдиев Б.А. Новые виды цельномышечных варено-копченых мясных продуктов // Мясная индустрия, г.Москва, 2010, №2 С. 42-44 с.
- [3] Я.М. Узаков. Биотехнологические аспекты создания продуктов из баранины нового поколения. КазгосИНТИ – Алматы.: 2005.
- [4] Узаков Я.М., Прянишников В.В., Ильяков А.В. Белки и пищевые волокна в мясных технологиях. Издательство «Эверо»– Алматы.: 2013
- [5] Узаков Я.М., Соловьев А.Ю., Байболова Л.К., Жаксылыкова А.Н. Разработка технологии функциональных мясных продуктов Мясная индустрия, Москва 2010. - №3, с.51-52 с

Узаков Я. М., Таева А. М., Матибаева А. И., Койшыбай Ж., Нуртаева А.Б.

Исследование качественных показателей варено-копченого мясного продукта из говядины с использованием растительных композиций

Резюме. Разработка технологий мясных продуктов с использованием растительного сырья становится все больше актуальной в нынешнее время. Потому что, в данное время потребители все больше уделяет место здоровому питанию. А здоровье человека как известно напрямую связано с тем что он употребляет в пищу. Поэтому в мясной индустрии все большее применение находят различные растительные добавки для улучшения показателей пищевой и биологической ценностей. В данной статье приведены данные по разработке технологии национальных мясных продуктов из конины с использованием растительного сырья. Которые улучшают физико-химические показатели продукта, что позволяет считать данный продукт продуктом функционального назначения.

Ключевые слова. Мясопереработка, национальные продукты, говядина, аминокислотный состав, биологическая ценность, пищевая ценность, витамины, растительные добавки.

Uzakov Y. M., Taeva A. M., Matibaeva A. I., Koyshibay Zh., Nurtaeva A. B.

Research of qualitative indicators of boiled-smoked meat product from beef with the use of herbal compositions

Summary. Development of technology of meat products using vegetable raw materials becomes more and more relevant. Because, at this time, consumers are increasingly paying place a healthy diet. A human health as it is known is directly related to the fact that he eats. Therefore, in the meat industry are becoming more and more different herbal supplements to improve performance of food and biological value. This article presents data on the development of national technology of meat products from horse meat with vegetable raw materials. Which improves the physical and chemical characteristics of the product, which makes this product a functional purpose product.

Key words: meat processing, national products, beef, amino acid composition, biological value, nutritional value, vitamins, and herbal supplements.

Г.С Аузерхан, Г.С. Дүйсенбек, Б.Е. Кангужин, А.Ы. Сайлаубай
 (әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
 Алматы, Қазақстан Республикасы, akimkhanova22@gmail.com)

**КОМПАКТЫ ГРАФТАҒЫ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ОПЕРАТОР
 РЕЗОЛЬВЕНТАСЫНЫҢ ҮЙІРТКІЛІК ТҮРПАТЫ**

1 Кіріспе


Компакты графта Штурм- Луивулль есебі бос электрондардың моделі шеңберінде күрделі молекуланың электронды тербелісін есептеу кезінде пайда болды [1]. Компакты графқа ақырсыз сәулелерді қосып, көп өлшемді объектінің кейбір ерекшеліктері орынды болатын бірөлшемді ыңғайлы математикалық құрылым алуға болады [2]. Ондай есептерде спектрдің еселігі мейлінше үлкен болуы мүмкін. Ол есепте шашырау матрицасы ось және жарты ось жағдайында болмайтын ерекше қасиеттерге ие.

Бұл мақалада компактты графтың бойындағы Штурм- Луивулль есебінің Грин функциясының әртүрлі тұрпаттары қарастырылады.

Ең алдымен Штурм- Луивулль есебінің қойылымы және талдауы үшін іске асатын графқа сипаттама берейік.

Компакты граф ретінде бағытталған кесінділер үйірін түсінеміз. Әр кесіндіде басы мен соңын анықтайтын бағыт берілген. Алдын ала берілген заңдылықпен кейбір кесінділердің басы мен соңы беттеседі. Беттесетін төбелерді графтың түйіні (vertex) деп, ал түйіндерін қосатын кесіндіні доға (edge) деп атаймыз.


Штурм– Луивилль есебін нақтылау үшін келесі қарапайым графты қарастырайық:



1-сурет. Компакты граф.

Бұл графқа сәйкес диаграмма 2- суретте келтірілген.

Бірінші кесіндінің ұзындығы s_1 , екінші кесіндінің ұзындығы s_2 , ал үшінші кесіндінің ұзындығы s_3 болсын. Бұл диаграммада $[b_1, c_1], [b_2, c_2], [b_3, c_3]$ кесінділердің бағыттары $\vec{b_1c_1}, \vec{b_2c_2}, \vec{b_3c_3}$ және олардың ұзындықтары s_1, s_2, s_3 көрсетілген. Ал беттесетін төбелері b_1, b_2, b_3 үзілісті сызықтармен көрсетілген.



2-сурет. Графтың диаграммасы

Әр кесіндіде анықталған функциялар $\psi_i(x_i)$, $i = 1, 2, 3$ үшін екінші ретті дифференциалдық өрнектер берілсін:

$$l_i(\psi_i) \equiv \psi_i''(x_i) + u_i(x_i)\psi_i(x_i), \quad x_i \in (0, s_i), \quad i = 1, 2, 3$$

Мұндағы u_i – әдетте i – ші кесіндідегі потенциал деп аталады. $u_i = 0, i = 1, 2, 3$ болсын. Сонымен графтың доғасының бойында дифференциалдық өрнектер беріледі. Енді графтың түйіндерінде орындалатын шарттар Кирхгоф заңдарынан шығады [3].

а) графтың түйіндерінде функциялар үзіліссіз болуы қажет.

б) графтың әр түйініндегі кіретін ағындар мен шығатын ағындардың тепе-теңдігі сақталуы қажет. Олай болса 1- суретке сәйкес графтың түйіндерінде орындалатын шарттар:

$$\psi_1(b_1) = \psi_2(b_2) = \psi_3(b_3) \quad (\text{түйініндегі үзіліссіздік шарты}) \quad (1.1)$$

$$\psi_1'(b_1) + \psi_2'(b_2) + \psi_3'(b_3) = 0 \quad (\text{бірінші түйіндегі ағынның балансы}) \quad (1.2)$$

$$\psi_2'(c_2) = 0 \quad (\text{екінші түйіндегі ағынның балансы}) \quad (1.3)$$

$$\psi_3'(c_3) = 0 \quad (\text{үшінші түйіндегі ағынның балансы}) \quad (1.4)$$

$$\psi_1'(c_1) = 0 \quad (\text{төртінші түйіндегі ағынның балансы}) \quad (1.5)$$

Сонымен графтың доғаларының бойында l_1, l_2, l_3 дифференциалдық өрнектер және графтың түйіндерінде (1.1), (1.2), (1.3), (1.4), (1.5) шарттар арқылы графтың бойында дифференциалдық оператор анықталған және оны A деп белгілейміз.

Есептің қойылуы.

- 1) A операторының резольвентасын анықтау.
- 2) A операторының резольвентасына сәйкес үйірткіні енгізу.
- 3) Үйірткінің қасиеттерін зерттеу.

2. Оператордың резольвентасы

Қажетті резольвентаны табу үшін келесі дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін шекаралық есепті шығару қажет.

$$-\frac{d^2\psi_1}{dx_1^2} + u_1(x_1)\psi_1(x_1) - \lambda\psi_1(x_1) = f_1(x_1), \quad x_1 \in (b_1, c_1)$$

$$-\frac{d^2\psi_2}{dx_2^2} + u_2(x_2)\psi_2(x_2) - \lambda\psi_2(x_2) = f_2(x_2), \quad x_2 \in (b_2, c_2)$$

$$-\frac{d^2\psi_3}{dx_3^2} + u_3(x_3)\psi_3(x_3) - \lambda\psi_3(x_3) = f_3(x_3), \quad x_3 \in (b_3, c_3)$$

$$\psi_1(b_1) = \psi_2(b_2) = \psi_3(b_3)$$

$$\psi_1'(b_1) + \psi_2'(b_2) + \psi_3'(b_3) = 0$$

$$\psi_2'(c_2) = 0$$

$$\psi_3'(c_3) = 0$$

$$\psi_1'(c_1) = 0$$

[4] әдебиеттің нәтижесі бойынша есептің шешімі келесі түрде жазылады:

$$\det M = \begin{vmatrix} \cos \sqrt{\lambda}(x_1 - s_1) & 0 & 0 & \psi_1(x_1, \lambda) - \int_{s_1}^{x_1} \frac{\sin \sqrt{\lambda}(t - x_1)}{\sqrt{\lambda}} f_1(t) dt \\ \cos \sqrt{\lambda}s_1 & -\cos \sqrt{\lambda}s_2 & 0 & I_1 - I_2 \\ \cos \sqrt{\lambda}s_1 & 0 & -\cos \sqrt{\lambda}s_3 & I_1 - I_3 \\ \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s_1 & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s_2 & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s_3 & -J_1 - J_2 - J_3 \end{vmatrix} =$$

$$= \begin{vmatrix} \cos \sqrt{\lambda}(x_1 - s_1) & 0 & 0 & \psi_1(x_1, \lambda) \\ \cos \sqrt{\lambda}s_1 & -\cos \sqrt{\lambda}s_2 & 0 & 0 \\ \cos \sqrt{\lambda}s_1 & 0 & -\cos \sqrt{\lambda}s_3 & 0 \\ \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s_1 & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s_2 & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s_3 & 0 \end{vmatrix} +$$

$$+ \begin{vmatrix} \cos \sqrt{\lambda}(x_1 - s_1) & 0 & 0 & \int_{s_1}^{x_1} \frac{\sin \sqrt{\lambda}(t - x_1)}{\sqrt{\lambda}} f_1(t) dt \\ \cos \sqrt{\lambda}s_1 & -\cos \sqrt{\lambda}s_2 & 0 & I_1 - I_2 \\ \cos \sqrt{\lambda}s_1 & 0 & -\cos \sqrt{\lambda}s_3 & I_1 - I_3 \\ \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s_1 & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s_2 & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s_3 & -J_1 - J_2 - J_3 \end{vmatrix} = 0$$

Соңғы теңдіктегі екінші анықтауышты $H_1(F)$ деп белгілейміз. Олай болса $\psi_1(x_1, \lambda)$ шешімі келесі формуламен табылады.

$$\psi_1(x_1, \lambda) = \frac{H_1(F)}{\Delta(\lambda)} \quad (2.1)$$

мұндағы

$$I_i = \int_0^{s_i} \frac{\sin \sqrt{\lambda}t}{\sqrt{\lambda}} f_i dt, \quad i = 1, 2, 3$$

$$J_i = \int_0^{s_i} \cos \sqrt{\lambda}t f_i dt, \quad i = 1, 2, 3$$

$$\Delta(\lambda) = \begin{vmatrix} \cos \sqrt{\lambda}s_1 & -\cos \sqrt{\lambda}s_2 & 0 \\ \cos \sqrt{\lambda}s_1 & 0 & -\cos \sqrt{\lambda}s_3 \\ \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s_1 & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s_2 & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s_3 \end{vmatrix}$$

Дәл сол сияқты $\psi_2(x_2, \lambda)$ табу үшін келесі анықтауышты енгізейік.

$$H_2(F) = \begin{vmatrix} 0 & \cos \sqrt{\lambda}(x_2 - s_2) & 0 & \int_{s_2}^{x_2} \frac{\sin \sqrt{\lambda}(t - x_2)}{\sqrt{\lambda}} f_2(t) dt \\ \cos \sqrt{\lambda}s_1 & -\cos \sqrt{\lambda}s_2 & 0 & I_1 - I_2 \\ \cos \sqrt{\lambda}s_1 & 0 & -\cos \sqrt{\lambda}s_3 & I_1 - I_3 \\ \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s_1 & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s_2 & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s_3 & -J_1 - J_2 - J_3 \end{vmatrix}$$

Олай болса

$$\psi_2(x_2, \lambda) = \frac{H_2(F)}{\Delta(\lambda)} \quad (2.2)$$

$\psi_3(x_3, \lambda)$ – ны табу үшін келесі анықтаушыты енгізейік

$$H_3(F) = \begin{vmatrix} 0 & 0 & \cos \sqrt{\lambda}(x_3 - s_3) & -\int_{s_3}^{x_3} \frac{\sin \sqrt{\lambda}(t - x_3)}{\sqrt{\lambda}} f_3(t) dt \\ \cos \sqrt{\lambda s_1} & -\cos \sqrt{\lambda s_2} & 0 & I_1 - I_2 \\ \cos \sqrt{\lambda s_1} & 0 & -\cos \sqrt{\lambda s_3} & I_1 - I_3 \\ \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda s_1} & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda s_2} & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda s_3} & -J_1 - J_2 - J_3 \end{vmatrix}$$

Олай болса

$$\psi_3(x_3, \lambda) = \frac{H_3(F)}{\Delta(\lambda)} \quad (2.3)$$

(2.3), (2.2), (2.1) формулаларды біріктірсек, $\vec{F} \rightarrow \vec{\psi} = (\psi_1, \psi_2, \psi_3)^T$ табылады. Демек

$$\vec{F} = \begin{pmatrix} f_1 \\ f_2 \\ f_3 \end{pmatrix} \rightarrow \vec{\psi} = \begin{pmatrix} \psi_1 \\ \psi_2 \\ \psi_3 \end{pmatrix}$$

Бұл кері заңдылықты резольвента деп атайды және $(A - \lambda I)^{-1}$ деп белгіленеді.

Сонымен графтың бойындағы резольвентаны таптық. Егер $s_1 = s_2 = s_3 = s$ болса, онда резольвентаны ашып жазуға болады.

$$\vec{\psi} = \begin{bmatrix} \psi_1(x_1, \lambda) \\ \psi_2(x_2, \lambda) \\ \psi_3(x_3, \lambda) \end{bmatrix} = \frac{1}{\Delta(\lambda)} \int_0^s \begin{bmatrix} A_{11} & A_{12} & A_{13} \\ A_{21} & A_{22} & A_{23} \\ A_{31} & A_{32} & A_{33} \end{bmatrix} \begin{bmatrix} f_1(t) \\ f_2(t) \\ f_3(t) \end{bmatrix} dt \quad (2.4)$$

Мұндағы

$$A_{11} = \begin{vmatrix} \cos \sqrt{\lambda}(x_1 - s) & 0 & 0 & \theta_1 \frac{\sin \sqrt{\lambda}(t - x_1)}{\sqrt{\lambda}} \\ \cos \sqrt{\lambda s} & -\cos \sqrt{\lambda s} & 0 & \frac{\sin \sqrt{\lambda t}}{\sqrt{\lambda}} \\ \cos \sqrt{\lambda s} & 0 & -\cos \sqrt{\lambda s} & \frac{\sin \sqrt{\lambda t}}{\sqrt{\lambda}} \\ \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda s} & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda s} & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda s} & -\cos \sqrt{\lambda t} \end{vmatrix}$$

$$A_{12} = \begin{vmatrix} \cos \sqrt{\lambda}(x_1 - s) & 0 & 0 & 0 \\ \cos \sqrt{\lambda}s & -\cos \sqrt{\lambda}s & 0 & -\frac{\sin \sqrt{\lambda}t}{\sqrt{\lambda}} \\ \cos \sqrt{\lambda}s & 0 & -\cos \sqrt{\lambda}s & 0 \\ \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & -\cos \sqrt{\lambda}t \end{vmatrix}$$

$$A_{13} = \begin{vmatrix} \cos \sqrt{\lambda}(x_1 - s) & 0 & 0 & 0 \\ \cos \sqrt{\lambda}s & -\cos \sqrt{\lambda}s & 0 & 0 \\ \cos \sqrt{\lambda}s & 0 & -\cos \sqrt{\lambda}s & -\frac{\sin \sqrt{\lambda}t}{\sqrt{\lambda}} \\ \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & -\cos \sqrt{\lambda}t \end{vmatrix}$$

$$A_{21} = \begin{vmatrix} 0 & \cos \sqrt{\lambda}(x_2 - s) & 0 & 0 \\ \cos \sqrt{\lambda}s & -\cos \sqrt{\lambda}s & 0 & \frac{\sin \sqrt{\lambda}t}{\sqrt{\lambda}} \\ \cos \sqrt{\lambda}s & 0 & -\cos \sqrt{\lambda}s & \frac{\sin \sqrt{\lambda}t}{\sqrt{\lambda}} \\ \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & -\cos \sqrt{\lambda}t \end{vmatrix}$$

$$A_{22} = \begin{vmatrix} 0 & \cos \sqrt{\lambda}(x_2 - s) & 0 & \theta_2 \frac{\sin \sqrt{\lambda}(t - x_3)}{\sqrt{\lambda}} \\ \cos \sqrt{\lambda}s & -\cos \sqrt{\lambda}s & 0 & -\frac{\sin \sqrt{\lambda}t}{\sqrt{\lambda}} \\ \cos \sqrt{\lambda}s & 0 & -\cos \sqrt{\lambda}s & 0 \\ \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & -\cos \sqrt{\lambda}t \end{vmatrix}$$

$$A_{23} = \begin{vmatrix} 0 & \cos \sqrt{\lambda}(x_2 - s) & 0 & 0 \\ \cos \sqrt{\lambda}s & -\cos \sqrt{\lambda}s & 0 & 0 \\ \cos \sqrt{\lambda}s & 0 & -\cos \sqrt{\lambda}s & -\frac{\sin \sqrt{\lambda}t}{\sqrt{\lambda}} \\ \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & -\cos \sqrt{\lambda}t \end{vmatrix}$$

$$A_{31} = \begin{vmatrix} 0 & 0 & \cos \sqrt{\lambda}(x_3 - s) & 0 \\ \cos \sqrt{\lambda}s & -\cos \sqrt{\lambda}s & 0 & \frac{\sin \sqrt{\lambda}t}{\sqrt{\lambda}} \\ \cos \sqrt{\lambda}s & 0 & -\cos \sqrt{\lambda}s & \frac{\sin \sqrt{\lambda}t}{\sqrt{\lambda}} \\ \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda}s & -\cos \sqrt{\lambda}t \end{vmatrix}$$

$$A_{31} = \begin{vmatrix} 0 & 0 & \cos \sqrt{\lambda}(x_3 - s) & 0 \\ \cos \sqrt{\lambda s} & -\cos \sqrt{\lambda s} & 0 & \frac{\sin \sqrt{\lambda t}}{\sqrt{\lambda}} \\ \cos \sqrt{\lambda s} & 0 & -\cos \sqrt{\lambda s} & \frac{\sin \sqrt{\lambda t}}{\sqrt{\lambda}} \\ \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda s} & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda s} & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda s} & -\cos \sqrt{\lambda t} \end{vmatrix}$$

$$A_{32} = \begin{vmatrix} 0 & 0 & \cos \sqrt{\lambda}(x_3 - s) & 0 \\ \cos \sqrt{\lambda s} & -\cos \sqrt{\lambda s} & 0 & -\frac{\sin \sqrt{\lambda t}}{\sqrt{\lambda}} \\ \cos \sqrt{\lambda s} & 0 & -\cos \sqrt{\lambda s} & 0 \\ \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda s} & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda s} & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda s} & -\cos \sqrt{\lambda t} \end{vmatrix}$$

$$A_{33} = \begin{vmatrix} 0 & 0 & \cos \sqrt{\lambda}(x_3 - s) & \theta_3 \frac{\sin \sqrt{\lambda}(t - x_3)}{\sqrt{\lambda}} \\ \cos \sqrt{\lambda s} & -\cos \sqrt{\lambda s} & 0 & 0 \\ \cos \sqrt{\lambda s} & 0 & -\cos \sqrt{\lambda s} & -\frac{\sin \sqrt{\lambda t}}{\sqrt{\lambda}} \\ \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda s} & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda s} & \sqrt{\lambda} \sin \sqrt{\lambda s} & -\cos \sqrt{\lambda t} \end{vmatrix}$$

Мұндағы

$$\theta_i = \begin{cases} 0, & t < x_i \\ -1, & t \geq x_i \\ i = 1, 2, 3 \end{cases}$$

Сонымен келесі теорема дәлелденді.

Теорема 1. Графтың бойындағы A операторының резольвентасы $(A - \lambda I)^{-1} \vec{F} = -\frac{1}{\Delta} \int_0^s A \vec{F} dt$

беріледі, мұндағы A - матрицасының элементтері A_{ij} жоғарыда көрсетілген.

3. Оператордың спектрі

Бұл пунктте A операторының спектрі дискретті екендігін және оның меншікті мәндерінің саны шексіз екендігін көрсетеміз.

Лемма 1. A операторының меншікті мәндері $\Delta(\lambda)$ бүтін функцияның нөлдерімен пара-пар.

Зерттеу нәтижелері. Қой ұшасының белгілі бөліктерінен биологиялық құндылығы жоғары және ерекше дәмді пісіп-ысталған ұлттық өнімдердің түрлерін өндіруге болады. Бұндай өнімдерді өндіру мақсаты қазақ халқының дәстүрі бойынша ерекше кездесулер кезінде, құрмет көрсету ретінде дастарханда ұлттық ет өнімдердің болуы абзал. Қой ұшасын қазақша жіліктеудің басты артықшылығы, ұшаны сүйектерін шақпай тек буын арқылы бөліп, сүйектің етке түсіп кетуін алдын-алады. Осылай, жамбас (артқы сирақтың жоғарғы бөлігі), сүбе (арқа бөлігінің алғашқы төрт қабырғасы), жауырын (жауырынның жоғары бөлігі), белдеме (арқа бөлігі), омыртқа және т.б. Осындай жіліктеу нәтижесінде 22 ет бөлігі бөлініп алынады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда қой еті ұшасын ГОСТ 7596-81 «Ет. Бөлшек саудаға арналған қой мен ешкі еті ұшасын жіліктеу» бойынша жіліктейді, бұл стандарт бойынша шұжық-аспаздық өнімдер мен консерві өндіруге арналған сіңір-шеміршегінен ажыратылған ет бөліп алынады.

Тәжірибе барысында “жамбасты сыбаға”, “жауырынды сыбаға”, “сүбелі сыбаға” ұлттық өнімдерді жасауға арналған шикізат бөлініп алынды. І категориялы ұшадан шикізат шығымы: жамбас 24,2 %, жауырын- 19,1%, сүбе - 9,8%, ал 2 категориялы ұшадан – сәйкесінше 23,9, 18,7 және 7,2 %.

1-кесте. Қой етін ұшасын жіліктеу кезінде ет бөліктерінің шығым нормасы %

Шикізат атауы	Қондылығы		ГОСТ 7596-81 бойынша	
	1 категория	2 категория	1 категория	2 категория
Жамбас	24,2	23,9	-	-
Жауырын	19,1	18,7	-	-
Сүбе	9,8	7,2	-	-
Сіңірі алынған ет	21,1	18,4	72,9	64,7

Ұлттық ет өнімдерін жасауға арналып бөлініп алған ет бөліктерінің морфологиялық құрамын талдау нәтижесінде ет бөліктерінің жалпы массасының 77,4 - 82,9 %-ын бұлшық ет ұлпасы, ал 2,9 - 8,3 %-ын май ұлпасы құрайтыны анықталды.

Жамбастың және омыртқаның ет бөліктері беткі бұлшық ет майы жиалуымен сипатталады. Бұл ет бөліктерінде дөңгелек, етті, көбіне дәнекер ұлпасы аз динамикалық мускулдан шоғырланған, бұл осы ет бөлігінің аспаздық және тағамдық құндылығын арттырады. Жауырын бөлігі жоғары сүйек мөлшерімен (16,1 %) және майдың аз болуымен (2,9 %) ерекшелінеді. Қой еті ұшасының жеке бөліктерінің морфологиялық құрамы кесте 2-де берілген.

2-кесте. Қой еті ұшасы жеке бөліктерінің морфологиялық құрамы, %

Шикізат атауы	Бұлшық ет ұлпас	Май ұлпасы	Сүйек ұлпасы	Барлығы
Жамбас	82,9	4,2	12,9	100,0
Жауырын	81,0	2,9	16,1	100,0
Сүбе	77,4	8,3	14,3	100,0

Ет жұмсағының көлемі және сүйек пен шеміршектің аз мөлшері болғандықтан қой еті басқа ет түрлерінен асып түседі. Қой еті, әсіресе жас малдың тағамдық қасиеттері ақуыз бен майдың қолайлы қатынасы және В тобы дәрумендерінің мөлшері басқа ет түрлеріне қарағанда жоғары. Сонымен қатар, қой етінде туберкулез инфекциялары мен басқа да инвазиялар жоқтың қасы.


Зерттеулердің мақсаты қой ұшасының белгілі бөліктерінен жоғары биологиялық құнды және арнайы дәм болатындай ұлттық пісіріліп-қақталған өнімдердің түрлерін өндіру. Салт-дәстүріміз бойынша арнайы қонақ күтуде, оларға деген сыйластықтың белгісі ретінде ұлттық ет өнімдерін табыс етеміз. Осыған байланысты ұлттық тұтас бұлшық етті ет өнімдерін өндіруде қой ұшасын комплексті түрде мүшелеу керек.

Қой ұшасын комплексті түрде қолдану мүмкіндіктері оны ары қарата өңдеу үшін зерттелді. Біз қой ұшасын ұлттық әдіспен – жіліктеу арқылы бөлеміз. Қойды қазақша мүшелеу ұшаны жіліктеу бойынша бөледі, бұл әдістің ерекшелігі сүйекті зақымдамайды және етке майда сүйектің қалдықтары түспейді. Осындай мүшелеу кезінде етті 22 бөлікке бөледі.

Бөліктер өзіне қатысты сүйектермен бөлінеді: жамбас, ортан жілік, белдеме немесе беломыртқа, сүбе, қабырға, төс, омыртқа, жауырын, кәрі жілік, бұғана, мойын. Қой еті ұшасын бөлшектеудің жетілдірілген сұлбасы сурет 1-де көрсетілген.

Ет бөліктерінің сәйкес сүйегімен алады: жамбас, ортан жілік, белдеме немесе беломыртқа, сүбе, қабырға – 5,6,7 және 8-ші төс қабырғалары; төс, омыртқа, жауырын, кәрі жілік, бұғана – жауырын астындағы төстің бес қабырғасы, мойын.

Қондылығы I категория ұша шикізатының шығымы жауырын бөлігінде 19,69%, жамбас – 30,24%, белдеме – 5,96%, мойын – 5,33%.



1-сурет. Қой ұшасын ұлттық әдіспен жіліктеу

Еттің негізгі құраушылары – су, май және ақуыз бір-біріне сандық байланыста болады. Ұшаның май мөлшері жоғары бөліктерінің құрамында су мен ақуыз мөлшері аз болады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бірдей қондылық кезінде жеке ет бөліктерінде май әр түрлі жиналады. Әсіресе, жал (72,3 %) мен қарта (42,8 %) секілді бөліктерінде айырықша байқалады. Артқы бөлікте ылғал (70,5%) мен ақуыз (19,1%) мөлшері көбірек, ал май мөлшері(9,7 %) аз болып келеді. Жауырын, арқа және құйымшақ бөліктері майдың бірқалыпты (9,6 - 13,2 %) жиналуымен және ылғалдың жоғары мөлше-рімен (68,5 - 70,9 %) ерекшелінеді.

Сонымен, ұшаның ең жақсы бөліктері (артқы, сегізкөз, арқа) протеиннің жоғары мөлшері мен майдың бірқалыпты жиналуымен ерекшеленеді.

Арқа (19,2 %) және артқы (19,1%) бөлігінің жұмсақ ет бөлігі азотты заттарға бай болып келеді.

Қондылығы 1-ші және 2-ші категориялықой еті ұшасын жіліктеудің қолданыстағы және тәжі-рибелік сұлбасы арқылы алынған қой етінің сұрып бойынша химиялық құрамы кесте 3,4-те берілген.

3-кесте. Қондылығы 1 категориялы малдардан сіңірі алынған қой етінің химиялық құрамы

Атауы	Сұрып	Мөлшері, %			
		Ылғалдылық	Май	Ақуыз	Күл
Тәжірибе	ж/сұрып	75,30±0,45	3,65 ±0,12	19,70±0,37	1,01 ±0,01
	1 сұрып	74,58±0,56	4,95 ±0,15	19,17±0,40	1,00 ±0,01
	2 сұрып	65,74±0,44	14,48±0,32	18,37±0,64	1,01 ±0,01
Бақылау	ж/сұрып	75,50±0,68	3,75 ±0,16	19,62±0,48	1,01 ±0,01
	1 сұрып	75,01±0,52	4,60 ±0,16	19,15±0,39	1,00 ±0,01
	2 сұрып	66,10±0,95	14,27±0,74	18,30±0,85	0,97 ±0,01

4-кесте. Қондылығы 1 категориялы малдардан сіңірі алынған қой етінің химиялық құрамы

Атауы	Сұрып	Мөлшері, %			
		Ылғалдылық	Май	Ақуыз	Күл
Тәжірибе	ж/ сұрып	75,30 ±0,41	3,93 ±0,12	20,55 ±0,36	1,00 ±0,01
	1 сұрып	74,54 ±0,52	4,93 ±0,17	19,18 ±0,45	1,01 ±0,01
	2 сұрып	68,46 ±0,34	11,99 ±0,74	18,22 ±0,61	1,01 ±0,01
Бақылау	ж/ сұрып	75,28 ±0,49	3,98 ±0,09	19,40 ±0,41	1,01 ±0,01
	1 сұрып	74,61 ±0,33	4,80 ±0,11	19,29 ±0,34	1,01 ±0,01
	2 сұрып	68,54 ±0,29	4,80 ±0,11	18,39 ±0,41	1,01 ±0,01

Құрамындағы толыққанды ақуыздардың мөлшері бойынша тағамдық құндылығы жоғары қой ұшасының бөліктері – арқа, сегізкөз және артқы бөліктері.

Қой еті құндылығы жоғары қасиеттермен сипатталады, құрамында ақуыз мөлшері (12,8 - 19,8%) сиыр мен шошқа етімен бірдей келеді. Қой етін қолдану тіс эмалінің кариеске тұрақтылығын арттырады және көмірсу алмасуының бұзылуын алдын алады. Қой етінде фтор мөлшері 2 есе көп (120 мкг) сиыр етімен (63 мкг/100 г) салыстырғанда.

Кесте 3-те көріп тұрғандай, қой ұшасының әр түрлі ет бөліктерінің жұмсақ ет бөлігінің химиялық құрамы бірдей болмайды.

Құрамында майы көп ұша бөліктерінде ақуыз бен судың мөлшері аз болады. Сүбеде құрамында май көп (12,8±0,6%) және ылғал мөлшері аз (68,2±0,5%). Жамбаста ақуыз мөлшері көп (18,6±0,5%). Аталған бөліктер биологиялық құндылығы бойынша ең жақсылары, жоғары мөлшерде ақуыз және майдың бірқалыпты жиналуымен ерекшелінеді, сондықтан жоғары сапалы деликатес өнімдерін өндіруге қолайлы болып табылады.

Қой етінің ақуыздары ағзаға қажетті барлық алмастырылмайтын амин қышқылдар қоры бар. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынған идеалды ақуыз аминограммасына сәйкес келеді. Амин қышқылдарының қоры бірдей емес, ол шектеулі амин қышқылдар тобын бөліп көрсетуге, құрамында күкірті бар, олардың жетіспеушілігін шикізатқа ақуызды-майлы эмульсия қосуымен толықтыруға болады.

Қой ұшасыны бөліктерінің қондылығы бойынша морфологиялық ерекшеліктері зерттелді. Сонымен, ұшаның ең жақсы бөліктері (артқы, сегізкөз, арқа) протеиннің жоғары мөлшері мен майдың бірқалыпты жиналуымен ерекшеленеді. Арқа (19,2 %) және артқы (19,1%) бөлігінің жұмсақ ет бөлігі азотты заттарға бай болып келеді.

Қойды қазақша мүшелуе ұшаны жіліктеу бойынша бөледі, бұл әдістің ерекшелігі сүйекті зақымдамайды және етке майда сүйектің қалдықтары түспейді. Осындай мүшелуе кезінде етті 22 бөлікке бөледі. Бөліктер өзіне қатысты сүйектермен бөлінеді: жамбас, ортан жілік, белдеме немесе беломыртқа, сүбе, қабырға, төс, омыртқа, жауырын, кәрі жілік, бұғана, мойын.

Дайын ет өнімдерін ұлттық әдіс бойынша дайындап, өңдеуіне байланысты қой ұшасын мүшелудің жаңа кешенді сұлбасы ұсынылды. Қой ұшасын дифференциалды түрде бөлу деликатесті, тұтас бұлшық етті тұздалған өнімдерін өндіруде, шикізатты өңдеу кезінде шығынын азайтуға және қой етін рационалды түрде қолдануға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Лисицын А.Б., Липатов Н.Н., Кудряшов Л.С. и др. Производство мясной продукции на основе биотехнологии. -М. ВНИИМП.-2005-369 с.

[2] Узаков Я.М Диханбаева Ф.Т., Абжанова Ш.А., Ергазы улы С., Рскелдиев Б.А. Новые виды цельномышечных варено-копченых мясных продуктов // Мясная индустрия, г.Москва, 2010, №2 С. 42-44 с.

[3] Я.М. Узаков. Биотехнологические аспекты создания продуктов из баранины нового поколения. КазгосИНТИ – Алматы.: 2005.

[4] Узаков Я.М., Прянишников В.В., Ильтяков А.В. Белки и пищевые волокна в мясных технологиях. Издательство «Эверо»– Алматы.: 2013

[5] Узаков Я.М., Соловьев А.Ю., Байболова Л.К., Жақсылыкова А.Н. Разработка технологии функциональных мясных продуктов Мясная индустрия, Москва 2010. - №3, с.51-52 с

Узаков Я. М., Оспанова Д.А., Макангали К. К., Кожახиева М. О., Дауренбекова А. Д.

Исследование пищевой ценности баранины

Резюме. В статье рассматривается возможность комплексной переработки баранины. Способ разделки баранины по казахский заключается в разделке по суставам. Цель исследования – совершенствование разделки баранины.

Ключевые слова: баранина, национальные мясные продукты, биологическая ценность, пищевая ценность, аминокислоты, комплексная переработка.

Uzakov Y. M., Ospanova D.A., Makangali K. K., Kozhahieva M.O., Daurenbekova A.D.

Research of nutritional value of lamb

Summary. The possibility of complex lamb processing is considered in the article. The way of cutting lamb in Kazakh is to cut through the joints. The purpose of the study is to improve the cutting of mutton.

Key words: Lamb, national meat products, biological value, nutritional value, amino acids, complex processing

УДК 637.525

Я. М. Узаков, М. О. Кожახиева, К. К. Макангали, М.А. Қалдарбекова А. Д. Дауренбекова
(Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы,
uzakm@mail.ru)

**ҚОЙ ЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МЕХАНИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ЭЛЕКТРОУҚАЛАУЛЫҚ
ЖӘНЕ МЕХАНИКАЛЫҚ ӨНДЕУДІҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ**

Аннотация. Теориялық талдап қорытулар мен комплексті эксперименталды зерттеулердің негізінде майлы-белоктар эмульсиясын енгізе және электро-механикалық әсерлерді қолдана отырып қой етінен пісіріп-ыстап жасалынатын ұлттық тағамдарды өндірудің технологиясы жасалынды және тұрғындар арасында сұранысқа ие ет тағамдарының ассортименті көбейді. Тұздықты шприцтеу кезіндегі тескілеудің ара қашықтығына, электроуқалау мен механикалық өңдеудің режимдік параметрлеріне байланысты қой етіндегі тұздықтың таралуының кинетикасы зерттелді. Қой етінің бұлшық ет талшықтарыдағы тұздық ингредиенттерінің таралу процесі ұзындық емес сипатта екендігі белгіленді.

Негізгі сөздер: қой еті, ұлттық тағамдар, биологиялық құндылық, тағамдық құндылық, амин қышқылды құрамы, кешенді өңдеу.

Кіріспе. Өнімнің сапасының елеулі көрсеткіштерінің бірі басқа дайын өнімдердің көрсеткіштеріне қарағанда жұмсақтығы маңыздырақ бағаланатын еттің консистенциясы болып табылады.

Электроуқалаудан кейін, механикалық өңдеудің алдындағы қой етінің ылғал байланыстырғыш қабілетінің төмендеуі еттің рН шамасының қышқыл жаққа қарай ығысуының нәтижесінде ғана жүріп қоймай, сондай ақ бұлшық еттердің тығыздалу дамуының жеделдетілуінде де жүреді. Сойғаннан кейінгі бұлшық еттердің қысқару деңгейі рН төмендеуінің жылдамдығына байланысты, және өз кезегінде температураның тура функциясы болып табылады.

Зерттеу әдістері. Еттің химиялық құрамын анықтау ет және ет өнімдерінің сапасын, тағамдық құндылығын, құрамындағы ылғал, ақуыз, май және минералды заттар жайлы білуге мүмкіндік береді.

Ылғал құрамын анықтау. Еттің ылғал құрамы оның қасиетіне, сақтау және жылумен өңдеу кезінде жоғалтатын шығынына, сонымен қатар дайындалатын өнімнің сапасына әсер етеді. Ылғал мөлшерін еттегі ылғалды престау жолымен бөлу арқылы анықтайды. Ылғал құрамын ГОСТ 9793-74 және ГОСТ Р 51479-99 сәйкес анықтайды. Ет және дайын өнімдердің құрамындағы ылғал мөлшерін 1050С температурада кептіру арқылы анықтайды.


Зерттеу нәтижелері. Еттің конситенциясының маңызды көрсеткіштері болып табылатын кесінді мен жұмсақтық кернеуінің өзгеруі электроуқалау мен механикалық өңдеудің ұзақтығына байланысты. Қой етін 6 сағат электромеханикалық өңдеу кезінде кесіндінің кернеулігі белоктық-майлы эмульсияның құрамына байланысты $2,18 \cdot 10^{-5}$ Па дан $1,76 \cdot 10^{-5}$ Па ға дейін кемиді, яғни электроуқалаудағы биохимиялық процестердің үдеуіне және майлы жасушалар құрамының ұлғайуына байланысты деген сөз. Қой етінің жұмсақтығы $4,73 \cdot 10^{-4}$ м²/кг нан $5,44 \cdot 10^{-4}$ м²/кг дейін көтеріліп, механикалық төзімділігі төмендеп ет жұмсақтай түседі (1 сурет).

Қой етінің механикалық-құрылымдық қасиеттерінің жақсаруы дайын өнімнің ылғалдылығының өсуіне тығыз байланысты. Жалпы айтқанда қой етінің механикалық-құрылымдық қасиеттерін зерттеу нәтижелері электроуқалау мен механикалық өңдеуді өзара байланыстыра жүргізген кезде оның консистенцияларының едәуір жақсара түсетінін көрсетті.

Зерттеу нәтижелерінің математикалық өңдеуін мына функция түрінде көреміз:

$$y=0,24 \cdot x^4 - 0,3249 \cdot x^3 + 1,4457 \cdot x^2 - 2,7191 \cdot x + 3,1167$$

Нәтижелерді оңтайландыру төрт кезеңде жүргізілді. Бірінші кезеңде ПНС тәуелділігі, көпкомпонентті тұздыққа (ККТ) байланысты икемділігі мен ылғалдалығы белгіленді.




$$Y_1=0,0001 x^3-0,0044 x^2 + 0,039x + 1,71$$

$$R^2=1$$

$$Y_2=-0,0009x^3 + 0,0334x^2 - 0,33x + 5,87$$

$$R^2=1$$

1-сурет. ПНС және 6 сағат механикалық өңдеу кезіндегі көпкомпонентті тұздық (ККТ) құрамына байланысты тұздалған қой етінің жұмсақтығының өзгеру динамикасы



$$Y=-0,0019x^3 + 0,054 x^2 - 0,1833x + 79,7$$

$$R^2=1$$

2-сурет. 6 сағат механикалық өңдеудегі көпкомпонентті тұздық құрамына (ККТ) байланысты тұздалған қой етінің ылғалдылығының өзгеру динамикасы

1-кесте. Механикалық-құрылымдық көрсеткіштер мен тәжірибелік үлгілердің өзгеру динамикасы

МӨ Ұзақтығы, сағ	ККТ құрамы, %	Өзгеріс динамикасы		
		ПНС, 10^{-5} Па	Икемділігі, m^2/kg	Ылғалдылығы, %
1	5	2,07	4,61	78,2
	10	2,1	4,69	78,6
	15	2,08	4,65	79,2
	20	2,09	4,6	79,6
2	5	2,01	4,73	78,4
	10	2	4,77	78,8
	15	1,97	4,98	79,9
	20	1,95	4,87	80,2
3	5	1,94	4,78	78,5
	10	1,91	4,82	79,4
	15	1,92	5,11	80,7
	20	1,9	4,99	80,9
4	5	1,91	4,84	78,9
	10	1,88	4,9	79,9
	15	1,83	5,18	81,6
	20	1,82	5,14	81,1
5	5	1,87	4,89	79,6
	10	1,82	4,93	80,7
	15	1,77	5,24	82,3
	20	1,79	5,19	82,4
6	5	1,81	4,94	79,9
	10	1,78	4,99	81,4
	15	1,71	5,33	82,8
	20	1,69	5,27	82,7

Трендтің теңдеулерінің негізінде, құрамы 5 %дан 20%ға дейінгі көпкомпонентті тұздықтағы ПНС және жұмсақтық (Y_1, Y_2, Y_3) пен ылғалдылықтың оңтайлы мәніне сәйкес, бірінші өнімдікті табу мен оны нөлге теңестіру әдісімен функциялардың ең көп (максимум) және ең төменгі (минимум) мәні анықталды. Барлық жағдайлар үшін ПНС ең көп және ең төменгі мәні, жұмсақтық пен ылғалдылық көпкомпонентті тұздық құрамының 18% шамасында болады.

2-кесте. ПНС максималды және минималды мәні, тәжірибелік үлгілердің жұмсақтығы

МӨ ұзақтығы, сағ.	Оңтайлы параметрлер		
	ПНС, Y_1 опт	Жұмсақтық, Y_2 опт	Ылғалдық, Y_3 опт
1	2	4,69	79,2
2	1,95	5,05	80,2
3	1,91	5,15	81,1
4	1,815	5,24	82,1
5	1,77	5,31	82,7
6	1,68	5,38	83,1

Екінші кезеңде 1 ден 6 сағатқа дейінгі МӨ ұзақтығына Y_1 опт, Y_2 опт, Y_3 тәуелділігі белгіленді. Одан әрі қарай МӨ ұзақтығына $\Delta Y_1, \Delta Y_2, \Delta Y_3$ функцияларының артуының тәуелділігі белгіленді (23 кесте).

3-кесте. МӨ ұзақтығының мақсатты функцияларының көрсеткіштері


МӨ ұзақтығы, сағ.	ΔY_1	ΔY_2	ΔY_3	$\sum_{i=1}^6 \Delta Y_i$
1	0,05	0,28	1,2	1,53
2	-0,05	0,37	1	1,32
3	-0,04	0,1	1	1,06
4	-0,1	0,1	1	1
5	-0,04	0,05	0,34	0,35
6	-0,1	0,08	0,56	0,54

Төртінші кезеңде, мына түрдегі ұсынылған мақсатты функциялар негізінде:

$K = f(\tau)$ тұрғызылды, мұндағы τ - МӨ ұзақтығы

$K = f(\tau)$ функциясын төмендету негізінде бірінші өнімдікті табу және оны нөлге теңестіру әдісімен 5,4 сағатқа тең келетін МӨ оңтайлы ұзақтығы анықталды.

$$K = \sum_{i=1}^6 \Delta Y_i$$



$$Y = 0,0246x^4 - 0,3249x^3 + 1,4457x^2 - 2,7191x + 3,1167$$


3-сурет. Мақсатты функциялардың МӨ тәуелділігі

Пісіріп-ысталған өнімдердің тағамдық құндылығы және оның микробиологиялық бағасы. Белоктардың асқазан, ішек-қарын трактындағы қорытылу жылдамдығы немесе олардың өнімдердің құрамындағы протеолиттік ферменттермен қорытылуы азық-түлік өнімдерінің биологиялық құндылығын анықтайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Тәжірибелік және бақылаудағы үлгілердің белоктарының «in vitro» пепсин және трипсинмен қорытылуы анықталды. Пісіріп-ысталған «ҰЛЫТАУ» және «КӨК ЖАЙЛАУ» өнімдері белоктарының гидролиздерінің өзгеру жылдамдығы көрсетілген.

Белоктардың гидролиздерінің төменмолекулярлы өнімдерінің өсуі пепсиннің әсері сияқты трипсиннің әсерімен де барлық уақытта біртіндеп жүріп отырады. Пепсин мен трипсиннің әсері кезіндегі гидролиздің жылдамдығы тең. Мейлінше жоғары тағамдық құндылығы бар тәжірибелік үлгілердің белоктары үлкен жылдамдықта қорытылады. Бұған электроқалау мен механикалық өңдеу сияқты, көпкомпонентті тұздықтың құрамындағы белоктық-майлы эмульсияның пайдаланылуы да әсер етеді. Етті алдын ала өңдеу тәсілінің айырмашылықтары оның гидролизінің жылдамдығындағы айырмашылықтарды да жағдайластырады.

Жалпы, алынған нәтижелер бақылаудағы үлгілерге қарағанда тәжірибелік үлгілердің қорытылуы 25-30% артық екендігін көрсетті.



$$Y_1 = 0,0038x^4 - 0,0686x^3 + 0,3788x^2 + 0,2221x + 0,1067$$

$$Y_2 = -0,0054x^4 + 0,0401x^3 + 0,0034x^2 + 0,3988x + 0,0409$$

4-сурет. Қой етінен жасалған «ҰЛЫТАУ» өнімі гидролизінің жылдамдығының өзгерісі

4-кесте. Қой етінің гидролизі өнімдерінің жинақталу динамикасы

Ұзақтығы	Гидролиз өнімдері – мг/г өнімде	
	тәжірибе	Бақылау
0	0,09	0,03
1	0,71	0,52
2	1,49	1,04
3	2,64	1,9
4	3,7	2,95
5	4,39	3,72
6	5,13	4,26

Қолданыстағы нормативті құжаттарға сәйкес азық-түлік өнімдерін өндіру процесінде микробиологиялық бағалау жүргізіледі. Шикізат құрамында, алынуы мен сақталынуы жағдайына байланысты, 1 грамында жүз мыңнан бірнеше миллионға дейін микробты жасушалар болады.

Тұздаудан кейін еттің 1 грамында жалпы саны 6 дан 7 млн. ға дейін микробты жасушалар болады. Себебі өндеу, тұздықта ұстау, араластыру процестері кезінде түрлі дәмдеуіштер мен қоспалар қосылады, сыртқы ортамен еттің жанасуы көбейеді, яғни шикізатқа түрлі бактериялардың, оның ішінде ішек таяқшалары енуі мүмкін.

Тұздалу аяқталған соң етті 2-4 сағатқа (немесе 1 кг өнімге 55 минут) ысыту арқылы өндеуге қояды. Бұл жағдайда еттің құрамындағы микробтардың 95% өледі, көбінесе патогенді және шартты патогенді бактериялар. Дайын өнімдерде ішек таяқшалары болмайды.

5-кесте. Дайын өнімдердің микробиологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер атауы	Микробты жасушалар саны, 1 гр мың		
	«ҰЛЫТАУ»	«КӨК ЖАЙЛАУ»	«ҮШҚОҢЫР»
Барлық микробты жасушалар	0,645	0,732	0,693
Сутқышқылды бактериялар	0,094	0,063	0,075
Ішек таяқшалары	-	-	-
Протеилер	-	-	-

Тұздықты шприцтеу кезіндегі тескілеудің ара қашықтығына, электроқалау мен механикалық өңдеудің режимдік параметрлеріне байланысты қой етіндегі тұздықтың тарауының кинетикасы зерттелді. Қой етінің бұлшық ет талшықтарыдағы тұздық ингредиенттерінің таралу процесі ұзындық емес сипатта екендігі белгіленді.

Қой етін ЭУ мен МӨ сутегі иондарының концентрациясының, тұздаудың дәстүрлі тәсілдеріне қарағанда бұлшық ет талшықтарының механикалық-құрылымдық көрсеткіштерінің ылғалбайланыстырғыш қабілеттілігінің мейлінше терең өзгерістерге ұшырауына алып келетіні анықталды. Өңдеудің жеделдетілген әдістерін қолдану бақылаудағыға қарағанда 15-20% жұмсағырақ өнім алуға ықпал етеді.

Қой етін 6 сағат бойы циклдігі 1 сағат - 4,2 рад/секунд бұрыштық жылдамдықпен, 0,5 сағат – шикізат салмағының 30% құймалау тұздығында ұстай отырып, тұздау процесін жеделдетуге қол жеткізетін және циклді механикалық өңдеудің тиімді параметрлері анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Лисицын А.Б., Липатов Н.Н., Кудряшов Л.С. и др. Производство мясной продукции на основе биотехнологии.-М. ВНИИМП.-2005-369 с.

[2] Узаков Я.М Диханбаева Ф.Т., Абжанова Ш.А., Ергазы улы С., Рскелдиев Б.А. Новые виды цельномышечных варено-копченых мясных продуктов // Мясная индустрия, г.Москва, 2010, №2 С. 42-44 с.

[3] Я.М. Узаков. Биотехнологические аспекты создания продуктов из баранины нового поколения. КазгосИНТИ – Алматы.: 2005.

[4] Узаков Я.М., Прянишников В.В., Ильтяков А.В. Белки и пищевые волокна в мясных технологиях. Издательство «Эверо»– Алматы.: 2013

[5] Узаков Я.М., Соловьев А.Ю., Байболова Л.К., Жаксылыкова А.Н. Разработка технологии функциональных мясных продуктов Мясная индустрия, Москва 2010. - №3, с.51-52 с

Узаков Я. М., Макангали К. К., Кожахиева М. О., Калдарбекова М.А., Дауренбекова А. Д.

Исследование электромассирования на структурно-механические свойства баранины

Резюме. В статье рассматривается возможность комплексной переработки баранины. Изучение влияния композиции рассола на готовый продукт. Исследованы методы интенсификации мясного сырья, которые влияют на функционально-технологические свойства готового продукта.

Ключевые слова: баранина, национальные мясные продукты, биологическая ценность, пищевая ценность, аминокислоты, комплексная переработка.

Uzakov Y. M., Makangali K. K., Kozhakhieva M.O., Kaldarbekova M. A., Daurenbekova A.D.

Investigation of electromassing on the structural and mechanical properties of lamb

Summary. The possibility of complex lamb processing is considered in the article. Study the effect of the brine composition on the finished product. The methods of intensification of meat raw materials, which affect the functional and technological properties of the finished product, are investigated.

Key words: Lamb, national meat products, biological value, nutritional value, amino acids, complex processing

УДК 637.525

Я. М. Ұзақов, А. М. Таева, К. К. Макангали, Н.С. Жүсіпова, Р. С. Садықова

(Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы,

uzakm@mail.ru)

ЖЫЛҚЫ ЕТІ ҰШАСЫН БӨЛШЕКТЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Аннотация. Жылқы еті ұшасының жеке бөліктерінің сапасын және тағамдық құндылығын салыстырмалы бағалау және сараптау негізінде жылқы етін сүйексіз (20 атау) және сүйекті бөліктерге жіліктеудің жаңа технологиялық сұлбасы жасалды және ғылыми негізделді, осы сұлба кесінділерді өнеркәсіпте және саудада дифференциалды қолдануға мүмкіндік береді, сонымен қатар алынған кесінділердің рационалды қолдану жолдары ұсынылды. Жылқы еті ұшаларының әртүрлі бөліктерінің сапасын кешенді зерттеу негізінде ет кесінділердің анатомиялық шығуына байланысты сүйіксіз ет шығымы, бұлшық ет құрамы, тағамдық және энергетикалық көрсеткіштері, оның ішінде дәрумендер мен минералды заттар құрамы коллагеннің қорыту, құрылымдық-механикалық сипаттамалары (қаттылығы) және иісіне бойынша жаңа мәліметтер алынды.

Негізгі сөздер. Жылқы ұшасы, жылқы еті, ұлттық тағамдар, етті өңдеу, биологиялық және тағамдық құндылығы, алмастырылмайтын аминқышқылдар.

Кіріспе. Қазіргі заман талаптарына сәйкес ұшаларды боршалауды әлемнің мамандары мен ғалымдардың алдында етті рационалды қолдануын және оның тағамдық және биологиялық құндылығына байланысты дифференциалды баға саясатын қамтамасыз ететін боршалау сұлбаларын жасауды талап етеді. Ресей талаптарына сәйкес жасалған сиыр және шошқа етін кесінділерге жіліктеу сұлбалары негізінде ГОСТ Р 52601-2006 «Ет. Сиыр етін кесінділерге боршалау» және ГОСТ Р 52986-2008 «Ет. Шошқа етін кесінділерге боршалау» ұлттық стандарттар жасалынды, бұл стандарттар ЕЭК БҰҰ стандарттарымен кесіндіні бөліп алу және бағалау принциптері бойынша үйлесімді және халықаралық ет саудасының талаптарына жауап береді.

Жылқы етінің жоғары биологиялық және тағамдық құндылығы, дәмдік қасиеттері осы ет түріне, оның құрамы мен қасиеттеріне бүкіл әлем бойынша жоғары тұтынушылық, сонымен қатар ғылыми ізденістік қызығушылықты арттырады.

Осы ет түрінің ерекшеліктері мен құрамын зерттеу негізінде жылқы теін рационалды боршалау әдістерін жасап шығаруға келесі отандық және шетел ғалымдардың еңбектері арналған: Анашинов Н.В., Барминцева Ю.Н., Калашникова В.В., Ковешникова В.С., Татулова Ю.В., Сусь И.В., Тулеуов Е.Т., Узаков Я.М., Устинова А.В., Чеботарева И.Е., Znamirska A., Stanis-lawczyk R. және т.б. Бірақ бұрын жасалып шығарылған боршалау сұлбалары негізінен жылқы етінен белгілі ет өнімдер топтарын өндіруге және жылқы етінің үш сортын бөліп алуға бағытталған, және етті сатудың қазіргі заман талаптарына қолдануға келмейді. Ресейде және шетелде жылқы теіні кесінділерге боршалауды жүргізу бойынша өнеркәсіпте және саудада рационалды қолдануға мүмкіндік беретін ғылыми негізделген нұсқаулықтар болған жоқ. Жылқы етінің морфологиялық және химиялық құрамы, тұтынушылық және технологиялық қасиеттері толық зерттелмеген және кесінділерді тек өнеркәсіпте қолдануға мүмкіндік береді.

Жылқы етін жіліктеудің жаңа дифференциалды сұлбасы еттің халықаралық сауда талаптарына сәйкес болу керек, және ұшаның әртүрлі ет бөліктерінің тағамдық құндылығы, функционалды және тұтынушылық қасиеттерін зерттеу нәтижелеріне негізделу және кесінділерді рационалды көп нұсқаулы қолдануды қамтамасыз ету қажет.

Сонымен, отандық және халықаралық нарықтың заманауи талаптарын ескере отырып, етке оның ішінде жылқы етіне деген тұтынушылық сұраныстың өсуіне, кесекті жартылай фабрикаттар және бүтін кесекті жылқы өнімдерін өндіре көлемдері ұлғаюына байланысты жылқы ұшаларының әртүрлі бөліктерінің сапасын кешенді зерттеу және «ЕЭК БҰҰ жылқы еті – ұшалар және кесінділер стандарты» жаңа құжаттың негізі ретінде жылқы етін жіліктеудің жаңа сұлбасын жасау зерттеудің өзекті бағыты болып табылады.

Зерттеу әдісі. Жылқы еті ұшаларының әртүрлі бөліктерінің сапасын кешенді зерттеу негізінде ет кесінділердің анатомиялық шығуына байланысты сүйіксіз ет шығымы, бұлшық ет құрамы, тағамдық және энергетикалық көрсеткіштері, оның ішінде дәрумендер мен минералды заттар құрамы коллагеннің қорыту, құрылымдық-механикалық сипаттамалары (қаттылығы) және иісіне бойынша жаңа мәліметтер алынды.


Ет кесінділерінің тұтынушылық сапа коэффициентін есептеудің квалиметриялық моделі ұсынылды, бұл әдіс 10 көрсеткіш мәндерін бағалау негізінде жасалады – бұлшық ет ұлраларының, майдың, ақуыздың, дәнекер ұлпалық ақуыздың, қорытудың, минералды заттардың, дәрумендердің, ылғал байланыстырғыш қасиетін және қаттылықтың массалық үлес көрсеткіштеріне негізделген.

Жылқы еті ұшасының жеке бөліктерінің сапасын және тағамдық құндылығын салыстырымалы бағалау және сараптау негізінде жылқы етін сүйексіз (20 атау) және сүйекті бөліктерге жіліктеудің жаңа технологиялық сұлбасы жасалды және ғылыми негізделді, осы сұлба кесінділерді өнеркәсіпте және саудада дифференциалды қолдануға мүмкіндік береді, сонымен қатар алынған кесінділердің рационалды қолдану жолдары ұсынылды.

Қазақстанда қолданыстағы жылқы еті ұшаларын бөлшектеп сатуға арналған боршалау сұлбасының бірнеше қатар кемшіліктері болды: әртүрлі сұрыпқа жататын кесінділерді бөліп алудың анатомиялық шектері нақты анықталмаған.


Сауда желісінде жылқы еті кесінділері морфологиялық және химиялық құрамы, анатомиялық құрылымы және тұтынушылық сұранысқа байланысты үш сұрыпқа бөлінді. Сұрыптан бөлек жартылай

ұшалардан қазы және жал бөлініп алынды. I сұрыпқа жамбасты бөлік (белдік бөлік, жая, мықын, артқы бөлік) және арқалық бөлік, II сұрыпқа жауырын бөлік, мойын бөлік, төс ет және сан еті, III сұрыпқа мойын ет, көгет, сирақ.



1-сурет. ВНИИК бойынша жылқы етін боршалау.

Белгілеулер: 1 – мойын ет; 2 – мойын бөлігі; 3 - жал; 4 – иық – жауырын бөлігі; 5 – иық асты бөлігі, 6 – төс бөлігі; 7 – төс ет; 8 – арқалық бөлігі; 9 – қабырға бөлігі; 10 – белдік бөлігі; 11 - көгет; 12 – артқы жамбасты бөлік, 13 – сан асты бөлік; 14 – алдыңғы сирақ; 15 – артқы сирақ



2-сурет. Ұлттық өнімдерге арналған жылқы етін боршалау.

Белгілеулер:

1 - жал; 2 – мойын бөлігі; 3 – жауырын бөлігі; 4 – алдыңғы қабырғалық бөлік; 5 – артқы қабырғалық бөлік; 6 – жамбас бөлік; 7 - жая және сүр ет

Орташадан жоғары қондылықтағы жылқы ұшасынан балауса түрінде (салқындалатын немесе мұздатылған ет) қолданылатын шикізат, сонымен қатар дәстүрлі ұлттық тамақ өнімдерін, әдетте сүрленген өнімдер жасауға қолданылатын шикізат алуға болады. Алматы технологиялық университет мамандарымен ұлттық өнімдер өндіруге арналған шикізатты бөліп алу арқылы жылқы ұшаларын кесінділерге боршалау сұлбасы ұсынылды. I категориялы жылқы ұшасының етін талдау кезінде 16,3 % жоғары, 23,6% бірінші, 60,2 % екінші сұрыпты ет алынады. Боршалаудың ұсынылған сұлбасы жылқы етінен ұлттық өнімдер өндіруге қажет шикізатты бөліп алуға мүмкіндік береді, бірақ қарапайым сұрыптық боршалаумен салыстырғанда шұжық өндірісіне қажет талданған ет шығымын 20 % төмендетті

Жалпы етті боршалаудың ұлттық сызбанұсқасын құрудың жалпы ұстанымдары:

- табиғи түрде сату үшін ұшаның тағамдық құндылығы бойынша ең жақсы кесінділерін алу;
- ұшаның құндылығы төменірек болатын ет кесінділерін кулинарлық қолдану және өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін;

- сүйекке, жартылай сүйектері алынған, сүйексіз және артық майдың алынған ет кесінділерін шығару;
- ет кесіндінің тағамдық құндылығына және кулинарлық сапасына қарай дифференциалды бағаларды қолдану.

Бөлшектеп сатуға арналған жылқы ұшасын жіліктеу морфологиялық құрамы мен тағам құндылығы бойынша жоғарлау немесе төмендеу біртекті сапасы болатын ет кесінділерін сұрыпты бөліп алуын қарастырады. Бұл өнеркәсіптік өндеуде ұшаны ұтымды пайдалануға немесе еттің тағамдық құндылығына сәйкес болатын бағамен сатуға мүмкіндік береді. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін әлі жылқы ұшаларының сұрыпты бөлшектеудің бірде бір мемлекеттік стандарты жасалмаған. Республиканың жеке аймақтарында практикада жылқы ұшаның бөлшектеудің белгілі сызбанұсқалар қолданылады.

Мысалы, Семей ет комбинатында ұшаны 9 кесектерге бөледі және әр ет кесіндесінде бұлшық ет, май, сүйек, дәнекер тіндерінің арықатынасы ескерілген. Сондай-ақ, еттің химиялық және морфологиялық құрамы зерттелген және оның каллориялылығы (қуаттылығы) анықталған. Морфологиялық және химиялық анализдерден алынған нәтижелердің негізінде ұшаның сұрыпты бөлшектеудің келесі схемасы ұсынылған: мойын, жауырын, арқа, төс (кеуде), бел, қабырғаның көк еті, жамбас, алдыңғы аяқ жілігі, артқы аяқ жілігі. Бірінші сортқа арқа, төс, бел, қабырғаның көк еті, жамбас ет кесінділерін жатқызады; екінші сортқа – жауырын мен мойын бөліктерін; үшіншіге – артқы мен алдыңғы сирақтырын жатқызады.

Жылқы шаруашылығының ғылыми-зерттеу институтымен ұсынылған сызбанұсқа жылқы ұшаның бөлшектеудің ең қолайлысы болып табылады. Яғни, ұшаны келесі схема бойынша қасаптайды (1-сурет) (ұшаны бұтырлайды): желке еті, мойын, жал, жауырын, иық асты бөлігі, кеуде бөлігі, төс, арқа бөлігі, қабырға бөлігі, бел, қабырғаның көк еті, артқы жамбас бөлігі (2-сурет), алдыңғы аяқ жілігі және артқы аяқ жілігі.

Жылқы ұшаның боршалаудың көптеген әдістерден көбінесе келесі әдісті қолданылады:

• *жал* – жалдың астында жиналған май – мойын бұлшық еттеріне май қабытының қосылған жерімен, бірінші мойын омыртқамен басталып және бірінші кеуде омыртқамен аяқталып, бөлініп алынады;

- *мойын бөлігі*;
- *жауырын бөлігі*;
- *кеуде* (төс);
- *бұғана* – бірінші мен екінші қабырғалары кіреді;
- *қара қабырға* – қабырға алдыңғы бөлігі – ет кесіндісіне 3-6 қабырға кіреді;
- *қазы* – қабырға артқы бөлігі – ет кесіндісіне кейінгі қалған 12 қабырғалары кіреді;
- *ұзын омыртқа* – алдыңғы 12 төс омыртқаларынан құралған;
- *балекей* – соңғы 6 төс омыртқалары кіреді;
- *белдеме* – 6 бел омыртқалары кіретін бел бөлігі;
- *жая* – сауыр бөліктегі аралас бұлшық еті бар май қабаты;
- *жамбас* бөлігі.

Қолданыстағы жылқы етін боршалау сұлбаларын талдау нәтижесінде жылқы ұшасының анатомиялық құрылымына байланысты 7-8 ірі кесінділерді бөліп алу қарастырылғанын көрсетті. Кесінділердің максималды саны (15 атау) саудаға арналған боршалауда көрсетілді. Бірақ, сұрыптық, яғни бағалық ерекшеліктер толық негізделмеген. Кесінділерді бөліп алу шектерінің нақты сипаттамалары болмады, сондықтан, саудада идентификация қиын болып табылады. Бұдан басқа, олардың негізінде кесінділерді бағалаудың визуалды және органолептикалық әдістерін қолдануды қарастыратын сұрып бойынша классификациялаудың субъективті принциптері жатады. Сонымен бірге, дәнекер ұлпалар мен май қыртыстарының болуы тұтынушының талаптарына сәйкес шикізаттың негізгі сапасына сәйкес келмейтін негізгі көрсеткіштері болып табылады. Жылқылардың жартылай ұшаларын аспалы жолдарда келесі 6 кесінділеріне боршаладық:

- *мойын бөлігі* – соңғы мойын мен бірінші төс омыртқасы сызығы бойынша;
- *жауырын бөлігі* – төс жағы мен жауырынның жалғасқан тұсы бойынша;
- *төс (кеуде) бөлігі* – кеуде бөлігінің 5-ші қабырғасынан соңғы қабырғасына дейінгі тұсы бойынша;
- *арқа бөлігі* – кеуде және бел омыртқалар тұсы бойынша;

- *жамбас бөлігі* – жамбас сүйегі бойынша;
- *артқы бөлігі* – жамбас сүйегінен ажыратылған қалған бөлігі бойынша.

Ет саудасының әлемдік тәжірибесі көрсеткендей ірі бағалы кесінділерді (жамбасты, жауырынды, арқа-белдік бөліктер), тұтынушылық бағалауы бойынша ерекшеленетін және жеке бұлшық еттердің тұтастығын сақтайтын ұсақ бөліктерге бөлу нұсқаларына назар аударылады. Уругвайда жылқы етінің жамбасты кесіндісінен қосымша 8 кесек бөліп алады. Канадада көтерме және бөлшектеп сату желілеріне 9 сүйексіз кесінділер түседі, оларды 3 топқа бөледі: «өте нәзік», «нәзік» және «жеткілікті нәзік». Латын Америкасында саудаға массалары салыстырмалы үлкен емес ірі дәнекер ұлпалары алынған 19 сүйексіз кесінділер жеткізілу қарастырылады.

Әртүрлі елдер стандарттары көптеген факторларды ескере отырып жасалады: етті қолдану деңгейі, ұлттық талғам мен дәстүрлер, баға саясаты. Осы барлық факторлар бір-бірімен байланысты және белгілі дәрежеде ұлттық стандарттарда қарастырылатын талаптарға сәйкес болу керек. Бірақ, ет сапасы бойынша сәйкес бағаларды дифференциалау принципіне негізделген етті боршалау сұлбаларының халықаралық стандарттары сатып алушылардың сұранысын қанағаттандыратын және өндірудің тиімділігін арттыратын ең жақсы жолы болып табылады.

Ет кесінділерінің салмақтарын өлшеп, етті сүйектен айыруға жібердік. Кейін алынған бұлшық ет ұлпасын, майын, сіңір мен шеміршек, сүйектерін өлшедік. Содан соң, жалпы ұшаның салмағына келетін ет кесінділерінің шығымын, салмағына келетін таза еттің, майдың, сүйектердің, сіңірлердің, шеміршектердің шығымын анықтадық.

Жылқы ұшаларының бөлек ет кесінділері морфологиялық және химиялық көрсеткіштер бойынша едәуір өзгешеленеді, бұл тағам құндылығына әсер етеді (кесте 1).

1-кесте. **Жылқы ұшалар ет кесінділерінің шығымы мен ұлпа құрамы**

Ет кесінділерінің аты	1-ші категориялы ұшалар						
	ет кесінді-сінің салмағы, кг	ұшаның жалпы салмағына сәйкес болатын ет кесіндісінің шығымы, %	ет кесіндісінің құрамы, %				
			таза ет	май	шөміршек пен сіңір	Сүйек	
Мойын	23,1	12,3	64,1	4,8	24,5	4,2	
Төс (кеуде)	29,8	15,9	63,5	5,2	26,2	3,1	
Жауырын	26,8	14,3	61,6	3,0	28,6	5,3	
Арқа	24,6	13,1	64,0	4,3	27,6	2,4	
Жамбас	14,7	7,8	68,5	3,8	24,1	2,1	
Артқы	64,4	34,4	81,6	1,5	13,6	2,3	
Барлығы	187,4	100					
Ет кесінділерінің аты	2-ші категориялы ұшалар						
	Мойын	19,5	11,6	67,5	1,5	24,9	4,5
	Төс (кеуде)	23,1	13,8	65,9	1,5	27,8	3,2
	Жауырын	29,7	17,8	60,4	1,8	30,1	6,2
	Арқа	20,2	12,1	66,3	1,8	27,8	2,6
	Жамбас	12,7	7,6	68,8	1,6	25,9	2,2
	Артқы	61,7	37,1	81,1	0,8	14,1	2,3
	Барлығы	166,9	100				

Тағам құндылығы бойынша артқы бөлігі ең құнды болып табылады, ол жылқы ұшаның жалпы салмағының 34,4-37,0% құрайды. Бұл бөлігі таза ет салмағының жоғары мөлшерімен (81,6-81,0%), аз сүйек (2,3-2,4%), шөміршек пен сіңір (13,8-14,1%) мөлшерімен сипатталады. Аталған ет кесіндісінде май орташа жиналған, көбінесе жамбастың үстінгі үшінші бөлігінде және лимфа түйінділерінің айналасында орналасқан. Осы кесекте қозғалмалы бұлшық еттер көбірек және дәнекер ұлпалары аз болғандықтан ет кесіндісінің кулинарлық және тағам құндылығын жоғарлатады.

• Технические науки

Жауырын бөлігі салмағы жағынан екінші болып табылады (ұшаның жалпы салмағының 14,3-17,8% құрайды), сонынан төс бөлігі (15,9-13,9%). Ол сүйектердің жоғары мөлшерімен ерекшеленеді, ал таза ет бөлігі сыртқы және бұлшықаралық майларының орташа, дәнекер ұлпаларының мөлшері басым болатынымен сипатталады.

Мойын бөлігі 4,3-4,7% сүйектерден тұрады және май қабаттары көп болады. Таза жұмсақ ет бөлігі дәнекер ұлпалары едәуір жоғары мөлшерімен сипатталады (24,7-25,2%).

Арқа мен жамбас бөліктері беттік май қабатына бай (3,9-4,4%), ал дәнекер ұлпаларының мөлшері салыстырмалы түрде аздау болады.

Сонымен, бұлшық ет ұлпаларының мөлшері жамбас бөлігінде, май – мойын мен арқа бөлігінде, сүйек ұлпаларында – жауырын мен арқа бөлігінде ең көп болады. Органолептикалық көрсеткіштер бойынша жылқы ұшалардың бұлшық еттері дамыған, қанқа сүйектері қатты шығып тұрмаған, май қабаттары жамбас сүйектерінде, іштің қабырғасында, жамбас, арқа, кеуде бұлшық еттерінің арасында байқалады.

Ұлттық тағам өнімдерін шығаруға арналған шикізатты анықтау кезінде шұжық өнімдерін өндіруге қажетті еттің мөлшерін анықтау керек болды. Ұлттық тағам өнімдерді дайындау үшін жылқы ұшасынан жал, жая, қазы, сүр ет және қарта бөлініп алынады (2-кесте).

2-кесте. Кейбір ұлттық өнімдерді дайындауға арналған жылқы шикізатының шығымы

	1-ші категория		2-ші категория	
	кг	%	кг	%
Ұшаның жалпы салмағы	183,4	100	164,1	100
Жал	1,4	0,7	1,1	0,6
Жая	11,3	6,1	8,6	5,1
Қазы	30,1	16,2	17,9	11,1
Қарта	2,1	1,2	1,6	1,0
Таза ет	2,4	1,4	2,2	1,4
Шұжық өнімі	140,6	75,8	136,5	81,8

2-ші кестеден көрсетілгендей ұлттық түрлі өнімдерін дайындау үшін бірінші категориялы жылқы ұшасынан алынған жылқы шикізатының шығымы 23% құрады. Қалған барлық кесінділерінің сүйектерінен бөліп алынған етті шұжық және кулинарлы өнімдерді өндіру үшін қолдануға тиімді болады.

Ұлттық тағам өнімдерін дайындауға арналған шикізатты бөліп алғаннан кейін бірінші категориялы ұшадан 16,1% жоғары сортты, 23,3% бірінші сортты және 59,4% екінші сортты, ал екінші категориялық ұшадан сәйкесінше - 15,1%, 22,3% және 61,4% ет алынды (3-кесте).

3-кесте. Жылқы ұшасынан алынған тарамасты етінің шығымы

Семіздік категориясы	Кесек ет, кг	Сорт бойынша тарамасты етінің шығымы				
		ж/с, кг (%)	1-ші сорт, кг (%)	2-ші сорт, кг (%)	Барлығы	
					кг	%
Бірінші категория						
Тәжірибе	140,6	16,0 (11,4)	23,1 (16,4)	58,7 (41,7)	97,8	69,5
Бақылау	187,4	28,1 (15,0)	37,2 (19,8)	74,8 (39,9)	140,1	74,6
Екінші категория						
Тәжірибе	136,5	13,6 (9,9)	20,1 (14,7)	55,4 (40,6)	89,1	65,3
Бақылау	166,9	26,9 (17,9)	29,9 (17,9)	65,9 (39,5)	122,7	73,5

Берілген мәліметтердің анализі бойынша ұлттық өнімдерді өндіру үшін шикізатты бөліп алу тарамысты етінің шығымын бақылаумен салыстырғанда 18-20%-ға төмендетеді. Шығымның төмендеуі еттің барлық сорттарына тән болады.

ҚОРЫТЫНДЫ. Жылқы ұшаларының анатомиялық ерекшеліктеріне, қолданыстағы боршалау сұлбаларын талдау және осы ет түрінің қолдану ерекшеліктер негізінде жамбасты және жауырындық кесінділерден бұрын бөлініп алынбаған, жаңа 10 бөлік кіретін кесінділер тізімі ұсынылды және олардың салыстырмалы бағалауы жүргізіліп анықталды:

- талданған ет шығымы және еттілік индексі ең үлкен ет сүйекті кесінділер: жамбасты – 79,0% және 3,77, жауырындық – 77,7% және 3,48, және мойын бөлігі – 77,4% және 3,44 сәйкесінше; сонымен қатар, құрамында бұлшық ет ұлпасы 80 %-дан асатын сүйексіз кесінділер: бүйір бөлік, сіңірлі бұлшық ет, жамбасты кесіндінің ішкі жағы, алдыңғы бұлшық ет, арқалық және белдік бөліктер;

- жылқы етіндегі жалпы ақуыздың массалық үлесі 11,35 %-дан 21,55 % дейін кесінді түріне байланысты өзгерді, ақуыздың ең аз мөлшері бойынша жал (11,35%) және төс бөлігі (14,45%), ал ақуыздың үлкен мөлшері бойынша – белдік бөлік (21,55%) және сіңірлі бұлшық ет (20,90%) ерекшеленді; сонымен бірге дәнекер ұлпалық ақуыздың ең үлкен мөлшері көгет, жал және сирақты анықталды, бұл олардың төмен қорытылуын түсіндіреді;

- тәжірибелік мәліметтерді талдау негізінде сүйексіз (20 атау) және сүйекті (9 атау) кесінділерге бөлетін жылқы етін боршалаудың жаңа технологиялық сұлбасы ғылыми негізделіп жасалынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Лисицын А.Б., Липатов Н.Н., Кудряшов Л.С. и др. Производство мясной продукции на основе биотехнологии.-М. ВНИИМП.-2005-369 с.

[2] Узаков Я.М Диханбаева Ф.Т., Абжанова Ш.А., Ергазы улы С., Рскелдиев Б.А. Новые виды цельномышечных варено-копченых мясных продуктов // Мясная индустрия, г.Москва, 2010, №2 С. 42-44 с.

[3] Я.М. Узаков. Биотехнологические аспекты создания продуктов из баранины нового поколения. КазгосИНТИ – Алматы.: 2005.

[4] Узаков Я.М., Прянишников В.В., Ильяков А.В. Белки и пищевые волокна в мясных технологиях. Издательство «Эверо»– Алматы.: 2013

[5] Узаков Я.М., Соловьев А.Ю., Байболова Л.К., Жаксылыкова А.Н. Разработка технологии функциональных мясных продуктов Мясная индустрия, Москва 2010. - №3, с.51-52 с

Узаков Я. М., Таева А. М., Макангали К. К., Жусипова Н.С., Садыкова Р.С.

Совершенствование технологии разделки конины

Резюме. На основе анализа и сравнительной оценки пищевой ценности и качества отдельных частей туши конины разработана и научно обоснована новая технологическая схема разделки конины на отрубы бескостные (20 наименований) и на кости (9 наименований), позволяющая осуществлять их дифференцированное использование, как в промышленности, так и в торговле, а также предложены пути рационального использования полученных отрубов. На основе результатов комплексных исследований качества различных частей туш конины получены новые данные о варьировании выхода бескостного мяса, содержания мышечной ткани, показателей пищевой и энергетической ценности, в том числе содержания витаминов и минеральных веществ, переваримости, развариваемости коллагена, структурно-механических характеристик (жесткости) и аромата в зависимости от анатомического происхождения отрубов.

Предложена квалитетрическая модель расчета коэффициентов потребительского качества отрубов конины, основанная на оценке значений 10 показателей – массовых долей мышечной ткани, жира, белка, соединительно-тканного белка, переваримости, общего содержания минеральных веществ, витаминов, влагосвязывающей способности и жесткости.

Ключевые слова: Туша конины, конина, национальные продукты, мясопереработка, биологическая и пищевая ценность, незаменимые аминокислоты.

Uzakov Y. M., Taeva A. M., Makangali K. K., Zhusipova N.S., Sadykova R. S.

Improvement cutting horse meat technology

Summary. Based on the analysis and comparative evaluation of new technological scheme of cutting horse meat on cuts boneless (20 titles), nutritional value and quality of the individual parts of the carcass of horse meat has been developed and scientifically substantiated and bone (9 items), which they can be differentiated use, both in industry and trade, as well as the ways of rational use of the obtained cuts. Based on the results of comprehensive studies of quality of different parts of carcasses of horsemeat obtained new data on the variation of the output boneless meat, muscle content, indicators of food and energy value, including the content of vitamins and minerals, digestibility, the structural and mechanical properties (stiffness) and aroma depending on the anatomical origin cuts.

A model for calculating the coefficients qualimetric consumer quality cuts of horse meat, based on the assessment of the values of 10 indicators - the mass of muscle tissue share of fat, protein, connective tissue protein digestibility, total content of minerals, vitamins, water binding capacity and rigidity.

Key words: Carcass horse meat, horse meat, national products, meat processing, biological and nutritional value, essential amino acids.

УДК 637.525

Я. М. Ұзақов, А. М. Таева, Ф. Т. Диханбаева, К. К. Макангали, Р. С. Садықова
(Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы,
uzakm@mail.ru)

ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДА ӨСІМДІК ҚОСПАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Аннотация. Ет өнеркәсібінің дәстүрлі өнімдеріне өсімдік шикізатын қоса отырып, функционалды тамақтануға арналған құрамы жануар белогына бай өнімдер жасау бағыты белсенді дамып келеді. Себебі қазіргі таңда салауатты өмір салтына көшу, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау алдыңғы орында тұр. Адам денсаулығы көбіне оның тамақтануына байланысты. Дұрыс тамақтанудың негізгі көрсеткіші ол барлық тамақ компоненттерінің дұрыс қатынас пен көлемде ағзаға жеткізілуі. Сондықтан ет индустриясы адам денсаулығын сақтау үшін құрамына өсімдіктер қосу арқылы дәрумендер мен микроэлементтерге бай өнімдер шығаруға бағытталған. Сол себепті ет өндіру өнеркәсібінің перспективалық және қарышты дамып жатқан бағыттарының бірі жылқы етінен, құрамы ақуыз, май, дәрумендер және микроэлементтерге бай өнімдер рецептурасы мен технологиясын жасап шығару.

Негізгі сөздер: Етті өңдеу, ұлттық тағамдар, жылқы еті, амин қышқылдар, биологиялық құндылығы, тағамдық құндылық, дәрумендер, өсімдік қоспалар.

Кіріспе. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында жылқы етінің өндірісіне айтарлықтай көңіл бөлінеді. Жылқы еті құнды ақуыздар құрамы бойынша сиыр етінен кем болмайтыны анықталған. Оның құрамында барлық алмастырылмайтын аминқышқылдар бар және олар өте қолайлы қатынаста орналасқан.

Ірі қара мал етімен салыстырғанда жылқы етінде триптофан, гистидин, тирозин, фенилаланин және метионин мөлшері көбірек. Жылқы малының инфекциялық және инвазионды ауруларды қабылдамайтын қасиетін, сонымен қатар, жылқы етінде темір мөлшерінің көптігін (100 г етке 8 мг) пайдалана отырып, Франция және Италия медиктері жылқы етін шикі күйінде туберкулез және анемиямен ауыратын адамдарға жеуге ұсынады. Диеталық өнім ретінде жылқы етін астения ауруына қарсы, жалпы әлсіздікке қарсы, өсу процесі баяу болған кезде және жақсы тамақтанбағандықтан азайған ақуыздар қорын толтыру үшін кеңінен қолданады. Жылқы етінің құрамында көп қанықпаған май қышқылдарының мөлшері көп болғандықтан қан тамырлардың қабырғаларында холестерин жиналмайды, мұның нәтижесінде тамырлардың қабырғалары әктелмейді және де қанда холестерин мөлшері көбеймейді. Сөйтіп, жылқы еті адам ағзасына жақсы әсер етеді.

Қазіргі уақыттағы маңызды мәселелердің бірі – ақуызбен тамақтану, әсіресе малдық шығу тегіндегі ақуыздық қатынасында. Жер шарының өсіп келе жатқан халқын тамақ өнімдерінің жеткілікті мөлшерімен қамтамасыз ету үшін, оларды өндіруді жыл сайын 2,25%-ға арттырып отыру қажет. Малдық шығу тегі бар ақуыздың негізгі көзі ет, сүт, жұмыртқа және балық болып табылады. Ет пен ет өнімдерінің құрамында адамға қажетті ақуыздың жартысы, сонымен қатар майлар, көміртектер, гормондар және басқа да биологиялық белсенді заттар болады. Ет – темір, мырыш және селен секілді шағын элементтердің ұтымды жеткізушісі. Әр түрлі авторлардың зерттеулерінің мәліметтері темірдің 30%-ына жуығының адам организміне етпен және ет өнімдерімен келіп түсетінін көрсетеді.

Зерттеу әдістері. Еттің химиялық құрамын анықтау ет және ет қнімдерінің сапасын, тағамдық құндылығын, құрамындағы ылғал, ақуыз, май және минералды заттар жайлы білуге мүмкіндік береді. Зерттеу әдістерін барлық МЕМСТ бойынша орындалды. Зерттеу объектісі ретінде жылқы еті алынды.

Ұлттық тағам өнімдерін шығаруға арналған шикізатты анықтау кезінде шұжық өнімдерін өндіруге қажетті еттің мөлшерін анықтау керек болды. Ұлттық тағам өнімдерді дайындау үшін жылқы ұшасынан жал, жая, қазы, сүр ет және қарта бөлініп алынады (1-кесте).

1-кесте. Кейбір ұлттық өнімдерді дайындауға арналған жылқы шикізатының шығымы

	1-ші категория		2-ші категория	
	кг	%	кг	%
Ұшаның жалпы салмағы	183,4	100	164,1	100
Жал	1,4	0,7	1,1	0,6
Жая	11,3	6,1	8,6	5,1
Қазы	30,1	16,2	17,9	11,1
Қарға	2,1	1,2	1,6	1,0
Таза ет	2,4	1,4	2,2	1,4
Шұжық өнімі	140,6	75,8	136,5	81,8

1-ші кестеден көрсетілгендей ұлттық түрлі өнімдерін дайындау үшін бірінші категориялы жылқы ұшасынан алынған жылқы шикізатының шығымы 23% құрады. Қалған барлық кесінділерінің сүйектерінен бөліп алынған етті шұжық және аспаздық өнімдерді өндіру үшін қолдануға тиімді болады.

Ұлттық тағам өнімдерін дайындауға арналған шикізатты бөліп алғаннан кейін бірінші категориялы ұшадан 16,1% жоғары сортты, 23,3% бірінші сортты және 59,4% екінші сортты, ал екінші категориялық ұшадан сәйкесінше - 15,1%, 22,3% және 61,4% ет алынды (2-кесте).

2 -кесте. Жылқы ұшасынан алынған тарамасты етінің шығымы

Семіздік категориясы	Кесек ет, кг	Сорт бойынша тарамысты етінің шығымы				
		в/с, кг (%)	1-ші сорт, кг (%)	2-ші сорт, кг (%)	Барлығы	
					кг	%
Бірінші категория						
Тәжірибе	140,6	16,0 (11,4)	23,1 (16,4)	58,7 (41,7)	97,8	69,5
Бақылау	187,4	28,1 (15,0)	37,2 (19,8)	74,8 (39,9)	140,1	74,6
Екінші категория						
Тәжірибе	136,5	13,6 (9,9)	20,1 (14,7)	55,4 (40,6)	89,1	65,3
Бақылау	166,9	26,9 (17,9)	29,9 (17,9)	65,9 (39,5)	122,7	73,5

Берілген мәліметтердің анализі бойынша ұлттық өнімдерді өндіру үшін шикізатты бөліп алу тарамысты етінің шығымын бақылаумен салыстырғанда 18-20%-ға төмендетеді. Шығымның төмендеуі еттің барлық сорттарына тән болады.

«Ысталып-пісірілген жаяны дайындау технологиясы. Жаяны өндіру үшін мынандай шикізат пен материалдар қолданылады:

Жылқы етінің жаясы;

МЕМСТ 13830-97 ас тұзы, ұнтақтығы № 0,1 және 2 болатын;

ОСТ 18-279-76 сәйкес ақ немесе қара ұнтақталған бұрыш;

Білім саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат – жана технологиялар арқылы білім мазмұнын жаңарту деп алдында айтып өткендей, кез-келген технологиямен жұмыс жүргізу 4 саты арқылы іске асады. Олар:

- оқып меңгеру;
- тәжірибеде қолдану;
- шығармашылық бағытта дамыту;
- нәтиже.

Аталмыш технология бүгінгі күнде жасақталынып, толықтырылуда, болашақта тәжірибе барысында қолдану ұсынылмақшы. Аталмыш технологияның ішкі жүйесі:

- басты бет
- дәрістер
- семинарлар
- пікір жазу
- мақалалар
- әдебиеттер

- байланыстар бөлімінен тұрады. Осы жүйелердің әрқайсысына тоқталып, олардың қосымша ретінде қолданылу себептерін айқындайтын болсақ:

Дәріс. Жалпы дәріс дегеніміз – оқытушылардың оқытуда бағыт-бағдар беруде қолданатын, білім алушылардың оқу үрдісі кезіндегі бойына сіңіретін негізгі көмекшісі, яғни оқыту-оқу үрдісінің тірегі. Ұсынып жатқан оқыту технологиясындағы дәрістер – ағымдағы өтіп жатқан дәрістерге қосымша дәріс ретінде қолданылады. Демек, қосымша-көмекші ақпарат көзі деп есептеуге болады. Тіпті өтілмеген тақырыпты алдын-ала ізденіп, «Дәрістер» бөлімінен ақпарат алып дайындалса болады. Бұл білім алушылардың едәуір уақытын үнемдеуіне көп септігін тигізеді. Қосымша материалдарды алу немесе толығырақ оқығысы келгендер үшін «Әдебиеттер» бөліміне сілтеме жасалынған.

Бағалау. Студенттердің ептілігін және білімін бағалау – оқу үрдісінің маңызды элементі. Ол дұрыс ұйымдастырылуына, оқу-тәрбиелік процесстің тиімді басқаруына және маманның сапалы дайындалуына тәуелді. Оқытудың барлық формалары бойынша студенттердің материалды қалай меңгергендігі туралы, «кері байланысты» қалай игергендігі туралы біліп, оқу материалының меңгеру динамикасын бағалай отырып, білімді, ептілікті талдап оқу процесін ұйымдастыруға қажетті түзетулер енгізіледі. Бақылау студентті тәрбиелеп, өз жұмысына деген жауапкершілікті арттырады, оқу еңбегіне жүйелі қарауға үйретеді, күнделікті оқу ісін белсенді етіп, оқуға деген ниетті түзейді. Бақылауды дұрыс жасаған оқытушы білім алушының білімімен ептілігін жетілдіруге шақырады және өзін бағалаудың объективті пікірін қалыптастырып, өзін бақылауға қажеттілікті туындатады. Сайтта, тақырып бойынша іріктелген тапсырмалар берілген. Білім алушы-ізденуші алдын-ала немесе тақырыпқа қосымша ретінде тапсырмаларды өз бетінше немесе оқытушының нұсқауымен шығара алады. Тиімділігі – білім алушы өзін-өзін бағалап, сын таға білуі.

Артықшылығы: таңдаулы тапсырмалар жиынтығы, яғни білім алушы тақырып бойынша алдын ала дайындалған есептерді шығарып, түсінбеген жерін немесе қиындық туындатқан жағдайларды оқытушысынан сұрай алуы. Бұл дегеніміз, уақытты біршама үнемдеп, тиімді жаққа жұмсау. Білім алушыларды осылайша, өздігімен ізденіп, талпынуға жағдай жасап, талпындыру.

Сайтта плазма саласында ашылған жаңалықтар мен болжамдар, мақалалар жазылған «**Мақалалар**» бөлімінен қызықты ашылулар мен ақпарат кеңістігіне шолуға мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар, мәліметтер жайлы қосымша толығырақ оқу үшін арнайы сілтеме жасалынған. «**Пікір жазу**» бөлімінде ұсыныстар мен сұрақтар қалдыруға немесе басқа қолданушылармен пікір алмасуларына болады. Осылайша «Плазма физикасына кіріспе» сабағында <http://plasm.kz/> сайты қолдана отырып оқытудың студенттерге тигізер көмегін мысал етіп келтіруге болады.

Білім беру саласында қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалану білім алушы тұлғалардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылық тұрғыдан еңбек етуіне жағдай жасайды. Қазіргі заманғы қашықтан оқыту технологияларын пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады. Бұл бірінші кезекте сандық түрде жазылған ақпараттарды пайдалану кезінде қажетті мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік береді [3].

Ұсынылған жұмыста қашықтықтан оқытуға тән бірқатар сипаттамалар берілген. Қашықтықтан оқыту курсы білім алушы әрекетінің тиянақты және дәл жоспарлануын, ұйымдастырылуын, оқыту мақсаты мен міндетінің айқын қойылуын, білім алушы мен оқытушының арасындағы интерактивтілікті қамтамасыз ететін қажетті оқу материалдарының жеткізілуін, білім алушы мен оқу материалы арасында кері байланыс болуын талап етеді, топтық оқытуға жағдай жасайды. Осылайша еліміздегі ЖОО-да қашықтықтан оқыту жүйесінде желілік оқыту моделін таңдаудың тиімділігін сипаттай келе оған техникалық мүмкіндіктердің жетерлігін де айтқымыз келеді.

Қортындылай келе, қарастырылған аталмыш технологияны сабақта пайдаланудың мынандай артықшылықтары бар: білім мазмұнын заман талабына сай болуы, болашақта қажетті білімді толығымен алу, білімді өздігімен меңгеру, өзін-өзі бағалай алуы, өз күшіне сенімділіктің болуы, өз жетістігін көре алуы, білім алушыны ізденіске, шығармашылыққа бағыттауы. Сонымен қатар, бұл жүйе арқылы оқытушылар да, білім алушы тұлғалар да әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады.

Біз педагогтар, білім бұл – барлығына және білімнің жаңа сапасы – әр қайсысына демекші, ізденіп талпынған яғни берілген ақпараттармен тоқталып қана қоймай, қосымша ақпарат іздеп, қызыққан адам ғана білімнің жоғары деңгейіне жете алатынын сөзге тиек етпекпіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Туреханова К. М. Коданова С.К. , Физика саласында жоғары кәсіби білім беру мақсатында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану, //7-Ая Республиканская Конференция По Вопросом Книгообеспеченности РК, –2012ж. –5 б.

[2] Қашықтықтан оқыту теориясы мен практикасы/Баспасөз Е.С. Полат – М.,2004.

[3] Нұрбеков Б.Ж. Қашықтықтан оқыту бойынша оқытушылардың кәсіби құзырлығын қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері: автореф. докт. пед. наук.– Алматы, 2010.– 44 б.

Туреханова К.М., Акимханова Ж.Е., Нуржанова М.С.

Цифровые технологии в обучении физики плазмы

Резюме. Основной целью любого технологического обучения является – облегчение процесса образования, учитывая технический ресурс, человеческий ресурс и их взаимодействие. Использование инновационных технологии в процессе обучения не только раскрывает внимание обучающихся, но так же обеспечивает не оставаться в стороне от мировых новостей по отраслям. Показана эффективность использования сайта дистанционного обучения физики плазмы.

Ключевые слова: физика плазмы, инновационные технологии, современные образовательные технологии.

Turekhanova K.M., Akimkhanova Zh.E., Nurzhanova M.S.

Digital Technologies In The Teaching Physics Of Plasma

Summary. The main objective of technological training is simplification process of education considering a technical resource, a human resource and their interaction. The use of innovative technology in the learning process not only reveals the attention of students, it also ensures that we do not stand aside from world news on industries. The article shows the effectiveness of using the site of distance learning plasma physics.

Key words: physics of plasma, innovative technologies, modern educational technologies.

Г. Е. Берікханова, Б. С. Желдыбаева, Б. А. Мукушев, И. С. Мусатаева
(Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет,
Семей, Қазақстан Республикасы)

ФУРЬЕ ҚАТАРЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ САНДЫҚ ӘДІСТЕР

Аннотация. Мақалада периодты функцияларды Фурье қатарына жіктеуді физикалық процестерді зерттеуде қолданудың сандық әдістерінің нәтижелері баяндалған. Сандық әдістерді қолдану Mathcad пакеті көмегімен іске асқан. Жұп және тақ функцияларды Фурье қатарына жіктеу әдістерінің ерекшеліктері ашылған. Периодты функциялардың гармониялық анализінің нәтижелері графикалық, сандық және аналитикалық түрде берілген. Периодты функцияларды Фурье қатарына жіктеген кездегі алынған мүшелердің қосындысын есептеуге арналған әдіс қарастырылған.

Түйін сөздер. Сандық әдістер, периодты жұп және тақ функциялар, Mathcad пакеті, Фурье қатарының мүшелерінің қосындыларын есептеу әдісі.

1. Периодты функциялар және оларды талдаудың теориялық сұрақтары

Белгілі француз ғалымы Ж. Б. Фурье (1768–1830г.г.) кейбір уақытқа тәуелділік түрінде берілген функцияларды шектеулі немесе шектеусіз гармониялық тербелістердің қосындысы түрінде беруге болатынын дәлелдеді. Мұндағы гармониялық тербелістердің амплитудасы, жиілігі және бастапқы фазалары әр түрлі болады. Ал гармониялық тербелістер қатары Фурье қатары деп аталды.

Алдымен $x(t) = x(t + nT)$ шартына бағынатын периодты синусоидалды емес функция туралы түсінік бере кетейік. Мұндағы T – синусоидалды емес сигналдың периоды, n – натурал сандар ($n = 1, 2, 3, \dots$). Егер периодты синусоидалды емес функция Дрихле шартына бағынатын болса, онда аталған функция мына түрдегі Фурье қатарына жіктеле алады [1,2]:

$$f(t) = \frac{a_0}{2} + \sum_{n=1}^{\infty} (a_n \cos n\omega_1 t + b_n \sin n\omega_1 t) \quad (1)$$

(1) тендеуді мына түрде де жазуға болады:

$$f(t) = \frac{a_0}{2} + \sum_{n=1}^{\infty} A_n \cos(n\omega_1 t - \varphi_n) \quad (2)$$

мұндағы: $A_n = \sqrt{a_n^2 + b_n^2}$ - n -інші гармониканың амплитудасының модулі,

$\varphi_n = \operatorname{arctg} \frac{b_n}{a_n}$ - n -інші гармониканың фазасы, $\omega_1 = \frac{2\pi}{T}$ - дөңгелек жиілік.

$a_n = \frac{2}{T} \int_{-\frac{T}{2}}^{\frac{T}{2}} f(t) \cos n\omega_1 t dt$ – косинусоидалды құраушының коэффициенті;

$b_n = \frac{2}{T} \int_{-\frac{T}{2}}^{\frac{T}{2}} f(t) \sin n\omega_1 t dt$ - синусоидалды құраушының коэффициенті;

$\frac{a_0}{2} = \frac{1}{T} \int_{-\frac{T}{2}}^{\frac{T}{2}} f(t) dt$ - бір период уақыттағы функцияның орташа шамасы (тұрақты құраушы).

Дрихле шарты былай айтылады: $f(t)$ функциясы $[-T/2; T/2]$ аралығында, біріншіден, максимум және минимум шамаларға ие болуы керек; екіншіден, аргументтің кейбір $t=t_i$ мәндерінде үзілісті болуы мүмкін; үшіншіден, соңғы шектілі $x(-T/2+0)$, $x(T/2-0)$ мәндерге ие болуы керек. Бұл мәндер өзара тең немесе тең емес болуы мүмкін.

Қатардың жеке қосылғыштары гармоника деп аталады. n саны гармониканың номері болып табылады. (2) теңдеудегі A_n жиынтығын амплитуда спектрі, ал φ_n жиынтығын фаза спектрі деп атайды. Егер периодты сигналды сипаттайтын $f(t)$ функция жұп болса, онда (1) теңдеудегі қосынды косинусоидалды құраушыдан ал – тақ болса, синусоидалды құраушыдан тұрады.

2. Периодты функцияларды Mathcad пакеті көмегімен Фурье қатарына жіктеу

Периодты болатын жұп және тақ функцияларды қарастырайық [3-6].

Мысал 1. Түзетілген кернеудің уақытқа тәуелділігі $U(t)=U|\sin \varphi|$ түрінде берілген. Кернеу ам-

плитудасы $U = 310$ Вольт, $\varphi = 100\pi t$

Тапсырмалар:


1. Тізбекке түсірілген кернеудің уақытқа тәуелділік графигін Mathcad пакеті көмегімен салу керек.

2. Кернеудің Фурье қатарының алғашқы бірнеше мүшелерінің қосындысы түріндегі $U(t)$ өрнегін табу;

3. Осы қатарлардың қосындыларын график түрінде бейнелеу.

Тапсырманың орындалу барысында функцияның жұптылығы ескеріледі:

1. Mathcad пакеті көмегімен салынған уақытқа тәуелділік графигі 1 суретте көрсетілген [7,8].



Сурет 1. Кернеудің Mathcad пакеті көмегімен салынған уақытқа тәуелділік графигі

2. Периодты функцияларға арналған *Фурье қатарындағы мүшелердің қосындысын есептеу әдісін* қарастырамыз. Бұл әдіс бірнеше амалдардан тұрады.

Алдымен 1 суретте көрсетілген периодты кернеу үшін жіктелген Фурье қатарындағы коэффициенттерді табу керек. Ол үшін Mathcad пакеті көмегімен амалдар орындаймыз [6,7]. Бірінші амалдың көмегімен қатар құрамындағы косинусоидалды құраушылардың коэффициенттерін, ал екінші амал көмегімен – синусоидалды құраушының коэффициенттерін есептейді. Қарастырып отырған функциямыз жұп болғандықтан бірінші амал іске қосылады.

$$CFurCoef(U, L, n) := \int_{-L}^L U(\varphi) \cdot \cos\left(\pi \cdot n \cdot \frac{\varphi}{L}\right) d\varphi$$

$$SFurCoef(U, L, n) := \int_{-L}^L U(\varphi) \cdot \sin\left(\pi \cdot n \cdot \frac{\varphi}{L}\right) d\varphi$$


Үшінші амал арқылы Фурье қатарының өзін есептейді. Бұл амалдың құрамында жоғарыда қарастырып кеткен амалдар да бар.

$$\text{FurSer}(U, x, L, N) := \left| \begin{array}{l} s \leftarrow \frac{CFurCoef(U, L, 0)}{2} + \sum_{m=1}^N \left(CFurCoef(U, L, m) \cdot \cos\left(\pi \cdot m \cdot \frac{x}{L}\right) + SFurCoef(U, L, m) \cdot \sin\left(\pi \cdot m \cdot \frac{x}{L}\right) \right) \\ s \end{array} \right.$$

Фурье қатары символдық түрде есептеледі. Сондықтан да, қатар есептелетін нүкте ретінде айнымалының символдық аталуы көрсетіледі, ал оператор ретінде стрелка алынған. Төменде $U(t)$ периодты кернеудің қатарының бірінші мүшесі және алғашқы екі мүшесінің қосындысы берілген.

$$\begin{array}{l} \underline{U} := 310 \quad \underline{U}(\varphi) := U |\sin(\varphi)| \quad \text{FurSer}\left(U, \varphi, \frac{\pi}{2}, 1\right) \rightarrow \frac{620}{\pi} - \frac{1240 \cdot \cos(200 \cdot \pi \cdot t)}{3 \cdot \pi} \\ \text{FurSer}\left(U, \varphi, \frac{\pi}{2}, 2\right) \rightarrow \frac{620}{\pi} - \frac{248 \cdot \cos(400 \cdot \pi \cdot t)}{3 \cdot \pi} - \frac{1240 \cdot \cos(200 \cdot \pi \cdot t)}{3 \cdot \pi} \end{array}$$

2.3 суретте $U(t) = U |\sin\varphi|$ функциясының, Фурье қатарының бірінші мүшесінің және алғашқы екі мүшесінің қосындысының $(0, 2\pi)$ интервалындағы графигі берілген. Егер қосылатын қатар мүшелерінің санын өсірсек, онда есептеудің дәлдігі де артады.




Сурет 4. $U(t) = U |\sin\varphi|$ функциясының қосылатын мүшелердің санына байланысты графиктер шешімдер

1 мысалдың сандық шешімі мен теориялық шешімі сәйкес келеді. $|\sin 100\pi t|$ өрнегінің Фурье қатарына жіктелуіне назар аударайық [5]:

$$|\sin 100\pi t| = \frac{2}{\pi} - \frac{4}{\pi} \left(\frac{1}{3} \cos 200\pi t + \frac{1}{15} \cos 400\pi t + \dots + \frac{1}{(2n)^2 - 1} \cos n 100\pi t + \dots \right)$$

Мысал 2. Электрлік тізбекке түсірілген кернеудің уақытқа тәуелділік графигі 5 суретте көрсетілген. $U_m = 3,14$ В; $\omega = 100\pi$ рад/с.



Сурет 5. Периодты кернеудің уақытқа тәуелділік графигі


Төмендегі тапсырмаларды орындау керек:

1. Тізбекке түсірілген кернеудің теңдеуін тауып, Mathcad пакеті көмегімен графигін салу керек.

2. Кернеудің графигін пайдалана отырып Фурье қатарының төрт мүшесінің қосындысы түріндегі шешімдерін графигтік және сандық түрдегі шешімін табу керек.


Тапсырмалардың орындалу барысында функцияның тақтығы ескеріледі:

1. Кернеудің теңдеуі $U(t) = \frac{4U_m}{T}t$, мұнда $-T/2 \leq t \leq T/2$ және аталған функция периодты $U(t) = U(t+T)$. 5 суретте Mathcad пакеті көмегімен графигі салынған.




Сурет 6. Периодты кернеудің Mathcad пакеті көмегімен салынған уақытқа тәуелділік графигі

2. Кернеу функциясын Фурье қатарына жіктеу үшін Mathcad пакетін қолданамыз. Mathcad пакеті көмегімен графигтік және сандық шешімдерін табамыз (Сурет 7,8):



Сурет 7. Фурье қатарына жіктелген қатардың алғашқы мүшесінің графигтік және сандық шешімдері ($U(t) = 0 + 2,546\sin 100\pi t$).



Сурет 8. Фурье қатарына жіктелген қатардың алғашқы төрт мүшесінің қосындысының графиктік және сандық шешімдері (Nf = 4).

$U(t) = \frac{4U_m}{T}t$ функциясы тақ болғандықтан, оның Фурье қатарына жіктелуінде тек қана синустар ғана болады, яғни $U(t) = \frac{a_0}{2} + \sum_{n=1}^{\infty} a_n \sin(n\omega t)$ және $a_0 = 0$

8 суреттегі графиктік және сандық шешімдердің мәліметтерін пайдалана отырып төмендегі қатарды алғашқы төрт мүше үшін жаза аламыз:

$$U(t) = 0 + 2,546\sin 100\pi t - 0,283\sin 300\pi t + 0,102\cos 500\pi t - 0,052 \cos 700\pi t + \dots$$

Таблицада $s(t_m) =$ өрнегінен кейін бір период уақыт ішіндегі 100 нүктеге сәйкес келетін $\frac{a_0}{2} + \sum_{n=1}^{\infty} (a_n \cos n\omega_1 t + b_n \sin n\omega_1 t)$ теңдеуінің сан мәндері, немесе кернеудің мәндері берілген ($N_p := 100$) Таблицадағы мәндер Фурье қатарының алғашқы төрт мүшесінің қосындысының сандық шешімі болып табылады.

Теориялық шешім мынандай түрде болады:

$$U(t) = \frac{8U}{\pi^2} \left(\sin 100\pi t - \frac{1}{9} \sin 300\pi t + \frac{1}{25} \sin 500\pi t - \frac{1}{49} \sin 700\pi t + \dots \right)$$

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Зигмунд А. Тригонометрические ряды. — М.: «Мир», 1965. — Т. 1. — 616 с.
- [2] Эдвардс Р. Ряды Фурье в современном изложении, т.1–2. Мир, М., 1985. — 264 с.
- [3] Берикханова Г.Е., Аниязов А.А., Каримова Г.К. Фурье қатары, Фурье түрлендіруі және оның қолданылуы – арнайы курс, Семей 2007ж, 157 б
- [4] Воробьев Н.Н. Теория рядов. 4 издание, перераб. и доп. - М.: Наука, 1979. - 408 с.
- [5] Жук В.В., Натансон Г.И. Тригонометрические ряды Фурье и элементы теории аппроксимации. Л.: Изд-во Ленингр. ун-та, 1983.- 188 с.
- [6] Бермант А.Ф., Араманович И.Г. Краткий курс математического анализа для вузов.- М.: Наука, 1971. – 736 с.
- [7] Очков В. MathCAD 14 для студентов, инженеров и конструкторов. – Санкт-Петербург. – 2007.- 370 с.
- [8] Кирьянов Д. Mathcad 14 в подлиннике. Санкт-Петербург. – 2007.- 682 с.

Берікханова Г. Е., Желдыбаева Б. С., Мукушев Б. А., Мусатаева И. С.

Численные методы в применении рядов Фурье

Резюме. В статье изложены результаты разложения периодических функций в ряды Фурье. Применение численных методов реализовано с помощью пакета Mathcad. Раскрыты особенности разложения в ряд Фурье четных и нечетных функций. Представлены графические, численные и аналитические решения гармонического анализа периодических функций. Предложен метод расчета суммы членов ряда Фурье для периодических функций.

Ключевые слова. Численные методы, четные и нечетные периодические функции, пакет Mathcad, метод расчета суммы членов ряда Фурье.

Berikhanova G.E., Zheldybaeva B.S., Mukushev B.A., Musasayeva I.S.

Numerical methods in the application of Fourier series

Summary. The results of the expansion of periodic functions in Fourier series are presented in the article. The application of numerical methods is implemented using the Mathcad package. The singularities of the Fourier expansion of even and odd functions are disclosed. Graphical, numerical and analytical solutions of the harmonic analysis of periodic periodic functions are presented. A method is proposed for calculating the sum of terms of the Fourier series for periodic functions.

Keywords. Numerical methods, even and odd periodic functions, the Mathcad package, the method of calculating the sum of terms of the Fourier series.

УДК 691.276; 691.328.5

Б. Е. Жакипбаев, М. Б. Камбатыров, А. Ш. Кулмаханова,

Е. Н. Кочеров, А. С. Колесников

(Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова,

Шымкент, Республика Казахстан, *E-mail: Bibol_8484@mail.ru)

**ФИЗИКО-ХИМИЧЕСКОЕ ИЗУЧЕНИЕ КРИСТАЛЛОХИМИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЫ
ЖЕТЫГАРИНСКОГО ПОПЕРЕЧНО-ВОЛОКНИСТОГО ХРИЗОТИЛ-АСБЕСТА
ТРУБЧАТОГО ФИБРИЛЛЯРНОГО СТРОЕНИЯ В ПРОИЗВОДСТВЕ
АСБЕСТОЦЕМЕНТНЫХ ИЗДЕЛИЙ**

Аннотация. Рассмотрена кристаллохимическая структура Жетыгаринского поперечно-волоконного хризотил-асбеста трубчатого фибриллярного строения в производстве асбестоцементных изделий. Для этого были использованы растровые электронно-микроскопические, рентгенофазовые и дифференциально-термические методы анализов. Результаты измерения содержания химических элементов поверхности хризотил-асбестовых волокон в весовом процентном соотношении показывают, что преимущественными элементами являются Mg - 25,60%, Si - 18,52%, Fe - 2,63%.

Ключевые слова: хризотил-асбест, трубчатое фибриллярное строение, асбестоцементные изделия, адсорбционная активность распушенных асбестов, тончайшее волокно распушенного асбеста, гомогенные асбестоводные суспензии.

Оценка сырьевой обеспеченности и их рационального размещения с учётом геолого-экономических и прочих условий в качестве первоочередной задачи выдвигает успешное развитие асбестоцементной отрасли Казахстана, где основным и приоритетным сырьем являются хризотил-асбесты [1, 2].

Промышленная ценность асбестовых минералов определяется, прежде всего их волокнистым строением, а также такими свойствами асбестовых волокон, как эластичность, высокая прочность на растяжение, способность при механическом воздействии расщепляться на тончайшие волокна, выдерживать высокие температуры без существенного изменения физических свойств, химическая стойкость. Для ряда производств большое значение имеют высокая адсорбционная активность распушенных асбестов, их хорошая смачиваемость водой и способность в распушенном состоянии образовывать гомогенные асбестоводные суспензии [3].

Наибольшее промышленное значение имеет хризотил-асбест, доля которого в мировой добыче асбеста составляет около 96% [3].

Известно несколько месторождений промышленного масштаба крупнейших в мире - Баженовское (Средний Урал) и Жетыгаринское (Казахстан), причем доля Баженовского асбеста, на котором в прошлом полностью базировалось асбестоцементное производство, постепенно уменьшается, а доля Жетыгаринского асбеста увеличивается [3].

Ограниченность мировых запасов асбеста, большая потребность в нем многих отраслей промышленности требуют повышения эффективности применения асбеста, которое должно основываться на возможно полном знании и учете его физических, физико-химических и технологических свойств. Особое значение этот вопрос имеет для отечественной асбестоцементной промышленности, которая сосредоточена только в Южно-Казахстанской области действующим заводом по производству асбестоцементного шифера ТОО «Tectum Engineering», с годовой мощностью 2,3 млн. шиферных листов [4, 5].

Для изготовления асбестоцементных изделий в ТОО «Tectum Engineering» используется жетыгаринский поперечно-волокнистый хризотил-асбест, который наряду с другими разновидностями хризотил-асбеста по расположению в материнской породе (продольно-волокнистый и путанно-волокнистый) является самым высококачественным [5].

Основу кристаллохимической структуры хризотил-асбеста составляют кремнекислородные анионы, связанные в непрерывные кремнекислородные цепочки $(\text{SiO}_3)^{2-}$, которые соединяясь попарно, образуют ленты или слои из кремнекислородных анионов, имеющие гексагональные ячейки (рисунок 1) [3].




Рис.1. Структура и элементы кристаллохимической структуры хризотил-асбеста $\text{Mg}_6(\text{OH})_8[\text{Si}_4\text{O}_{10}]$
 а) – гексагональная сетка из кремнекислородных анионов $(\text{Si}_4\text{O}_{11})^{6-}$;
 б) – разрез слоистого пакета из двух кремнекислородных и бруситового слоев

Формулу комплексного кремнекислородного аниона можно условно изображать как $(\text{Si}_2\text{O}_6)^{4-}$ или $(\text{Si}_2\text{O}_5)^{2-}$ в связи с образованием одним ионом кислорода одной гидроксильной группы OH^- . В вдвоенных же цепочках, являющихся основой структуры хризотил-асбеста, комплексный кремнекислородный анион имеет формулу $(\text{Si}_4\text{O}_{11})^{6-}$ [3].

В таком анионе три валентности тетраэдра SiO_4^{4-} расходятся на связь с подобными себе тетраэдрами SiO_4^{4-} в ленте и лишь одна валентность остается свободной. Этими свободными валентностями (ионами кислорода) одна кремнекислородная лента (слой) может соединяться с другой подобной лентой (слоем), образуя слоистую структуру, состоящую из плоских пакетов (рисунок 1а) [3].

Свободные ионы кислорода в двух смежных слоях обращены друг к другу, осуществляя связь двух кремнекислородных слоев в решетке кристаллов хризотил-асбеста через бруситовый слой состава $\text{Mg}(\text{OH})_2$, в котором ион имеет шестерную координацию, образуя многогранники $\text{Mg}(\text{OH})_2$ (рисунок 1б) [3].

В структуре хризотила несоразмерность сетки преодолевается путем закручивания слоёв, что приводит к образованию цилиндрической структуры. Причем тетраэдрическая сетка находится все-

гда с внутренней, а октаэдрическая с выпуклой стороны. Наблюдаются слои типа «трубка в трубке» или рулонов, конусо- и винтообразные слои [3].

Располагаясь между двумя кремнекислородными слоями, слой $Mg(OH)_2$ нейтрализует остаточные отрицательные валентности ионов кислорода кремнекислородных слоев. Такой пакет представляет собой ионную структуру с прочными ковалентными связями, валентности ионов которой насыщены. Ионы кислорода на поверхности подобных пакетов не имеют свободных валентностей и связаны между собой лишь остаточными ван-дер-ваальсовыми силами. Поэтому гидросиликаты магния со слоистой структурой относительно легко расщепляются на отдельные слои, так как для них характерна волокнистая морфология [3].

В серпентинитовых минералах в результате замещения $2Al^{3+}$ на $3Mg^{2+}$ в октаэдрической сетке заселяются все октаэдры. Так как при этом соответствие параметров двух сеток нарушается, то возникают силы, стремящиеся свернуть каждый слой в трубку с бруситовой сеткой снаружи. Соответствие размеров двух сеток, свернутых в цилиндр, достигается при определенном радиусе кривизны. Нарастание слоев может идти также лишь до определенного предела, так как с увеличением радиуса кривизны слоя сетка кремнекислородных тетраэдров становится все более растянутой, и энергетически более выгодным становится закручивание пакетов в новую трубку. В результате образуются фибриллы хризотил-асбеста трубчатого строения, наружный радиус которых составляет 13-20 нм (рисунок 2) [3].




Рис.2. Схема изогнутого элементарного слоя хризотил-асбеста
а) кристаллические слои, образующие структуру волокон;
б) система плотноупакованных трубчатых волокон;

Асбест Жетыгаринского месторождения представлен двумя разновидностями, одна из которых распушивается до волокон толщиной менее 1 мкм, вторая разновидность асбеста, преобладающая в нижних горизонтах, распушивается труднее. Недеформированные иголки асбеста Жетыгаринского месторождения имеют пониженную гибкость [3].

Необходимость распушки связана с фибриллярным строением асбеста, где каждая фибриллярная частица состоит из множества элементарных фибрилл и может расщепляться на составляющие все меньшей толщины с целью увеличения количества и уменьшение толщины волокон для улучшения армирования асбестом цементного камня (рисунок 3) [3].

Тончайшее волокно хорошо распушенного асбеста по существу состоит из большого числа уложенных параллельно элементарных волокон. Средняя толщина стенки элементарного волокна асбестов месторождений составляет 7-15 нм, что соответствует укладке 10-20 слоев толщиной 0,73 нм. Радиус внутрифибриллярных пор практически одинаков для хризотил-асбеста различных месторождений и составляет до 5,5 нм [3].




Рис.3. Изменение дисперсности и конфигурации частиц асбеста в процессе распушки
а – нераспушенная иголка; б, в, г, д, е – стадии распушки

Хризотил-асбест Жетыгаринского месторождения используемые в производстве асбестоцементных изделий в ТОО «Tectum Engineering» изучали на растровом электронном микроскопе РЭМ JSM-6490LV с максимальной увеличивающей способностью $\times 300\,000$ раз в Испытательной региональной лаборатории инженерного профиля «Конструктивные и биохимические материалы» (ИРЛИП «КиБМ») ЮКГУ им. М.Ауэзова (рисунок 4). По химическому составу асбестовые минералы являются водными силикатами магния, железа и натрия.




Рис. 4. Электронные микрографии отдельных участков и элементный состав хризотил-асбеста Жетыгаринского месторождения

На рисунке 1 приведены результаты измерения содержания химических элементов (преимущественные элементы: Mg - 25,60%, Si - 18,52%, Fe - 2,63%) поверхности хризотил-асбестовых волокон в весовом процентном соотношении участка спектра 1.

Теоретический состав хризотил-асбеста выражается формулой: $H_4Mg_3Si_2O_9 \cdot [3MgO \cdot 2SiO_2 \cdot 2H_2O; MgSi_2O_5(OH)_4]$ при содержании оксидов MgO – 43,46%, SiO₂ – 43,5%, H₂O – 13,04%. Реакции, в результате которых образовался асбест: $6Mg_6FeSi_3O_{12} + 3CO_2 + 18H_2O + O_2 \rightarrow 9H_4Mg_3Si_2O_9 + 3MgCO_3 + 2Fe_3O_4$ [3].

Для природных асбестов характерны изоморфные замещения одних химических элементов другими, с близкими величинами ионных радиусов и валентностью. Поэтому фактический состав хризотил-асбеста отличается от теоретического содержанием железа (двух- и трехвалентного), замещающего Mg²⁺, и алюминия, замещающего Mg²⁺ и Si⁴⁺. Кроме того, могут содержаться примеси кальция, натрия, калия, никеля и других элементов [3].

Рентгенофазовый анализ жетыгаринского хризотил-асбеста был выполнен в лаборатории «МКЛ РФА» БГТУ им. В.Г.Шухова на порошковом рентгеновском дифрактометре ARL X'TRA Thermo Fisher Scientific (рисунок 5).




Рис.5. Рентгенограмма исследуемого хризотил-асбеста Жетыгаринского месторождения

Состав исследуемого хризотил-асбеста подтверждается набором рефлексов на дифрактограмме: (7,363; 4,262; 3,341; 3,243; 2,459; 2,284; 2,239; 2,131; 1,982; 1,821; 1,673Å), наиболее интенсивным и ярко выраженным из которых является пик с диагностической линией 3,341Å, который принадлежит кварцу, так как при подготовке порошка на пробу измельчение проводили с добавкой кварцевого песка, а остальные же дифракционные максимумы соответствуют пикам хризотил-асбеста.

Асбест не горит, но высокие температуры вызывают в нем необратимые процессы разложения, где 67% адсорбционной воды удаляется из асбеста при температуре 100⁰С, чем обусловлен первый эндотермический эффект на его термограммах (рисунок 6). Дальнейший нагрев асбеста до температуры 600-700⁰С сопровождается удалением кристаллохимической воды с появлением эндотермического эффекта [3].

При 800-820⁰С асбест переходит в форстерит с соответствующим экзотермическим эффектом. При температурах 1450-1550⁰С асбест плавится.

При однократном нагревании асбест без существенной потери массы может длительное время выдерживать воздействие температуры до 500⁰С. При этом изменения в структуре не проходят бесследно для прочности волокон. Уменьшение прочности становится заметным после нагревания свыше 370⁰С, а при 420⁰С прочность деформированного волокна снижается на 44%. Очень важна способность хризотил-асбеста после нагревания восстанавливать механическую прочность при гидратации. Асбест, нагретый до температуры 220⁰С, восстанавливает прочность полностью, нагретый до 320⁰С восстанавливает около 20% и до 370⁰С – около 10% потерянной прочности. При нагревании до 420⁰С потерянная прочность не восстанавливается.

Нагревание асбеста ослабляет связи между волокнами и повышает его способность к распушке, причем существует корреляционная связь между потерей прочности при нагревании и степенью распушки нагретого асбеста, достигаемой в одинаковых условиях.



Рис.6. ДТА хризотил-асбеста Жетыгаринского месторождения

При нагревании в гидротермальных условиях (в присутствии воды) до 500⁰С разложение асбеста не наблюдается, а при нагревании свыше 500⁰С хризотил-асбест разлагается с образованием форстерита (Mg₂SiO₄).

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Сагунов В.Т., Кулинич В.В., Калиева К.А., Баяхунова С.Я. Бассейны и месторождения горнохимического сырья Казахстана. Справочник. – Алматы: Комитет геологии и охраны недр Министерства экологии и природных ресурсов РК, 1998. – 233 с.
- [2] Джафаров Н.Н. Хризотил-асбест Казахстана. - Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 180 с.
- [3] Берней И.И., Колбасов В.М. Технология асбестоцементных изделий. Москва: Стройиздат, 1985. – 400 с.
- [4] Саданов А., Таймасов Б. Перспективы асбестоцементного завода. Промышленность Казахстана. – Алматы, 2016. №3(96) – С.41-43
- [5] Жакипбаев Б.Е., Айтуреев М.Ж., Камбатыров М.Б., Спанкулова С.С., Кочеров Е.Н., Кулмаханова А.Ш. Исследование возможности получения высококачественных окрашенных асбесто-цементных изделий в ТОО «Tectum Engineering». Труды Международной научно-практической конференции «Путь Казахстана: 25 лет мира и созидания с лидером нации», посвященная к 25 летию независимости Республики Казахстан. – Шымкент, 2016. – С.155-157

Жакипбаев Б.Е., Камбатыров М.Б., Кулмаханова А.Ш., Кочеров Е.Н., Колесников А.С.

Асбестоцемент бұйымдары өндірісінде қолданылатын түтікшелі фибриллярлы түзілген Жетіқара көлденең-талшықты хризотил-асбестінің кристаллохимиялық құрылымын физика-химиялық зерттеу

Түйіндеме. Мақалада асбестоцемент бұйымдары өндірісінде қолданылатын түтікшелі фибриллярлы түзілген Жетіқара көлденең-талшықты хризотил-асбестінің кристаллохимиялық құрылымы қарастырылған. Бұл үшін растрлы-электронды микроскопия, рентгенді-фазалық және дифференциалды-термиялық талдау әдістері қолданылды. Хризотил-асбест талшықтары беттігіндегі химиялық элементтер мазмұнының өзгеру нәтижелері келесіні көрсетті, ондағы басым элементтер Mg - 25,60%, Si - 18,52%, Fe - 2,63% болып табылады.

Кілтті сөздер: хризотил-асбест, түтікшелі фибриллярлы түзілім, асбестоцементті бұйым, шашақты асбестердің адсорбциялық белсенділігі, талшықты асбесттің ең жұқа талшықтары, гомогенді асбестсулы суспензия.

Zhakupbayev B.Ye., Kambatyrov M.B., Kulmakhanova A.Sh., Kocherov Ye.N., Kolesnikov A.S.

Physic-chemical study of the crystal-chemical structure of the Zhetygara cross-fibrous chrysotile-asbestos tubular fibrillar structure in the production of asbestos-cement products

Summary. In this article examined the crystal-chemical structure of the Zhetygara cross-fibrous chrysotile-asbestos tubular fibrillar structure in the production of asbestos-cement articles. For this purpose were used raster electron microscopic, X-ray phase and differential-thermal analysis methods. The results of measuring the content of chemical elements in the surface of chrysotile-asbestos fibers in a weight percentage show that the predominant elements are Mg-25,60%, Si-18,52%, Fe-2,63%.

Key words: chrysotile-asbestos, tubular fibrillar structure, asbestos-cement articles, adsorption activity of fluffy asbestos, finest fiber of fluffy asbestos, homogeneous asbestos suspended suspensions

УДК 53.001.4

К. М. Туреханова, Ж. Е. Әкімханова, М. С. Нуржанова

(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы, Қазақстан Республикасы, akimkhanova22@gmail.com)

**JOOMLA ОРТАСЫНДА «ПЛАЗМА ФИЗИКАСЫН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН»
САЙТ ЖАСАҚТАУ**

Аңдатпа. Мақалада web-сайттардың негізгі түсініктері, құрылымы, қолдану салалары, қазіргі таңдағы жиі қолданылатын web-сайттарды құрастыру бағдарламалары көрсетілген. Сондай-ақ Joomla бағдарламасының таңдап алыну себебі мен тиімділігі қарастырылған.

Түйінді сөздер: бағдарлама, компьютерлік технологиялар, құрылымы, web-сайт, Joomla, JavaScript, CSS, Adobe Muse, Alaborn iStyle, Amaya, Quick PageTurboSite, Wap Editor, Kompozer.

Жалпы, білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Дегенмен, жаңа ақпараттық технологияларды өмірге енгізудің әлі де әлсіз жақтарына бұл құралдарды жасау кезінде түрлі технологиялардың пайдаланылуы, олардың құрамына, құрылымына, қызметіне және интерфейсіне қойылатын талаптардың да әр түрлі болуы және электрондық оқулықтардың аздығы жатады. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін еліміздің жоғары оқу орындарында пайдалануға болатын, қашықтықтан білім беруді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін қолданбалы бағдарлама жасау бүгінгі таңда өте өзекті мәселе екені сөзсіз. Қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы оқытушылар да, білім алушы тұлғалар да әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады. Білім беру саласында қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалану білім алушы тұлғалардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылық тұрғыдан еңбек етуіне жағдай жасайды.

Осы мәселеге орай плазма физикасын қашықтықтан оқытуға бағытталған сайтты жасақтау барысында қолданылатын ортаны таңдап алу тиімділіктерімен бөліссек.

Сайттарды әркім әртүрлі мақсатта құрастырады. Алдымен сайт жасақтамас бұрын оның мақсатын анықтап алған жөн. Себебі, бірі сайт құруды қызығушылық ретінде қолданса, екіншілері оны құру арқылы жеке пайдасын табуда қолданады. Алдымен ол ғаламтор қолданушыларына қандай да бір ақпаратты жеткізу үшін қажетті болып табылады. Сайт жасаудың әдістері де өте көп. Солардың ыңғайлысын таңдау арқылы уақытты едәуір үнемдеуге болады. Сайт жасақтауда мақсатты айқындап алған соң, жоспар құру қажет: логикалық құрылымын жасау, керекті мәліметтерді жинақтау және оларды өңдеуден өткізу. Сайтты жасаудың басты кезеңі жоспарлауға тікелей байланысты. Сайтты құрастыруды бастамас бұрын алдымен ол сайттың болашақтағы қызметі, атқаратын міндеті, қолданылу аясы, пайдаланушыларға тигізер пайдасы, мазмұны қандай болмақ, соны анықтап алу қажет [1].

Яғни, жасақталынатын сайт **мақсаты:** плазма саласында білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы білім алушылардың білім деңгейін көтеру. Яғни, оқырмандарға жағдай жасау

• Физико-математические науки

арқылы олардың күрделіде, қызықты плазма саласы бойынша қызығушылықтары мен зерттеуге деген ынтасын ашатын материалдармен жабдықтау, нұсқау көрсету. Сонымен қатар, әлемдік ақпарат кеңістігіне жол ашу.

Міндеті: плазма физикасын оқытуда білікті маман даярлап шығару және жас ұрпаққа плазма саласы бойынша қолжетімді ақпарат тарату.

Қолданылу аясы : шексіз.

Мазмұны: жалпы плазма бойынша ақпараттар, ғылыми жаңалықтар және болжамдарды қамтиды.

Сайт мақсатына байланысты жасақталу бағдарламасы да түрліше болып келеді.

Сайт жасауда қолданылатын негізгі бағдарламаларға шолу жасап кететін болсақ, олар:

- CMS: JOOMLA, WordPress
- HTML-редакторлар (Dreamweaver, SharePoine Designer)
- Web редакторы WYSIWYG
- Adobe Muse
- Alaborn iStyle
- Amaya
- HTML Expert
- HTML-Kit
- Quick PageTurboSite
- Wap Editor
- WYSIWYG Web Builder
- Kompozer

Осы бағдарламаларға қысқаша сипаттама беріп, негізгі ерекшеліктерін қарастырайық:

Adobe Muse - белгілі Adobe компаниясының соңғы жетістігі. Бағдарламаның құрылу мақсаты тез және ыңғайлы түрде веб-парақшаны құруға көмектеседі. Сайт құру кезеңінде қандай да бір програмалау тілін білуді қажет етпейді. Қазіргі уақытта бағдарлама тегін түрде ұсынылуда. Веб-парақша негізгі төрт кезең бойынша қарастырады: жоспарлау, дизайнын таңдау, ғаламтордағы соңғы және алдағы уақытта болып жатқан енгізілімдерді және парақша дизайнын бақылайды. Пайдаланушы күрделі бағытталған әсерлерді, ишара жазуын, слайдшоу және басқа да теңшелетін интерекпінді элементтерді ешқандай қиындықсыз қоса алады. Adobe Muse бағдарламасы енгізілген фрагмент үлгілерді HTML-код арқылы Facebook, Google Maps және YouTube- арқылы көруге мүмкіндік береді.

Alaborn iStyle - сұрауларды талап етпейтін пайдаланушыға түсінікті интерфейс болып табылады. Жүйе ресурстарын аз қолдану арқылы бағдарламаны іске қосу қиынға түспейді. Тікелей редакторы интерфейсiне салынған веб кодтау үшін анықтамалық және оқу материалының үлкен сомасын сұрамайды.

HTML-Kit – web редактор бағдарламасы. SQL, Java, JavaScript, C / C ++, Pascal / Delphi, Perl сияқты көптеген бағдарламалау тілдерін жазуды қолдайды. Қолданушы сондай-ақ кез келген сыртқы серверді пайдалана алады.

Smart Web Builder - веб-сайттарды және әртүрлі веб-қосымшаларды жасау үшін қолданылады. Бағдарламаның интерфейсі қарапайым болғандықтан жұмыс істеуде қиындық туғызбайды. Бұл бағдарламаның мүмкіндіктері: ең бастысы қолданушыға тегін ұсынылады, ыңғайлы интерфейспен қамтамасыз етілген, ең оңтайлы жағы 40 тілде анықтау мүмкіндігі бар сонымен қатар кейбір қауіпті желілерде автосақтау арқылы сізді қорғайтын болады.

Quick Page - Веб-сайттарды құруға арналған бағдарлама. HTML, CSS, XML, PHP, JavaScript және Perl тілдердің синтаксисін қолдайды. Ерекшелігі: толық бағдарламасын перекомпиляция байланысты барлық қателерді шығарады. Өңдегіш терезесінде жасырын таңбаларды көрсету мүмкіндігі қарастырылған. HTML 5 тегтердің жаңартылған тізімі бар. Өзгертілген үлгілері `template.xml` және `template.html`.

PHP - web-серверге жіберілетін скриптердің көмегімен web-беттерінің динамикалық генерациясына қажетті бағдарламалау тілі. Парақшаны PHP және HTML-дің көмегімен ашасыз. Бағдарлама ерекшелігі: негіздерінің қарқынды дамуы, қолданушыға икемді түрде болуы, объекті бағытталған бағдарламалауда қолдануда, үлкен қоғамдастық болуы, көптеген тегін базалар, қолданушыға тегін, есептерді 99% дұрыс орындайды.

Kompozer - Adobe dreamweaver редакторымен бәсекеге түсе алатын Html редакторы. Алайда бұл программаны барлығы жүктей алады, дегенмен аналогтық лицензиясы шектелген. HTML және

CSS бағдарламалары сияқты тереңінен түсінуді қажет етпейтін және үйренушілерге жаңадан сайт жасауға арналған бірден бір мүмкіндік болып табылады. Қарастырылған режим ықпал кәсіби веб-шеберлер бағдарламасы арасында редактор интерфейсіні қолдану өте оңай, себебі сұранысқа ие және функционалдығы кең болып табылады.

Joomla – бұл бағдарламаның стандартты функцияларының құрылымына 200-ден астам ақысыз және коммерциялық кеңейтілулер (плагиндер) кіреді және де сайт жасау қосымшалары, форум, чат, ғаламтор-дүкен, аукцион құруды қамтамасыз етеді. Көптеген CMS бірқатар реттеулер мен қызметтерді қолданушыдан талап етеді. Ал, Joomla керісінше қарапайым басқару панелі арқылы барлық операцияларды өндіре алады. Басқару панелі web-интерфейс болғандықтан сіз сайтты ғаламторға қосылған кез-келген жерден басқара аласыз. Қашан болса да интерфейс әкімдігі арқылы сайттың әкімшілік басқаруы орындалмаса, сіз стандартты MySQL – утилитін қолдана аласыз. Әр түрлі блоктарды және модульдерді қосу немесе жою арқылы сайттың сыртқы түрін және оның функционалдылығын өзгертуге болады [2].

Сонымен, қашықтықтан оқыту мақсатында жасақтауға таңдап алынған Joomla бағдарламасының осы бағдарламалардан ерекшелігі мен тиімділіктерін қарастырайық.

Joomla-ның ең басты артықшылығы - оның сенімділігі, тегін таратылуы және joomla тез орнатылады, сондай-ақ қолдану жолы өте қарапайым. Joomla GPL лицензиясымен қорғалған тегін бағдарламалық қамтамасыздандыру болып табылады. Ең алдымен Контенттерді Басқару Жүйесіне (CMS) анықтама беріп отырады. Joomla ортасында кез-келген мақсатта сайт жасауға болады:

- корпоративтік сайттар немесе ақпараттық порталдар;
- корпоративтік интранет (локальды) сайттар;
- онлайн газеттер, журналдар, мақалалар;
- электрондық коммерция;
- шағын бизнеске арналған сайттар;
- коммерциялық емес және мекемелер сайты;
- белгілі бір ұйым сайты;
- кафедра сайттары;
- қашықтықтан оқытуға арналған сайттары.


Joomla -ны кез келген қолданушы орната алатындай сайтты кеңейтуге мүмкіндік бар [3]. Яғни, joomla -ның стандартты мүмкіндіктері:

- жаңа беттерді шексіз қосуға болады;
- шаблондарды еш қиындықсыз және тез алмастыру мүмкіндігі;
- сайттағы материалдарға шектеу қою мүмкіндігі;
- RSS-ті қолдайды;
- кері байланысты ұйымдастыру;

Осы тиімді ерекшеліктерін ескере отырып joomla бағдарламасы арқылы web-сайт жасау тиімді әрі қарапайым екендігін, бағдарламалаумен таныс емес қолданушылар жабық кодта бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын жұмсамай, өзінің сайтына толық басқару жүйесін ала алатын тиімді жақтарын ескеріп осы бағдарламаны таңдауды жөн көрдік.

Joomla ортасында қашықтықтан оқыту сайттың құру барысында мынадай негізгі элементтер қарастырылды, яғни сайт 1-суретте көрсетілгендей ішкі жүйелерден тұрады:

- басты бет
- дәрістер
- семинарлар
- пікір жазу
- мақалалар
- әдебиеттер
- байланыстар



1-сурет. Жасақталған сайттың негізгі көрінісі

Қорыта келгенде, зерттеу жұмысымызда Joomla ортасында плазма физикасын қашықтықтан оқытуға арналған қарапайым және кез-келген пайдаланушы қолдана алатын жүйе жасалуда. Бүгінгі таңда, жасақталынып жатқан сайт – білім алушылардың ғылыми және шығармашылық ізденістерін арттырып, білікті маман дайындауға септігін тигізеді деп үміттеніледі және күннен-күнге жаңа ақпараттармен толықтырылып, өңделуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Кадырова А.С. Основы создания Web-страниц. –Усть-Каменогорск.: Издательство ВКГУ, 2001 ж.-986 б..
- [2] Гаевский А.Ю., Романовский В.А. Создание Web-страниц и Web-сайтов. –Москва.: Техноложки-3000, 2008г. -464б.
- [3] Досжанов Б.А. Мультимедиа және оның техникалық құрамы. Оқу құралы. Қызылорда: ҚМУ, 2004-81б.

Туреханова К.М., Акимханова Ж.Е, Нуржанова М.С.

Создание сайта для обучения физики плазмы в программе Joomla

Резюме. В статье рассматриваются основные понятия, структура Web-сайтов, сферы применения. Также приведены наиболее популярные на сегодняшний день программы для разработки сайтов. Рассматривается выбор Joomla и его эффективность.

Ключевые слова: программа, компьютерные технологии, структура, Web-сайт, Joomla, JavaScript, CSS, Adobe Muse, Alaborn iStyle, Amaya, Quick PageTurboSite, Wap Editor, Kompozer.

Turekhanova K.M., Akimkhanova Zh.E., Nurzhanova M.S.

Create a site for teaching physics of plasma in the Joomla program

Summary. In article is considered the main concepts, structure of the websites and the sphere of application. Today websites are provided the most popular programs for development. Also the choice of the Joomla is considered efficiency.

Key words: program, computer technologies, structure Web-sait, Joomla, JavaScript, CSS, Adobe Mus», Alaborn iStyle, Amaya, Quick PageTurboSite, Wap Editor, Kompozer.

УДК 519.852.33, 519.682.2

Э.А. Бакирова¹, Н.Б. Исакова², Ж.М. Кадирбаева¹
(¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы
bakirova1974@mail.ru, narkesh@mail.ru, apelman86pm@mail.ru)

КОМПЬЮТЕРЛІК АЛГЕБРА ЖҮЙЕЛЕРІН ТРАНСПОРТТЫҚ ЕСЕПТІ ШЕШУДЕ ҚОЛДАНУ

Түйіндеме. Жұмыста сызықтық программалаудағы транспорттық есепті шешудің басты ерекшеліктері баяндалған. Шешу әдістерін зерттеуге және салыстырмалы талдауын жасауға MathCad программалық кешенінің, MS Excel кестелік процессорының және Maple компьютерлік алгебра жүйесінің мүмкіндіктері пайдаланылған. Алынған шешімдердің салыстырмалы талдауы нәтижесінде транспорттық есепті шешудің барынша тиімді технологиясы іріктеліп алынды.

Түйін сөздер: транспорттық есеп, компьютерлік алгебра, математикалық пакеттер

Өзіміз күе болып отырған қазіргі заманғы қоғамды ақпараттандыру процестері ақпараттық технологиялардың жетілдірілуімен адам қызметінің көптеген салаларына, және әсіресе ғылымға, таралуымен сипатталады.

Болашақ экономикалық бейіндегі де, техникалық бейіндегі де мамандардың маңызды құзыреттіліктерінің бірі математикалық әдістерді ақпараттық технологиялармен ұштастыра отырып қолдана білу қабілеттілігі болып табылады. Кәсіби қызметте маңызды нәтижелерге қол жеткізе білу қабілеті математикалық есептерді, арнайы программалық қамсыздандыруды пайдалана отырып шешудің әдістері мен тәсілдері туралы хабардар болуына тікелей байланысты болады [1, 2]. Математикалық пакеттердің (Maple, Mathematica, MathCad, MatLab, Maxima и др.) ең болмағанда біреуін игеру математикалық түрлендірулер техникасын толықтай игермеген болашақ маманға аса ауқымды есептемелерді өз бетімен жүргізуге, күрделі қолданбалы есептерді шығара білуге мүмкіндік береді.

Күн сайын әрбір адам қаражаттары шектеулі бола тұра, ең жақсы тиімділікке қалайша қол жеткізуге болатын мәселені шешеді. Ең жақсы тиімділікке шектеулі қаражаттар арқылы қол жеткізу үшін іс-әрекеттердің жоспарын немесе программасын жасау қажет. Математикалық программалаудың практика жүзінде қойылған есептерінің едәуір бөлігі қолдан есептеу үшін өте ауқымды болып табылады, сондықтан олар тек ЭЕМ көмегімен ғана шығарылуы мүмкін.

Транспорттық есеп сызықтық программалаудың құрамдас бөлігі болып саналады. Мұндай есептер кәсіпорынның транспорттық шығындарын азайтуда ерекше рөл атқарады. Бұл шығындардың кез келгені барынша төмендетілуі тиіс нарықтық экономика жағдайында өзекті болып отыр, себебі онда шыққан шығындар пайданың бір бөлігін өтейді де өндіріске жұмсалатын шығынды азайтады. «Транспорттық есеп» атауымен зерттеу саласы бір болатын есептердің ауқымды шеңбері біріктіріледі. Ереже бойынша, мұндай есептер сызықтық программалау есептеріне жатқызылады және симплекс әдісімен шешілуі мүмкін. Алайда, транспорттық есептің шектеулер жүйесінің матрицасының өз ерекшеліктері бар, сондықтан да оны шешу үшін арнайы әдістер жасалынған [3]. Бұл әдістер бастапқы тірек шешімді табуға мүмкіндік береді, содан кейін оны жақсартып отырып тиімді шешімді табуға алып келеді.

Транспорттық есепті, функциялардың дайын жиынтықтары бар стандартты математикалық пакеттерді пайдалану кезінде де, программалаудың әр алуан тілдерін пайдалану кезінде де, әр алуан әдістермен шешуге болады, оған қоса транспорттық есеп графтар теориясының көмегімен де шешіледі.

Транспорттық есепті MS Excel-де шешу, компьютерлік алгебра жүйелерімен салыстырғанда, өте қарапайым тәсіл болып саналады. MS Excel электрондық кестесінің математикалық мүмкіндіктері Maple мен MathCad жүйелерінен гөрі айтарлықтай ұтылыс табады. Транспорттық есепті MS Excel программасында шешуге арналған осы есептерді шешудің жеткілікті түрде жоғары дәлдігі бар жуықтау әдістері жүзеге асырылған, бірақ осындай технологияны пайдалана отырып, нәтижесінде біз тек тірек жоспарын аламыз. Алынатын шешімдердің дәлдігін жекелеген практикалық есептердің аналитикалық және алгоритмдік шешімдерін салыстыру арқылы бағалауға болады. MS Excel элек-

трондық кестесін өзге техникалық құралдармен, мысалға, MathCad жүйесімен бірге пайдаланған ұтымдырақ болады. MS Excel осы компьютерлік ортаны әралуан қолданбалы есептерді шешудің ұтымды әдістерімен толықтыруға ғана емес, сонымен қатар оның қолданыс аясын кеңейтуге де қабілетті болады. Транспорттық есепті Excel-де шешудің артықшылықтарының бірі <Шешімді Іздеу> маңызды қондырмасы болып саналады, ол кестелік процессорда жұмыс істеуді айтарлықтай жеңілдетеді. Ұтымдылық көрсеткішінің сандық мәнін алу үшін іздеудің әр түрлі математикалық әдістері қолданылады.

MS Excel -дің келесідей артықшылықтары бар:

1) Транспорттық есепті MS Excel-де шешу алгоритмін жүзеге асыру программалау саласынан арнайы білімнің болуын талап етпейді. Орташа қиындығы бар есептеулердің көпшілігі ұяшықтардағы бірте-бірте орындалатын жеткілікті дәрежеде қарапайым математикалық формулалардың белгілі бір жиынтығы түрінде кейіптелуі мүмкін.

2) MS Excel-дегі программа парақ бетінде орналасқан ұяшықтардың өзара байланысын беру арқылы жасалады. Мұндай тәсіл адамның кеңістік пен құбылыстардың байланысы туралы түйсіктік кейіптемелерін пайдаланады, әрі сол арқылы MS Excel парағын толтыру жұмыстарын жеңілдетеді.

3) Программаның жұмыс істеуі үшін командалардың реттелген тізбегін талап ететін әдеттегі программалаудан айырмашылығы MS Excel қателердің орын алуы мен құрылымның аяқталмаған болуын рұқсат етеді. Электрондық кестелегі программаның бір бөлігі жұмыс істеп тұруы мүмкін, ал осы уақытта екінші бөлігі әлі бітпеген болуы мүмкін, әрі бұл программалардың жасалуы мен жұмыс істеуін едәуір жеңілдетеді, бұл әсіресе алгоритмді жасау сатысында ерекше маңызды болып саналады.

4) MS Excel парағының ұяшықтары әрдайым ашық және пайдаланушыға қол жетімді болады, бұл аралық іс-әрекеттер нәтижелерін бақылап отыруға және, қажет болғанда, алгоритмді икемдеп өзгерте отырып, ұяшықтардың ішіндегісін ауыстыруға мүмкіндік береді.

5) Кестенің ұяшықтары формулалар ғана емес, сонымен бірге қарапайым мәтінді қамтуы мүмкін, бұл программаның жұмыс істеу логикасын, парақта мәтіндік түсініктемелерді орналастыра отырып, сипаттауға және түсініктер беруге мүмкіндік жасайды.

Транспорттық есепті шешудің мұндай тәсілінің артықшылығы, нәтижелердің жеткілікті түрде жоғары дәлдігі бола тұрып, оның әмбебаптығы және жұмыс істеудегі қарапайымдығы болып саналады, сонымен қатар осындай кестелік процессорды пайдаланудың маңызды көрсеткіші оның қол жетімділігі деуге болады.

MS Excel электрондық кестелерін пайдалана отырып транспорттық есепті шешудің басты кемшілігі мәліметтердің өте үлкен көлемімен жұмыс істеген кезде өнімділігінің төмендігі, сонымен бірге шекаралық көрсеткіштері шектеулі болатындығы болып табылады. Қорыта айтқанда, MS Excel де транспорттық есепті шешу өлшемі онша үлкен болмайтын кестелер үшін тиімді болып саналады.

Өлшемі үлкен транспорттық есептер үшін компьютерлік алгебраның жүйелерін пайдаланған жөн. Олардың ішіндегі көбірек танымалдары Maple мен MathCad болып отыр. Maple пакеті, программалауды пайдаланбай-ақ, математикалық бағытталған есептердің ауқымды көлемін шеше алады. Транспорттық есепті шешу барысында тек алгоритмін сипаттаумен ғана шектелуге болады, ол Maple-де дайын шешімдері бар жекелеген тізбектелген кезеңдерге бөлінеді. Оған қоса Maple пакетінің құзырында қарапайым деп саналмайтын есептерді шешетін рәсімдер мен қызметтердің жиынтығы бар. Дегенмен, бұл Maple программалауды мүлде жорамалдамайды дегенді білдірмейді. Maple-дің өз программалау тілі бар.

Maple жүйесінің интерфейсінің бірегей мүмкіндіктері мен ерекше қарапайымдылығы оны ең танымал, әрі ең көп тараған математикалық пакеттердің бірі етті. Әлемде бірінші орынға Maple жүйесі ие болған, ол басынан білім беру ортасында қолдануға негізделген. Қазіргі кезде Maple – кең көлемде есептерді шеше алатын мықты және әмбебап бағдарлама және маңдай алды мүмкіндіктерге ие. Maple әмбебап математикалық пакеті әлі күнге дейін математикалық зерттеулерге де, ғылым мен техниканың басқа салаларындағы күрделі есептемелік жобалар үшін де ең таңымал пакеттердің бірі болып отыр. Оның - математикалық есептердің аса үлкен көлемін аналитикалық та, сандық есептемелік тұрғыда да шеше білу мүмкіндігі, пайдаланушылық программалар мен қосымшаларды жасауға мүмкіндік беретін тілінің қарапайымдығы, тамаша екі- және үшөлшемді графикасы, формулаларды полиграфиялық түрде сызып көрсетуі, сияқты артықшылықтары пакетті бірмезгілде күрделі жобаларды орындауға арналған аспап ретінде де және ғылыми редактор ретінде де пайдалануға мүмкіндік береді [4, 5].

Maple-дің жаңа нұсқалары әр алуан есептерді, оның ішінде тиімдендіру есептері де бар, шешуге арналған жаңа құралдарды ұсынады. Maple де тиімдендіру есептерін (сызықты да, сызықсыз да) шешудің қуатты құралы Global Optimization Toolbox кәсіби (мамандырылған) пакеті болып саналады, алайда ол өнімнің базалық нұсқасында қойылмаған және бөлек сатып алынады, бұл едәуір қаржылай қаражат жұмсауды талап етеді. Сондықтан осы жұмыста біз мамандандырылған пакеттерді қатыстырмай-ақ, тиімдендіру есептерін, атап айтқанда сызықсыз программалау есептерін, шешу үшін Maple жүйесінің мүмкіндіктерін қалай пайдалануға болатынын көрсетуге шешім қабылдадық [6].

Maple компьютерлік алгебра жүйесінің артықшылықтарын атап көрсетейік:

1) Maple пакетінде жұмыс интерактивті жүргізіледі, яғни пайдаланушы тек командаларды ғана енгізеді және бірден экранда олардың орындалуының нәтижесі немесе қателік туралы хабарлама көрінеді, себебі команданың дұрыс енгізілмеу ықтималдығы бар, сосын команданы қайта енгізу туралы ұсыныс беріледі.

2) Программалаудың әдеттегі ортасынан өзгешелік Maple пакетінде барлық айнымалыларды қатаң формальдандыру және олармен әрекеттер жасау талап етілмейді. Айнымалылардың қажетті типтерін таңдау және амалдардың орындалуының дұрыстығын тексеру автоматты түрде жүргізіледі.

3) Maple интерфейсі сандарды, әртүрлі символдарды және графиканы қамтитын электрондық кестелер түріндегі жұмыс өрісін кейіптейді. Жұмыс парақтарын иерархиялық түрде, бөлімдер мен ішкібөлімдер түрінде орындауға болады, оларды кеңейтуге де, жиыруға да болады, бұл үлкен өлшемді транспорттық есепті шешу үшін ыңғайлы болып табылады.

4) Maple жүйесінің әралуан ішкіпрограммаларды жылдам жүзеге асыруға арналған өз программалау тілі бар.

Maple пакетінің кемшілігі есептерді шешуге құрылымдық тәсілді қолданатындығы болып саналады, себебі шешудің бүкіл алгоритмін алдын ала білу қажет болады.

Транспорттық есепті шешуге арналған тағы бір қуатты программалық кешен MathCad болып табылады, ол бір жағынан, программалық блоктар көмегімен күрделі алгоритмдерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, ал екінші жағынан, қарапайым интерфейсін мен синтаксисінің арқасында пайдаланушылардың жалпы бұқарасына қол жетімді болады. Оған қоса, MathCad әр алуан программалық жүйелермен, атап айтқанда, Excel-мен, тиімді өзара әрекеттесу үшін ауқымды мүмкіндіктер ұсынады. Бұл кезде MathCad-та есептелген құжаттағы мәндерді Excel-құжатқа тасымалдауға болады және сол жерде Excel қызметтерінің көмегімен түрлі қимыл-әрекеттер жүргізе отырып, қорытынды нәтижелерді сосын, одан әрі өңдеу үшін, MathCad құжатына қайтарады [7].

MathCad элементар арифметикадан бастап күрделі сандық әдістерді жүзеге асыруға дейінгі әртүрлі ғылыми және инженерлік есептерді орындауға мүмкіндік беретін математикалық редактор болып табылады. MathCad тұтынушылары бұл негізінен математикалық есептермен айналысатын студенттер, ғалымдар, инженерлер, әртүрлі техника мамандары. Қолданылуының қарапайымдылығы, математикалық іс-әрекеттердің безендірілуінің көрнекілігі, кірістірілген функциялардың көлемділігі, символдық есептеу мүмкіндігі және нәтижелерді көрсету аппаратының ғажаптығы (әр түрлі типті графиктер мен баспа құжаттарын даярлау мүмкіндігі) MathCad-ты анағұрлым танымал математикалық қосымшалар қатарына кіргізді.

MathCad математикалық пакетінің келесідей артықшылықтары бар:

1) Өрнектердің жазбасы жалпыға ортақ қолданылатын математикалық формада орындалады.

2) MathCad пакеті базалық математикалық функцияларды, оның ішінде функционалдық тәуелділіктердің экстремумдарын іздеу де бар, қамтиды, бұл транспорттық есепті шешу алгоритмін едәуір жеңілдетеді.

3) Құжаттың әрбір беті мәтінді, математикалық өрнектерді, екіөлшемді және үшөлшемді графиктерді, өзге Windows-қосымшаларда жасалған суреттерді қамтиды.

4) Пакеттің жақсы көмекші-ұсыныстары, егжей-тегжейлі құжаттамасы, қалай пайдалануға болатынын үйрететін қызметі, бірқатар қосымша модульдері және өндірушінің сапалы техникалық қамсыздандыруы бар.

5) Пакеттің мәліметтерді импорттау мен экспорттаудың ыңғайлы мүмкіндіктері бар.

Транспорттық есептің тірек жоспарын, диагональдық әдісті, минимальды элемент әдісін, екі еселі артықшылықтар әдісін және Фогельдің аппроксимация әдісін пайдалана отырып, қолдан жасап шығару осы саладағы терең білімді қажет етеді және өте көп уақыт алады. Сондықтан осы класс есептерін, қазіргі заманғы программалық кешендерді пайдаланбай шешудің тиімділігі аз болады,

мұндай шешім тек оқу процесінде ғана орынды деп саналады. Транспорттық есепті программалық кешендер көмегімен шешу үшін оларды шығарудың математикалық әдісін білудің қажеті жоқ, бірақ есепті дұрыс қоя білу керек. Тасымалдауды жоспарлау кезінде математикалық пакеттерді қолдану үлкен экономикалық нәтиже береді. Транспорттық есепті шешу тәсілдерінің әрқайсысының өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Сондықтан, берілген жағдайларға байланысты, солардың арасындағы барынша тиімді тәсілді табу үшін транспорттық есептердің MSExcel кестелік процессорының, MathCad программалық кешенінің және Maple компьютерлік алгебра жүйесінің көмегімен алынған шешімдері қарастырылды және талданды.

Жүргізілген талдаудың негізінде келесідей түйіндер жасалды:

1) Транспорттық есептерді аналитикалық тәсілді пайдалана отырып, матрицалық және желілік формада шешу ауқымды жұмысты қажет етеді және жеткілікті дәрежеде тиімді болмайды. Мұндай әдіс тек оқу-таныстыру процесіне ғана қолайлы болып саналады. Аналитикалық тәсіл транспорттық есептерді шешудің барлық математикалық әдістерін қамтиды. Олардың ішіндегі айрықша есте қалып, көзге түсетіні графтар теориясы көмегімен минимальды бағаның ағынын табу әдісі болып табылады.

2) Қарастырылған математикалық пакеттер арасында ең тиімділері ретінде Maple компьютерлік алгебра жүйелері мен MathCad таңдап алынды, олардың кеңейтілген функционалы транспорттық есептің ұтымды жоспарын жылдам алуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Акулич И.Л. Математическое программирование в примерах и задачах. – СПб.: Лань, 2011. – 352 с.
- [2] Алексеев В.М., Тихомиров В.М., Фомин С.В. Оптимальное управление. –М.: Наука, 1979. –430 с.
- [3] Крейдунова В.В., Мунько С.Н. Сравнительный анализ методов решения транспортной задач // Россия молодая: передовые технологии – в промышленность. – Омск, 2015. №2. – С. 248-251.
- [4] Молчанова Л.А. Введение в Maple. – Владивосток: Изд.ДВГУ, 2006. – 36с.
- [5] Прохоров Г.В., Леденев М.А., Колбеев В.В. Система аналитических вычислений Maple. - М.: Петит, 1997. –200 с.
- [6] Аладьев В.З. Системы компьютерной алгебры. Maple: Искусство программирования. –М.: БИНОМ, 2006. –792 с.
- [7] Кирьянов Д.В. Mathcad 13. – СПб.: БХВ-Петербург, 2006. – 608 с.

Бакирова Э.А., Искакова Н.Б., Кадирбаева Ж.М.

Применение систем компьютерной алгебры при решении транспортной задачи

Резюме. В работе изложены основные особенности решения транспортной задачи линейного программирования. Для исследования и сравнительного анализа методов решения использованы возможности программного комплекса MathCad, табличного процессора MSExcel и системы компьютерной алгебры Maple. В результате сравнительного анализа полученных решений была выбрана наиболее эффективная технология решения транспортной задачи.

Ключевые слова: транспортная задача, компьютерная алгебра, математические пакеты

Bakirova E.A., Iskakova N.B., Kadirbayeva Zh.M.

The application of computer algebra systems in solving the transport problem

Summary. The main features of the solving of a transport problem of linear programming are stated in paper. Opportunities of the MathCad software package, the MSExcel table processor and the Maple computer algebra system were used for research and comparative analysis of methods of the solving. The most efficient technology for solving the transport problem was chosen as a result of the comparative analysis of the received solutions.

Key words: Transportation problem, computer algebra, mathematical packages

• ХИМИКО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК 621.375

Е. Шабдан¹, Н. Нураже², К.К. Диханбаев¹

(¹Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан.

²Texas Tech University, Lubbock, United States of America.)

TiCl₄ ЕРІТІНДІСІ НЕГІЗІНДЕ АЛЫНҒАН ДИОКСИД ТИТАН ҚАБЫҚШАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйіндеме. Бұл жұмыста диоксид қабыршағын TiCl₄ ерітіндісін қолдану арқылы термиялық пиролиз әдісімен кварцтық шыны бетіне отырғызу тәсілі қарастырылды және оның микроқұрылымдық және оптикалық қасиеттері зерттелді. Тәжірибелік зерттеу барысында диоксид титан қабыршағының Раман, жарық өткізілу және шағылысу спектрлері өлшенді, сонымен қатар оптикалық қабаттың сканерлік электрондық микроскопиясы қаралды.

Түйінді сөздер. Диоксид титан, химиялық буландыру, СЭМ өлшемі, жарық өткізу коэффициенті, шағылысу спектрі.

Кіріспе

Сонғы кезде, TiO₂ жартылай өткізгіші ең жақсы фотокаталикалық материал ретінде қарастырылып жүр, өйткені оның ұзақ мерзімді термодинамикалық тұрақтылығы және оның ерекше тотықтандырғыш қасиеттері мен уланғышсыз байланысы ғалымдардың зор қызығушылығын тудырып отыр [1].

Бірақта, титан тотығы (TiO₂) кең зоналы жартылай өткізгіш, сондықтан тыйым салу зонасы оның құрылымына байланысты, айталық анатаз құрылымы үшін 3,2 эВ, ал рутил үшін 3,0 эВ болып келеді, сонымен қатар оның жарықты жұту диапазоны тек қана қысқа толқын ұзындығының диапазонында орналасқан. Олай болса, күн жарығын көру облысында тиімді қолдану үшін TiO₂ үлпісін әр түрлі метал және метал емес [2] элементтерін легирлеу арқылы қоспалар енгізіледі, бұның өзі үлпінің фотосезгіштігін жақсартады, әрі көру аймағында қабықшаның жоғары фотокаталикалық белсенділігін көтереді [3].


Сонғы кездері ғылыми зерттеушілер жоғарғы эффективті фотокатализаторларды құрастыруда белсенді ізденістер жүргізіп жатыр, оның ішінде болашағы зор тәсілдемелерінің бірі химиялық буландырып отырғызу әдісі кең өріс алып келеді, оның ішінде титан қос тотығы (TiO₂) бөлшектерінің кеңістіктегі зарядтық бөлінуі және де күн жарығының кең диапазонында жұтылуы болып табылды [4].

Бұл арада келешегі зор материал ретінде көп қолданылатын жабқыштардың бірі болып нанокұрылымды аралас диоксид титан қабатын жатқызуға болады, өйткені оның салыстырмалы арзандығы, беттік кеңділігі және биологиялық не органикалық заттармен жоғарғы дәрежеде тотығуын келтіруге болады [5].

Сонымен қатар легирленген TiO₂ бөлшектеріндегі электрон-кемтік фотогенерациясының рекомбинациялық жылдамдығының артуынан байланысты оның фотокатализдік кванттық тиімділігін төмендетеді, әсіресе сутегі бөлінуін тоғарады [6]. Сондықтан бұл жұмыста таза TiO₂ қабыршығы шыны бетіне қалыптастырылып, оның оптоэлектрондық сипаттамалары талқыланды.

Эксперименттің жүргізілу әдісі

Бұл тәжірибелік жұмыста титан диоксиді қабықшасын жоғары температурада химиялық буландырып отырғызу әдісімен жүргіздік. Үлгіні кварц шыныға және кремний бетіне отырғызылды. Химиялық буландыру жүргізілуі үдерісі келесі 1 суретте көрсетілген



1-сурет. Химиялық буландырып отырғызу процесі

Алдын ала төшеніштердің беттері тазартылды, алдымен үлгілерді HF ерітіндісіне салып химиялық жеміріленеді, содан кейін дионизацияланған суда жуып, кептірдік. Кварц шыны мен кремний төсенішін спиртпен тазаладық.


Аргон газын түтік бойымен жібереміз, қысымын бақылау үшін глицерин құйылған барбатер арқылы, $TiCl_4$ ерітіндісі құйылған шыны ыдыстан өтіп алдын ала қыздырылған пеш реакторына орналасқан үлгі бетіне бағытталады.

Пиролиз синтезі жүруі үшін пештің температурасын $500^{\circ}C$ -қа көтердік. Сонымен, үдерістің жүргізілу режимі $500^{\circ}C$ 10 минутты құрды. Кварц шыныға ішінде $TiCl_4$ ерітіндісі $500^{\circ}C$ температурада буланып, үлгінің бетіне отырады, ал Cl ерітіндісі сүзінді арқылы шығып кетеді. Осылайша біз төсеніштің бетіне титан диоксидін химиялық буландырып отырғызу әдісімен алдық.

Титан диоксидінің құрылымын зерттеу


Жасалған экспериментте титан тотығының анатаз құрылымы қалыптастырылды, бұл жапқыштың анатаздық құрылымын Раман спектрін зерттеу барысында көрсетеміз.

Титан диоксидінің морфологиялық құрылымын келесі суреттерде көрсетілген (2, 3, 4, 5 суреттер). Жапқыштың морфологиясын сканерлеуші электронды микроскопта өлшенді, микроскоптың рұқсат ету қабілеттігі төмен болғандықтан микроқұрылымы түсірілді.




2-сурет. Кремний бетіне отырғызылған титан тотығының құрылымы.
а – маштабы $5 \mu m$, б – $20 \mu m$

Төменгі 3 суретте кремний бетіне отырғызылған титан диоксидінің көлденең қимасы көрсетілген, кремнийдің үстінгі бетінде титан диоксидінің қалыңдығы $239,2 \text{ nm}$ болғаны анық көрсетілген. Бұл бірқалыпты қалыптасқан қабат ақ-жолақ пленкасымен бейнеленген.




3-сурет. Титан диоксидінің көлденең қимасы

4 суретте титан диоксидінің жоғары концентрациясы отырғызылған кездегі морфологиясы 2 түрлі үлкейтілген масштабта көрсетілген. Сондықтан, беттік құрылымда титан тотығының шоғырланған нүктелерін байқадық.



4-сурет. Титан диоксидінің концентрациясы жоғары болған кездегі морфологиясы
а – масштабы 20 μm, б – 5 μm

5 суретте концентрациясы жоғары деңгейде жүргізілген титан диоксидінің көлденең қимасы бейнеленген. Мұнда алынған қабыршақтың қалыңдығы 349,7 нм шамасын құрайды.




5-сурет. Концентрациясы жоғары деңгейде жүргізілген TiO₂ көлденең қимасы

Алынған TiO₂ қабықшасының Раман спектрі және жарық өткізу коэффициенті

Бұл жұмыста дайындалған үлгілердің жарықтың комбинациялық шашырауын спектрлерін анықтау мақсатында титан диоксиді қабықшасының Раман спектроскопиясы өлшенді. Раман спектрі толқын санының 200 см⁻¹ - 3000 см⁻¹ диапазон аймағында түсірді. Мұнда толқын санының кіші жиілігінде титан диоксидінің негізгі екі шынын көріп отырмыз, оның бірінші 200 см⁻¹ толқын санында орналаса екіншісі 720 см⁻¹ аймағында орналасқан.

Бұл шындар титан диоксидінің анатаздық фазасына сәйкес келетіндігін көрсетеді, ал арасындағы орналасқан пиктер (кіші шындар) титан тотығының фазалық құрылымдарын бейнелейді.

Келесі 6 суретте титан диоксидінің жоғары концентрациясының комбинациялық шашырау спектрі көрсетілген. Мұнда толқын санының орталық диапазонда екі пик пайда болады, олар 1200 см^{-1} және 1530 см^{-1} толқын санында орналасқан.




6-сурет. TiO_2 концентрациясы жоғары деңгейде болған кездегі анатаздық құрылымы

Титан диоксиді оптикалық жапқышының негізгі спектрлерінің бірі оның жарықты өткізгіш қабілеттігін өлшеу болып табылады. Келесі 7 суретте титан диоксиді жапқышының 250 нм және 1592 нм толқын ұзындығында түсірілген жарық өткізгіш спектрі бейнеленген.

Бұл суретте толқын ұзындығының көру аймағында, яғни 300 нм – 800 нм интервалында спектрдің интерференциялық қисығын байқадық, бұл титан диоксиді қалыңдығының жұқа екенін аңғартады, өйткені титан диоксидінің оптикалық қалыңдығы келесі формуламен анықталады :

$$d = \frac{\lambda}{4n} \quad (1)$$

мұндағы d - TiO_2 қалыңдығы, λ – толқын ұзындығы, n – сыну көрсеткіші




7-сурет. Жарық өткізгіш спектрі

Титан диоксидінің жарық өткізгіш коэффициенті шамамен 70-75 % -ті құрады. Бұл көрсеткіш титан диоксидінің мөлдірлігін анықтайды. Мұндай оптикалық қабатты күн элементтерінде кері шағылысу қабаты ретінде белсенді түрде қолдануға болады.

Шағылу коэффициентін анықтау

Енді кремний бетіне отырғызылған титан диоксид жабқышының шағылысу спектрін қарастырамыз. Келесі 9 суретте титан тотығының шағылысу коэффициенті мен толқын ұзындығының 200 нм-ден 1320 нм арасындағы тәуелділігі спектрдің кең аймағында түсірілді. Алдыңғы тәжірибелік әдістеме бөлімінде келтірілгендей шағылу спектрі «Shimadzu» спектрометрінде өлшенген болатын.



8-сурет. TiO_2 жабқышының шағылысу спектрі

Шағылысу спектрі көру облысында, яғни 470 нм-ден 900 нм толқын ұзындығы аралығында шағылысу коэффициенті 2% - ке дейін төмендеді, ал қысқа толқын аралығында шағылысу коэффициенті 9% - ке дейін өсті де, одан әрі 300 нм-ден төмен күрт азайды. Бұның себебі, қысқа тоқын сәулелері титан оксидінің кристалдарында белсенді шағылысуы мүмкін.

Шағылысу спектрінің ұзын толқын ұзындығында күрт өсуі ол ұзын толқын сәулелерінің төменгі кремний бетінде белсенді шағылысуының нәтижесінде болғанын көрсетеді. Жалпы шағылысу коэффициенті барлық толқын ұзындығында шамамен ~4,3% -ті құрайтынын көреміз.

Қорытынды

1. Кремний бетіне отырғызылған титан диоксидінің көлденең қимасы өлшемі 239,2 нм құрайды. $TiCl_4$ –дін ағынын концентрациясы жоғары деңгейде жүргізілген процесте пайда болатын титан диоксидінің нанокристалдардың көлденең қимасының өлшемі 349,7 нм құрайды.

2. Толқын санының кіші жиілігінде титан диоксидінің негізгі шынының біріншісі 150 см^{-1} толқын санында орналаса, екіншісі 720 см^{-1} аймағында орналасқан. Бұл шындар титан диоксидінің анатазалық фазасына сәйкес келетіндігін көрсетеді. $TiCl_4$ –дін ағынын концентрациясы жоғары деңгейде жүргізілген процесте пайда болатын титан диоксидінің толқын санының орталық диапазонда екі пик пайда болады, олар 1200 см^{-1} және 1530 см^{-1} толқын санында орналасқан.

3. Титан диоксидінің жарық өткізгіш коэффициенті шамамен 70-75 % -ті құрады. Бұл көрсеткіш титан диоксидінің мөлдірлігін анықтайды. Мұндай оптикалық қабатты күн элементтерінде кері шағылысу қабаты ретінде белсенді түрде қолдануға болады.

4. Шағылысу спектрі көру облысында, яғни 470 нм-ден 900 нм толқын ұзындығы аралығында шағылысу коэффициенті 2% - ке дейін төмендеді, ал қысқа толқын аралығында шағылысу коэффициенті 9% - ке дейін өсті де одан әрі 300 нм-ден төмен күрт азайды. Бұның себебі, қысқа тоқын сәулелері титан оксидінің кристалдарында белсенді шағылысуы мүмкін. Шағылысу спектрінің ұзын толқын ұзындығында күрт өсуі ол ұзын толқын сәулелерінің төменгі кремний бетінде белсенді шағылысуының нәтижесінде болғанын көрсетеді. Жалпы шағылысу коэффициенті барлық толқын ұзындығында шамамен ~4,3% -ті құрайтынын көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Kharlamova M.V., Kolesnik I.V., Eliseev A.A., Lukashin A.V., Tretyakov Yu.D. Preparation and Characterization of Iron-doped Mesoporous Titania. E-MRS Spring Meeting, France, Strasbourg, May 2008, book of abstracts, P. 14-60.
- [2] Gopal K. Mor, Karthik Shankar, Maggie Paulose, Oomman K. Varghese and Craig A. Grimes, "Use of Highly-Ordered TiO₂ Nanotube Arrays in Dye-Sensitized Solar Cells", Nano Letters 2006, Vol. 6, No. 2, P. 215-218.
- [3] The chemistry of metal CVD// ed. by Toivo Kodas and Mark Hampden-Smith. - Weinheim; New York; Basel; Cambridge; Tokyo:VCH, 1994.
- [4] Сыркин В.Г. CVD-метод. Химическое парофазное осаждение, 2000. М., Наука.
- [5] Garshev A.V., Kolesnik I.V., Ovchinnikov A.V., Eliseev A.A., Lukashin A.V., Tretyakov Yu.D. New gold precursors for Au/TiO₂ catalysts. The 5-th International Conference on Gold Science, Technology and its Applications GOLD-2009 26 – 29 July 2009, book of abstracts, P. 248.
- [6] X. Cui, X. Zhang, M. Sun. Novel TiO₂ and its Nanocomposites//Electrochemistry Communic. 2008, 10/3. P. 367-371.

Шабдан Е., Нураже Н., Диханбаев К.К.

TiCl₄ ерітіндісі негізінде алынған диоксид титан қабықшасын қалыптастыру

Түйіндеме. Бұл жұмыста диоксид қабыршағын TiCl₄ ерітіндісін қолдану арқылы термиялық пиролиз әдісімен кварцтық шыны бетіне отырғызу тәсілі қарастырылды және оның микроқұрылымдық және оптикалық қасиеттері зерттелді. Тәжірибелік зерттеу барысында диоксид титан қабыршағының Раман, жарық өткізілу және шағылысу спектрлері өлшенді, сонымен қатар оптикалық қабаттың сканерлік электрондық микроскопиясы қаралды.

Түйінді сөздер. Диоксид титан, химиялық буландыру, СЭМ өлшемі, жарық өткізу коэффициенті, шағылысу спектрі.

Shabdan E., Nuraje N., Dikhanbayev K.K.

Формирование пленки диоксида титана на основе раствора TiCl₄

Резюме. В работе рассматривается получение пленки диоксида титана с использованием раствора TiCl₄ с помощью термического пиролиза на поверхности кварцевого стекла и изучение ее микроструктурного и оптического свойства TiO₂. В процессе эксперимента были измерены спектров пропускания, отражения и Раман спектр, кроме того рассмотрены сканирующий электронный микроскоп (СЭМ) оптической пленки.

Ключевые слова: диоксид титана, химическое пароосаждения, СЭМ измерение, коэффициент пропускания света, спектр отражения.

УДК 669.331.8.179(043)

У. Н. Иманбекова¹, М. Ш. Джунисбеков², А. Н. Иманбекова³

(^{1,2,3} М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз, Қазақстан Республикасы, uli.08@mail.ru, d_muhtar@mail.ru, aleka.12@mail.ru)

**МЫС КОНЦЕНТРАТТАРЫНЫҢ БАЛҚЫТУ ПРОЦЕССТЕРІНІҢ
КИНЕТИКАСЫН ЗЕРТТЕУ**

Андатпа. Мақалада қазіргі таңдағы мыс металлургиясындағы дәстүрлі технологиялық сұлбалар мен оның аппараттық құрылымдарының көптеген кемшіліктері бар екендігі туралы айтылады. Олардың негізгі кемшілігі ретінде кен шикізатын қайта өңдеудің көп деңгейлілігін айтуға болады. Осы жағдайлардың салдарынан жеткілікті кешенді түрде өңделетін шикізат пен жоғары сапада одан пайдалы қазбаларды игеру. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы қолданыста бар пирометаллургиялық процесстер, ең алдымен кен балқыту орындары үлкен энергетикалық шығындарға ұшыратып, сонымен қатар қоршаған ортаны ластайды, яғни осы және т.б. мәселелер қарастырылады.


Түйін сөздер: шихта, штейн, балқыту.

Ғылыми-техникалық прогресстің түсті металлургиядағы бірден бір бағыты болып металлургиялық өндірісіне ресурс жинайтын технологиялар мен құрылғылар, бірмезгілде жоғары деңгейдегі шикізатты қолдануды айтуға болады. Тәжірибе көрсеткендей, ауыр түсті металдар металлургиясының (мыс өндірісін қайта өңдеу) дамуы автогендік процесстер негізінде іске асырылады. Сульфидті шикізатты қайта өңдеу технологиясын таңдауда, автогенді немесе жартылай

автогенді процесстерде, шихтаны балқыту үшін жылуды, яғни сульфидтерді күйдіру арқылы алуға болады. Сульфидтерді күйдіруден бөлінген жылуды қолдану, көміртектес отын мен электрэнергиясының шығындарын қысқартуға мүмкіндік береді[1]. Барлық автогендік балқытулар сәйкестендірілген болып келеді. Олар бір металлургиялық аппаратта күйдіру, балқыту мен жартылай немесе толықтай конвертрлеу процесстерін біріктіреді. Бұл, яғни рационалды және концентрлі (бір орында) шихтаның күкіртін газға ауыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оттегінің құрамына қарай әртүрлі құрамдағы SO_2 газдарды, тіпті күкірті ангидрид алуға болады. Барлық автогендік процесстер екі топқа біріктіріледі:

- автогендік балқыту тобына кіретін процесстер, түсті металлургияда кеңінен таралған. Бұл топтағы белгілі процесстер болып – оттекті немесе (оттекті-факелді), финдік балқытуды айтуға болады.

- балқымадағы автогендік процесстер. Бұл топтағы ерекші қызуғышылық танытатын Канадалық «Норанда», Жапониялық «Мицубиси», СВБ«ПЖВ» немесе «Ванюков пеші» (СССР) процесстер болыптабылады. Сұйық ваннадағы пеш (1-сурет) шахта сияқты түрге ие болып келген, яғни орталық бөлігі кесондалған және фурмадан орналасқан төмен отқа төзімді кірпіштен жасалған. Суретте 1-фурманың төменгі аймағының балқымасы; 2-фурма; 3-штейндік сифон; 4-шлактық сифон; 5-газдық өтпе[2].



1-сурет. Сұйық ваннадағы балқыту пешінің сұлбасы

Шихтаның компоненттері бункерлерден пешке дозаланған түрде беріледі. Шихтаның компоненттерін алдын-ала араластыру қажет емес. Фурманың аймағындағы көлденең қимасы 15 м^2 , пеш тәулігіне 1300 т шихтаға дейін қайта өңдей алады, яғни ол $80 \text{ т}/(\text{м}^2 \cdot \text{сут})$ балқытуға сәйкес келеді және 8 мәрте шағылысу пешінен жоғары болып келеді[3].

Пирометаллургиялық әдіспен мысты алудың негізгі процесі - штейнді балқыту болып табылады. Бұл процесстің негізгі мақсаты шихтаның сұйық өнімдерге, яғни штейн мен шлакқа балқыту болып табылады (2-сурет) [4].



2-сурет. Мыстың пирометаллургиялық бөлімінің принципіалдық сұлбасы

Пештің технологиялық процесі, яғни жылу балансын құрастыру кезінде жылу шикізат материалдары мен балқыту өнімдерінің эквиваленттерінің түсінігі қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда жылу балансының теңдеуі келесі түрге ие болады[5]:

$$0,40A[Q_{Эндо.}^{ш} + Q_{Экзо.}^{ш} - n(Q_{Эндо.}^{ш} + Q_{Экзо.}^{ш}) - Q_{III} - Q_n] = 0 \quad (1)$$

мұндағы: A — балқытылған шихта бойынша агрегаттың өнімділігі, т/с;

$Q_{Эндо.}^{ш}$, $Q_{Экзо.}^{ш}$, $Q_{шт}$ - шихталық материалдар мен балқыту өнімдерінің жылу эквиваленттерінің жылу генерациялық және жылуалмасуы, кДж/кг;

n — штейн массасының балқытатылатын шихтаның массасына қатынасын көрсететін коэффициент;

$Q_{пот}$ — дутье мен шихтаның жылу қолдануы, яғни қышқылдандыру үшін жұмсалған жылу мөлшері, шихтаның кДж/кг.

Сульфидті шикізаттарды қайта өңдеу технологиясын таңдауда, автогенді немесе жартылай автогенді процесстерге таңдау түседі, яғни бұл процесстер сульфидтерді күйдіру арқылы шихтаны балқыту үшін жылу бөледі. Сульфидтерді күйдіруден бөлінген жылу, қосымша жылу энергияларын (электрэнергиясы мен көміртекес отындарды) жылыту мен шихтаны балқытуға кететін жылу мөлшерін азайтуға мүмкіндік береді. Автогендік процесстердің негізгі артықшылығы болып, балқыту кезіндегі SO_2 құрамдас бағалы кендерді алу.

Бос оттегіжоқ болған жағдайдағы газдағы SO_2 құрамдас, олардың қышқылдандыру потенциалын жоғарылатады, яғни ол келесі реакцияларда жүріп өтеді:



(2)–(4) реакциялары шлактағы магнетиттердің тепе-тепндікте болған құрамын жоғарылатады, яғни ол шлактағы мыс құрамының жоғарылауына әкеп соғады.

Сұйық ваннадағы қайта өңделетін шикізат үздіксіз барботирленген газбен қышқылдатылған балқыманың үстіне жүктеледі, яғни мұнда физико-химиялық түрленулер процесі орын алады және қажетті температураны ұстап тұру үшін жылу генерацияланады.

Балқытудың нәтижесінде алынған балқымалар (шлак, штейн немесе қара металл) фурманың астыңғы аймағында қабат-қабат бөліктерге ие болады, ары қарай пештен үздіксіз сифондар арқылы сыртқа шығарылады. Шлактан бөлінген штейнді осы құрылғыда (аппаратта) үздіксіз қара металлға айналғанға дейін конвертирлеуге болады.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Кошимбаев Ш.К., Вуйчик Вольдемар., Шегебаева Ж.Б., Баяндина Г.С. Постановка задач многомерного управления технологическими процессами медеплавильного производства на основе модели с оптимизацией. – Алматы: Вестник КазНТУ, 2013. -№5(99). - С. 32-36.

[2] Кошимбаев Ш.К. Оптимальное управление технологическими процессами металлургического цеха медеплавильного производства. - Алматы: Вестник КазНТУ, 2004. - №4 (67) 2004. – С. 56-60.

[3] Новак В., Перфильева И., Мочкрож И. Математические принципы логики. – Москва: Физматлит, 2006. - С. 352-356.

[4] Уткин Н.И. Производство цветных металлов.– Москва: Интермет Инжиниринг, 2004. – С. 442-456.

[5] Бородин И.Ф., Судник Ю.А. Автоматизация технологических процессов. Москва: Интермет Инжиниринг, 2004. – С. 262-269

[6] Фафурин В.А. Автоматизация технологических процессов и производств. Москва: Интермет Инжиниринг, 2008. С. 317-321.

Иманбекова У. Н., Джунибеков М. Ш., Иманбекова А. Н.

Исследование кинетики процесса плавления медных концентратов

Резюме. Традиционные, наиболее распространенные до настоящего времени в металлургии меди технологические схемы и их аппаратурное оформление характеризуются многочисленными недостатками. Основным их недостатком следует считать многостадийность переработки рудного сырья, что приводит к размазыванию ценных компонентов по различным продуктам и полупродуктам технологии. В результате этого они не обеспечивают достаточной комплексности использования перерабатываемого сырья и высокого извлечения из него всех полезных составляющих. Кроме того, существующие пирометаллургические процессы, и в первую очередь рудные плавки, связаны с большими энергетическими затратами и способствуют сильному загрязнению окружающей среды.

Ключевые слова: шихта, штейн, балкыту.

Imanbekova U. N., Junisbekov M. Sh., Imanbekova A. N.

Study of kinetics of process of melting of copper concentrates

Summary. The traditional, most common, to date in the metallurgy of copper of the technological scheme and their instrumentation are characterized by numerous disadvantages. The main drawback should be considered as the multistage processing of ore raw materials, which leads to a smearing of valuable components in various products and semi-products of technology. As a result, they do not provide enough comprehensive utilization of feedstock and high extraction of all useful components. In addition, the existing pyrometallurgical processes, first and foremost, ore smelting, associated with high energy costs and contribute to a strong pollution of the environment.

Keywords: blend, matte, balito.

УДК 66.081.32, 661.183.2

М. С. Локтева, С. А. Ефремов

(Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Республика Казахстан mariya.m.s@mail.ru)

**ЭФФЕКТИВНОСТЬ СОРБЕНТОВ НА ОСНОВЕ ШУНГИТОВОГО КОНЦЕНТРАТА
ПРИ ОЧИСТКЕ ТЕХНИЧЕСКОЙ ТЕРМИЧЕСКОЙ ФОСФОРНОЙ КИСЛОТЫ**

Аннотация. Исследовано влияние модифицированных хитозаном шунгитовых концентратов (ШК) при очистке технической термической фосфорной кислоты от ионов свинца (Pb), меди (Cu) и кадмия (Cd).

С уменьшением концентрации фосфорной кислоты степень сорбции ионов Pb, Cu и Cd уменьшается, с ростом температуры снижается сорбционная способность модифицированных хитозаном шунгитовых концентратов.

Ключевые слова: фосфорная кислота, шунгитовый концентрат, хитозан, сорбция.

Фосфорная кислота является основным, важнейшим сырьем и промежуточным продуктом в производстве разнообразных веществ [1].

В настоящее время фосфорная кислота является одним из крупнотоннажных продуктов химической промышленности и имеет большое промышленное и хозяйственное значение. Она применяется не только в производстве удобрений, но и в изготовлении технических и пищевых солей, сахарной, керамической, стекольной, текстильной и др. отраслях промышленности [2].

Но в результате интенсивной эксплуатации фосфоритов бассейна Каратау произошло истощение богатых по P₂O₅ (26%) фосфатных руд. В производство вовлекается низкокачественное фосфатное сырье [3]. Вследствие чего, получаемая из такого сырья фосфорная кислота загрязнена соединениями свинца, кадмия, меди, железа, а также твердыми минеральными взвешьями [4]. Поэтому для ряда отраслей фосфорная кислота должна быть очищена от загрязняющих компонентов [2].

Наиболее универсальными и эффективными для достижения глубокой очистки фосфорных кислот являются сорбционные способы с применением естественных сорбционных материалов [5].

В работе использовали модифицированные хитозаном окисленный и неокисленный шунгитовые концентраты месторождения «Большевик», Жарминского района, Восточно-Казахстанской области.

Сорбенты на основе шунгитовых концентратов были получены путем поэтапных действий: обогащения шунгитовой породы методом пенной флотации, брикетирования предварительно

высушенного шунгитового концентрата со связующим через фильеру диаметром 2 мм, предварительно высушенные при 105°С. Шунгитовые брикеты подвергали термической обработке в инертной среде аргона при температуре 700°С, активацией водяным паром и дальнейшим модифицированием полученного сорбента.

Модификацию шунгитовых концентратов осуществляли с получением промежуточной Na- формы, так как хлориды натрия способствуют увеличению количества наиболее активных сорбционных центров. Последующей обработкой Na- шунгитовый концентрат уксусно-кислым раствором хитозана [6] получены модифицированные шунгитовые концентраты (ШК) со следующими характеристиками (таблица 1):

Из данных таблицы видно, что физико-химические характеристики модифицированного хитозаном окисленного ШК незначительно превосходят данные показатели модифицированного хитозаном неокисленного ШК.

Таблица 1. Физико-химические характеристики модифицированных хитозаном окисленного и неокисленного шунгитовых концентратов.

Наименование сорбента	Физико-химические характеристики				
	Удельная поверхность, м ² /г	Сорбционная обменная емкость (СОЕ) по йоду	Сорбционная обменная емкость (СОЕ) по метиленовому голубому	Механическая прочность на истирание	Массовая доля влаги
Модифицированный хитозаном, окисленный ШК	218	14,62	2,2	86,8	0,75
Модифицированный хитозаном, неокисленный ШК	202	10,85	1,8	86,6	0,72

В работе исследовано влияние полученных сорбентов на очистку технической термической фосфорной кислоты (ТФК) от ионов Pb, Cu и Cd при варьировании концентрации кислоты, температуры и соотношения Т(сорбент): Ж(фосфорная кислота) фаз на сорбционную способность сорбентов по отношению к ионам Pb, Cu и Cd.

Влияние вышеуказанных факторов на процесс сорбции Pb, Cu и Cd на системе «техническая термическая фосфорная кислота – модифицированный хитозаном шунгитовый концентрат».

При варьировании концентрации кислоты от 20 до 73%, температуры от 25° до 60°С, при периодическом перемешивании в течение 120 мин и соотношении Т : Ж 1 : 100. Остаточную концентрацию ионов Pb, Cu и Cd в очищаемом растворе кислоты определяли на атомно-абсорбционном спектрометре ААС-1 фирмы «Карл Цейс Йена» в Центре физико-химических методов исследования и анализа КазНУ им. Аль-Фараби.

В результате полученных данных при времени контакта фаз 1 ч установлено, что с уменьшением концентрации ТФК степень извлечения ионов Pb, Cu и Cd снижается (рисунок 1 и рисунок 2).




Рис. 1. Влияние концентрации фосфорной кислоты на степень извлечения ионов Pb, Cu и Cd окисленным ШК модифицированным хитозаном




Рис. 2. Влияние концентрации фосфорной кислоты на степень извлечения ионов Pb, Cu и Cd неокисленным ШК модифицированным хитозаном.

Наибольшая степень извлечения ионов наблюдается из концентрированной ТФК (73 %-ной) окисленным ШК, модифицированным хитозаном. Степени извлечения Cu, Cd и Pb на данном сорбенте равны соответственно: 9,1, 25,8 и 42,2 %, в то время как на неокисленном ШК модифицированным хитозаном степени извлечения Cu, Cd и Pb равны соответственно: 7,9; 1,5 и 12,1 %. Процесс сорбции в данном случае протекает по схеме сорбция→десорбция.

Влияние соотношения Т : Ж на сорбционную способность по отношению к ионам Pb, Cu и Cd исследовали в разбавленной (20 %-ной) и концентрированной (73 %-ной) технических термических фосфорных кислотах (таблица 2).

Таблица 2. Влияние соотношения Т(сорбент) : Ж(ТФК) на сорбцию ионов Pb, Cu и Cd из технической термической фосфорной кислоты.

Соотношение Т:Ж	Степень сорбции ионов, %		
	Pb	Cu	Cd
20 %-ная ТФК, модифицированные хитозаном окисленный и неокисленный ШК			
1:100	0	0	0
1:20	0	0	0
1:10	0	0	0
1:5	0	0	0
73 %-ная ТФК, модифицированный хитозаном окисленный ШК			
1:100	42,2	9,1	25,8
1:20	22,2	0	0
1:10	13,0	0	20,7
1:5	32,2	0	16,7
73 %-ная ТФК, модифицированный хитозаном неокисленный ШК			
1:100	12,1	7,9	1,5
1:20	7,6	0	0
1:10	11,2	0	0,7
1:5	0,9	0	0

Из полученных данных следует, что при соотношении Т : Ж 1:100 наблюдается наибольшая степень извлечения ионов Pb, Cu и Cd по сравнению с другими соотношениями Т : Ж фаз. На степень извлечения оказывает влияние концентрация ТФК. Так, извлечение ионов Pb, Cu и Cd в 20 %-ной ТФК не наблюдается, в то время как, в 73 %-ной ТФК при соотношении Т : Ж 1:100 степень извлечения ионов Pb, Cu и Cd равны соответственно: 42,2; 9,1; 25,8 для модифицированного хитозаном окисленного ШК и 12,1; 7,9; 1,5 для модифицированного хитозаном неокисленного ШК. Также, по данным таблицы установлено, что наибольшей сорбционной способностью обладает модифицированный хитозаном окисленный ШК.

При изучении влияния температуры на очистку ТФК установлено, что с ростом температуры снижается степень извлечения ионов Pb, Cu и Cd (рисунок 3 и рисунок 4).




Рис. 3. Влияние температуры на степень извлечения ионов Pb, Cu и Cd окисленным ШК модифицированным хитозаном в 73 % ТФК




Рис. 4. Влияние температуры на степень извлечения ионов Pb, Cu и Cd неокисленным ШК модифицированным хитозаном в 73 % ТФК

Как видно из рисунков 3 и 4, степень извлечения ионов Pb, Cu и Cd снижается от 25 до 60 °C. При 25 °C степени извлечения Pb, Cu и Cd равны соответственно: 42,2; 9,4 и 26,1% окисленным ШК модифицированным хитозаном, а при 60 °C :7,84%; 0%; 5,23% и 12,1; 7,9 и 1,5 неокисленным ШК модифицированным хитозаном, а при 60 °C :8,7%; 0; 0. Процесс сорбции в данном случае протекает по схеме сорбция→десорбция.

Таким образом, изучив влияние модифицированных хитозаном окисленного и неокисленного шунгитовых концентратов установлено, что данные виды сорбентов проявляют эффективность при очистке технической термической фосфорной кислоты от Pb, Cu и Cd.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Смирнова Д.А. Химия в промышленности.- Москва: «Просвещение», 1983-102 с.
- [2] Namidpour M., Kalbasi M., Afyuni M., Shariatmadari H., Holm P.E., Hansen C.B. Sorption hysteresis of Cd(II) and Pb(II) on natural zeolite and bentonite //J. Hazard. Mater.-2010.- Vol.181, №1. -P.686-691.
- [3] Ahmed A.E., Homam M. S., Mohammad A. M., Moustafa I. A. Purification of phosphoric acid by minimizing iron, copper, cadmium and fluoride //Sep. Purif. Tech.-2008.- Vol.61, №3. -P.287-292.
- [4] El-Sofany E., Zaher W., Aly F. Sorption potential of impregnated charcoal for removal of heavy metals from phosphoric acid //J. Haz. Mat.-2009.- Vol.165, №3. -P.623-629.
- [5] Баталова Ш.Б. Физико-химические и каталитические свойства вермикулитов. -Алматы: Наука, 1982. -148 с.
- [6] Ulla Wingenfelder, Bernard Nowack, Gerhard Furrer, Rainer Schulin Adsorbtion of Pb and Cd by amine-modified zeolite // Water Research 39 (2005) 3287-3297.

Локтева М. С., Ефремов С. А.

Шунгит концентратының негізіндегі сорбенттердің техникалық термиялық жолмен алынған форфор қышқылын тазартудағы тиімділігі

Түйіндеме. Хитозанмен модифицирлен шунгит концентраттарының техникалық термиялық форфор қышқылын қорғасын (Pb), мыс (Cu) және кадмий (Cd) иондарынан тазартуындағы әсері зерттелді.

Фосфор қышқылының концентрациясы кеміген сайын Pb, Cu және Cd сорбция дәрежесі төмендейді, температура жоғарылаған кезде хитозанмен модифицирленген шунгит концентраттарының сорбциялық қабілеті азаяды.

Түйін сөздер: фосфор қышқылы, шунгит концентраты, хитозан, сорбция.

Lokteva M. S, Efremov S. A.

Effectiveness of sorbents on the basis of the shungite concentrate when cleaning the technical thermal phosphoric acid

Summary: Influence modified by chitosan the shungite of concentrates (SC) when cleaning a technical thermal phosphoric acid of ions of lead (Pb), copper (SI) and cadmium (CD) is investigated.

With decrease of concentration of a phosphoric acid degree of a sorption of ions of Pb, Cu and Cd decreases, and with the increase of temperature decreases the sorption capacity of modified chitosan shungite concentrates.

Keywords: phosphoric acid, shungite concentrate, chitosan, sorption.

УДК 669.09: 553.463

Р. С. Адамбаева, А. Т. Альпенсов

(Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И.Сатпаева,
Алматы, Республика Казахстан)

ПЕРЕРАБОТКА МИНЕРАЛЬНЫХ ОТХОДОВ УГЛЕЙ ЭКИБАСТУЗСКОГО МЕСТОРОЖДЕНИЯ МЕТОДОМ ХЛОРИРОВАНИЯ

Аннотация: Приведены результаты исследований по переработке минеральных отходов углей Экибастузского месторождения хлорированием. Изучен процесс подготовки экибастузской золы к процессу хлорирования, гранулированием. Установлены оптимальные условия получения гранул, в качестве восстановителя использовалась порода внутренней вскрыши (ПВВ), с известным химическим составом. Расчетным путем подобран состав исследуемой шихты: 50% золы и 50 % ПВВ.

Исследование процесса хлорирования гранулированной золы проводилось в фильтрующем слое в кварцевом реакторе диаметром 57 мм и высотой 600 мм. Для подачи, регулировки расхода хлора, аргона, конденсации и улавливания продуктов хлорирования использовалась общеизвестная система аппаратов. Так же изучено поведение основных составляющих золы при оптимальных условиях хлорирования: алюминия, железа и кремния.

Ключевые слова: Исследование, минеральные отходы, Экибастузская зола, хлорирование, шихта, гранулирование, восстановитель, вскрышная порода, хлориды

Введение. Хлор является весьма активным реагентом. При высоких температурах он способен вытеснить серу из сульфидов, а в присутствии восстановителей хлорировать окислы различных металлов и вытеснить из сульфатов, фосфатов, силикатов кислородные соединения серы, фосфора, кремния с образованием соответствующих хлоридов. Это используют в технологии благородных и цветных металлов при рафинировании золота, алюминия, свинца и олова, а также в металлургии титана и редких металлов - циркония, тантала, ниобия.

Сырьем для получения хлорида алюминия могут служить: нефелины, алуныты, низкокачественные бокситы, силлиманиты, каолиновые глины, отходы углеобогащения и угледобычи [1]. Хлорный способ получения алюминия по сравнению с традиционным электролизом криолито-глиноземных расплавов позволяет существенно снизить расход электроэнергии при электролизе хлорида алюминия. Успешная реализация этого способа возможна на основе качественной перестройки технологии и аппаратуры. Создание крупномасштабной регенерации хлора и практически изолированной технологии позволит обеспечить благоприятные условия для охраны окружающей среды.

Получение хлорида алюминия - одна из основных проблем хлорной технологии производства алюминия, которая обусловлена хлорированием оксида алюминия, имеющего высокую реакционную способность по отношению к хлору.

